



КАЗАКСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫ

# ЕЛМЕН СЫРЛАСУ

XIII ТОМ



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ

Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ

НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВ

**ЕЛМЕН СЫРЛАСУ**

СӘЗДЕР, СҰХБАТТАР

XIII ТОМ



KULTECİN

АСТАНА

2012

УДК 323/324 (574)  
ББК 66. 3 9(5 Каз)  
Н17

*Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Акпарат  
және мұрағат комитеті "Әдебиеттің өлеуметтік маңызды түрлерін  
басып шығару" бағдарламасы бойынша шығарылды*

Жобаның авторы: **М. ЖОЛДАСБЕКОВ,**  
филология ғылымдарының докторы, профессор

Ғылыми кеңесші: **М. ҚАСЫМБЕКОВ,**  
саясат ғылымдарының докторы

Жалпы редакциясын басқарған: **Е. СЫДЫҚОВ,**  
тарих ғылымдарының докторы, профессор

**Н17 Нұрсұлтан Назарбаев. ЕЛМЕН СЫРЛАСУ.** көп томдық жинағы. - Астана:  
"Күлтегін" баспасы, 2012. Т.13. - 208 б.  
ISBN 978-601-7318-25-3

"Елмен сырласу" – Төуелсіз Қазақстан мемлекеттігінің негізін қалаушы, оның тұнғыш Президенті Н. Назарбаевтың халық алдындағы тарихи парызын терең сезіне біletтін азаттық жауапкершілігін, тұрақтылық пен ұлтаралық татулық идеясын Қазақстан аясындаған жүзеге асырып қоймай, әлемдік деңгейге көтерген көрекендігін, әлемдік деңгейдең қайраткерлігін айқара ашып көрсететін көп томдық шығарма.

Басылымда Н. Назарбаевтың қоғам дамуының 1997 жылдың бірінші жартысындағы өнегелілікпен өрілген баяндамалары, мәлімдемелері, ақпарат құралдары өкілдеріне берген сұхбаттары, оқыған дәрістері енгізілген.

Кітап тарихшыларға, саясаттанушыларға, саясатшыларға, жоғарғы оку орындарының оқытушылары мен студенттеріне, сондай-ақ өз елінің тарихын танып білуге зейін қойған жалпы оқырмандарға арналған.

УДК 323/324 (574)  
ББК 66. 3 9(5 Каз)

ISBN 978-601-7318-25-3 (Т.13.)

ISBN 9965-642-78-8

© «Күлтегін» баспасы, 2012





**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ  
Н. Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫН ЖАҢА ЖЫЛДЫҚ  
ҚҰТТЫҚТАУЫ\***

*Алматы, 1 қаңтар 1997 жыл*

**Қымбатты отандастар!**

Міне, 1996 жыл да аяқталды. Жаңа, 1997 жыл табалдырығымыздан аттады.

Өткен жылдың қорытындыларын шығара келіп, біздің әрқайсымыз жаңа жылды жаңа үміттермен, жаңа ұмтылыстармен байланыстырамыз.

Өткен жыл біздің еліміз үшін, әрбір қазақстандық үшін қандай айрықша оқиғаларымен айтулы болды? Ең алдымен ол республика тарихында ерекше кезеңге айналды. Біз мемлекеттік Төуелсіздігіміздің бес жылын және экономикалық дербестігіміздің үш жылын атап өттік. Бірақ ең бастысы, осы уақыт ішінде экономикалық, саяси және қоғамдық өмірдің барлық салаларында белгіленетін түбебейлі реформалар жолымен үдайы ілгерілей түскенімізді толық негізben атамыз.

Қазақстанның кеңес дәүірінен кейінгі басқа елдермен салыстырғанда айтартықтай зор табыстарға қол жеткізгені – осындай дәйектіліктің нәтижесі. 1996 жыл біз үшін соңғы жеті жыл ішінде республикада өндірістің құлдырауын тоқтатудың сәті түскен тұнғыш жыл болды. Оның үстіне өткен жылы өнеркәсіп өнімін шығару жарты процентке үлгайды, ал селодагы өндіріс жеті процентке өсті. Орташа айлық жалақы 7,6 мың теңгеге дейін қөтерілді. Жылдық инфляция 1995 жылғы алпыс процентпен салыстырғанда шамамен отыз процент деңгейіне дейін төмөнделді. Төуелсіздіктің соңғы бес жылы ішінде тұнғыш рет біздің екі палаталы Парламенттің Үкіметпен сындарлы жұмыс істей отырып, жаңа жылдың бюджетін ол басталғанға дейін қабылдады. 1997 жылдың бюджетінде, атап айтқанда, жалақыны 2-3 процент көтеру көзделеп отыр, сондай-ақ стипендия да көбейтіледі. Ауыл шаруашылығын қолдауға қосымша қаржы бөлу туралы мәселе шешілді.

Көптеген басқа елдерге қарағанда бұл жылдардың біз үшін азаматтық тыныштық, ұлтаралық тұрақтылық және рухани келісім уақыты болғаны

\* "Егемен Қазақстан" газеті, 1 қаңтар 1997 жыл.

қанағат сезімін туғызбай тұра алмайды. Біздің бәріміз топтасуға, қүш-жігерді біріктіруге қаншалықты мұдделі екенімізді түсіндік қой деген сенімдемін. Әйткені біз өз үлесімізге тиғен қынышылықтарды бір жағадан бас, бір жеңен қол шығара отырып қана жеңе аламыз.

Сіздердің әрқайсыларыңызға кейде аса құрделі өмірлік кедергілерді женуге тұра келетінін мен жақсы білемін. Және де қалыптасып отырған жағдайға түсіністікпен қарағандарыңыз үшін, менің қымбатты жерлестерім, сіздерге деген ризашылығым шексіз. Қолайсыз жағдайларға қарамастан өз істеріңізben – болат балқытумен, астық өсірумен, үй салумен, бала-шағаларыңызды өсіріп, тәрбиелеумен байсалдылықпен,abyroimен атқарып келесіздер. Қажырлы еңбектеріңізben сіздер біздің мемлекетімізді, оның тәуелсіздігін нығайтуға өз үлестеріңізді қосып отырсыздар. Жанқиярлық еңбектеріңіз бен қолдауларыңыз үшін зор алғыс айтамын. Мұның өзі қүш-жігерді молайтып, мені де еселенген жігермен жұмыс істеуге жетелейді.

Сіздерді Жаңа 1997 жылмен шын жүректен құттықтаймын! Бұл жыл әрбір қазақстандық үшін асқарлы асу жыл болсын, барлық жоспарлар мен арман-мұдделер орындалсын. Сіздерге, қымбатты отандастарым, мықты денсаулық, мол иглік, зор табыс, мерекелік көтеріңкі көңіл-күй тілеймін. Сіздердің шаңырақтарыңыздан әрқашан береке-бірлік, татулық кетпесін! Сіздердің барлық үміттеріңіз жүзеге ассын, сіздерге, туған-туысқандарыңыз бен жақын-жыуықтарыңызға бақыт тілеймін!

Жаңа жылдарыңызben, құрметті ағайын!

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫң ПРЕЗИДЕНТІ  
Н. Ә. НАЗАРБАЕВТЫң ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНА ИССАПАРМЕН  
БАРҒАН КЕЗДЕГІ СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ\***

**Тараз, 8 қаңтар 1997 жыл**

Жаңа жылдың басында бірінші рет ел аралап шығып отырып, осындай үлкен бір қасиетті шаруаны бастап отырмын. Мынау Қарахан бабамыздың жатқан жерінің жаңында Әулиеата деген үлкен мешіттің ашылуы біздің болашақ рухани байлығымыздың бір діңгегі болып саналады. Осы мешіт арқылы елдің басын қосып, өзіміздің мәдениетіміз бен дінімізге келеміз. Сол арқылы Қарахан бабаны жұртқа паш етеміз. Тәуелсіздігімізді осы бабаларымыздың аруағы желеп-жебеп жүрсін. Тараз қаласының кіндігіндегі болашақ Әулиеата мешітінің алғашқы тасын қаладық. Келешектегі 2100 жылдың үрпағына жазылған Қазақстанның тұнғыш Президентінің "Аманат хаты" темір құтыға салынып, болашақ мешіт іргесіндегі мәрмәр тастың астына орнатылды.

Бұл хат тау мен даланы, өзен мен мұхитты емес, уақыт атты құдіретті дарияны қөктей өтіп, 2100 жылғы үрпақтың қолдарына тимек. Заман қандай болады ол кезде? Әйтеуір, елің мен елдігің мәңгілік болсын, келешек үрпақ!

"Жамбыл облысының жергілікті атқарушы орындарының өтінішін және жүртшылығының тілегін ескере келіп, Қазақстан Республикасының Үкіметі жаңындағы Мемлекеттік ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде қаулы етемін: Жамбыл облысының орталығы – Жамбыл қаласының аты Тараз қаласы болып өзгертулсін". Жамбыл бабамыздың аруағы да риза болсын. Облыстың аты Жамбыл облысы болып қала береді. Қаланың аты – байырғы Тараз. Қазақстан жерінде баяғы Жібек жолынан бері қарай барлық карталарда белгіленген екі-ақ қала бар. Біреуі – Тараз, екіншісі – Жаркент. Сондықтан біздің көне тарихымыз бар екенін дүние жүзіне таныту үшін осы шешім дұрыс болар деп санаймын.

**Нұрсұлтан Әбішұлының жаңадан ашылған Жамбыл университетінің профессорларымен, оқытушыларымен және студенттерімен өткен**

\* "Егемен Қазақстан" газеті, 10 қаңтар 1997 жыл.

*кездесуі де тағылымды болды. Елбасы жиналғандардың алдында қысқаша сөз сөйлемеді.*

– Болашақ XXI ғасырдың өркениетті мемлекеттеріне сай болу үшін алыс жақын көршілерімізден көшіміз қалмауы тиіс. Көптеген мемлекеттер бізден озып кетті. Енді кешеуілдеуге ешқандай қақымыз жоқ. Алдағы ғасырда елімізге ие болатын бүгінгі студенттер, жастар. Бұл – бір мәселе.

Екінші мәселе, ата-бабаларымыз коммунистік идеямен 74 жыл өмір сүрді. Оларға да ешқандай кінә тақпау керек. Қазақстан өркениетті елдермен терезесі тен өл болуы керек. Ол үшін талпыныс өте көп. Мемлекет өр азаматқа, әр адамға қай жерде жұмыс істесе де: жермен шаруа жасайсың ба, малмен байисың ба, ғылыммен, біліммен, өнермен боласың ба, әлде басқа салада жұмыс істейсің бе, өзінің заңымен, өзінің шығарған қаулыларымен жағдайын жасап береді. Әрі қарай әр азаматтың өзіне байланысты. Жұмыс істеу керек. Еркін ойлы қазақпаз бүгін. Азат елміз. Біз болашақта қандай мемлекет боламыз – бәрі жастар сендердің қолдарында.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ  
Н. Ә. НАЗАРБАЕВТЫң "НЕЗАВИСИМАЯ" ГАЗЕТИНІҢ  
КОРРЕСПОНДЕНТІ ЮРИЙ КОЗЛОВПЕН СҰХБАТЫ\***

*Алматы, 16 қаңтар 1997 жыл*

**"РЕСЕЙ ДОСТАСТЫҚТЫҢ ӨЗЕГІ БОЛА АЛАТЫН ЕДІ,  
БІРАҚ БОЛА АЛМАДЫ"**

**Ю. Козлов:**

– Нұрсұлтан Әбішұлы, Тәуелсіз мемлекеттер Достастығының бұрынғы КСРО қауымдастығының шын жаңа түрі ретінде жолы болмады деген әңгімені барған сайын жиі естітін болдық. Осыдан бес жыл бұрын жаңа тәуелсіз мемлекеттер бір-біріне қазіргіден гөрі анағұрлым жақын еді. Бізді "ұлттық пәтерлерге" таратып жүрген қандай күш? Қашанға дейін ТМД бірігу үшін алдымен ажырасу керек деген лениндік мәңгілік ұранға ере береді? Мұндай жағдайда болмай тұрмайтын мемлекеттік оптимизмнен бас тарта тұрсақ және ТМД-ны белгілі ертеғідегі ауруға теңесек, Сіздің пікіріңізше пациент тірірек пе, әлде өлірек пе?

**Н. Назарбаев:**

– Бұл пациенттің қазір қандай күйде екендігін білу үшін, оның сырқатының тарихына көз салу керек. Мен ТМД-дағы бүгінгі жағдай Достастықтағы мемлекеттердің әрқайсында жеке-жеке жүріп жатқан процестердің логикалық салдары деп есептеймін. Алғашында әлдебір сөнімсіздік орын алды. Барлығы да өз мемлекеттерін нығайтумен белсенді айналысып, айдындағы айтылатын ұранға айналған қызметтестіктің қаншалықты тен құқылы болатындығына көз жеткізгісі келді.

Достастық елдерінің әрқайсындағы экономикалық реформаларының нәтижелерінің деңгейі де айтартықтай маңызды еді. Реформалар әр жерде әр түрлі әр алуан жылдамдықпен, әр алуан сапамен, ал бастысы – әр алуан актық нәтижемен жүрді және жүріп келеді. Достастық елдеріндегі бұл процестерге қазір жан-жақты баға беру мен үшін қыын. Бірақ ТМД ішіндегі интеграцияның жылдамдығы мен сапасы оған қатысушы елдердің нарықтық "ілгерілігінің" деңгейіне тікелей байланысты десем, жаңылмаспын деп ойлаймын.

\* "Егемен Қазақстан" газеті, 21 қаңтар 1997 жыл.

Бұғындері біз іс жүзінде өзіміздің ұлттық экономикаларымыздың шын мәнінде нарықтық сипат алған және бәрі ойдағыдан болғанда өзара тиімді экономикалық қарым-қатынастарға өз-өзіне кірігіп кетуге тиіс бөліктерін ғана үштастыра апамыз. Мен тап осы обьективті фактор өзінін қүшіеюіне қарай, біздің мемлекеттерімізді ТМД бола ма, әлде басқа бола ма, әйтеуір жаңа қауымдастыққа тұрақты түрде "тарта түсер" деп үміттенемін. Саяси емес, дәлме-дәлдік, сипат үйлесімділігі, бағыттылық, сапа және қарқын тәрізді таза экономикалық факторлар бірінші кезекке шығатын болады.

Әрине, интеграциялық процестерге жаңа тәуелсіз мемлекеттердің көпшілігінде білімді де білікті реформаторлық командалардың болмауы әсер етпей қойған жоқ. Бұрынғы КСРО-дан нарықтық реформалардың мақсаттары мен міндеттерін дәл және дұрыс есептеп, айқындауға қабілетті, ең бастысы – оларды өз елінің ұлттық ерекшеліктері мен мұдделеріне сәйкес түзетіп, нақты өмір тәжірибесіне орай жүзеге асыратын адамдар шықпады.

### **Ю. Козлов:**

– Сіз Гайдар және оның командасын айтып отырсыз ба? Оларға кінә тағушылар көп, бірақ осыған дейін оларды ТМД-дағы істің онға баспағаны үшін айыптаған ешкім болмап еді...

### **Н. Назарбаев:**

– Керісінше, мен Ресейдегі реформаларды шындал қозғап жіберген дәл солар деп есептеймін. Намысқой, өздерін жоғары бағалайтын бұл білімді жастар не істеу керектігін білді, бірақ, өкінішке орай қалай істеу керек екендігін білмеді. КСРО құлағаннан кейін олардың интеграцияға деген көзқарасы бір ғана тұжырымға негізделді. Ол Ресей "бос салмақтан" құтылуы керек дегенге саятын. "Бос салмақ" деген ұғымға кешегі КСРО республикаларының көпшілігі жатқызылды.

Сол кездегі Ресей үкіметі өз көршілерін оқыс, кейде астамшылықпен кеудеден итере отырып, реформа жолында бәрін басып озамыз деп ойлады. Олардың есебі бойынша, көршілер "тізерлеп" қала беруге, кері кетуге, ал содан кейін өз "вагоншаларын" ресейлік реформа "локомотивіне" тіркеуге рұқсат алу үшін кезекке тұруы тиіс еді. Мен қазір бұл туралы барынша ашық айта аламын, өйткені, осыдан бес жыл бұрын сол драманың қатысуышы болғанмын.

Мүмкін, бұл жас ресейлік реформаторлар командасының шағын экономикалық алаңдағы тактикалық ұтысы болған да шығар. Бірақ ол ақыр аяғында саяси алаңдағы стратегиялық ұтылысқа әкеп соқты. Ресей үкіметінің сондағы "экономикалық өзімшілдігі" ең алдымен ортақ валютадан, бірыңғай халық шаруашылығы кешенінен ат-тонын ала қашумен байланысты болды. Бұл бәрінен бұрын интеграциялық процестерге қайта қалпына келмес теріс әсер тигізді.

Иә, біз – Ресейдің көршілері мен одақтастары – сол жолы "қораптан түсіп" қалдық. Біздің кейбіреулерімізге қазір де онай емес. Бірақ қыындықтар тәуелсіздік пен мемлекеттіліктен бас тартуға дейін құлдыратқан жок, қайта оларды тұрақты түрде нығайта тұсуге қозғаушы болды.

Бірте-бірте ТМД елдері өз құштерімен экономикалық тоқыраудан шығып келеді, ал кейбір жағдайларда реформа жолында Ресейдің алдына тусе де бастады. Бүгін, ашығын айтсақ, ресейлік реформалар локомотиві әзер тартып келеді. Мұндай составқа бас-көзге қарамай тіркеле кетуге кім құштар дейсің? Сенсөніз, мен мұны жана шырлықпен және өкінішпен айтып тұрмын. Мен Ресей алға қарай жеделдете қозғалатындығына сенгім келеді. Сонда ғана біздің берімізде де оның қасында болуға деген, реформалар жолымен бірлесе құш-жігер жұмысап, бірге өтуге деген табиғи тілек пайда болады. Ал әзірге біз өз құшімізben алға басуға мәжбүр болып отырмыз: баяу, қыын, бірақ өз құшімізben.

### **Ю. Козлов:**

– Нұрсұлтан Әбішұлы, Сіздің пікірінізше, Ресейдегі экономикалық реформалар қазір неге бәсекесіп қалды?

### **Н. Назарбаев:**

– Олар Гайдардың кезінде-ақ бәсекси бастаған. Оның көптеген обьектівті және субъективті себептері бар. Олар жайлы ең алдымен Ресейдің өз лидерлері ойланғаны жөн ғой деп есептеймін. Меніңше, бұл ретте саяси күрес, Ресейдегі саяси элитаның бірнеше ұсақ топтарға бөлініп-жарылуы, сол сияқты өте көп құш-жігер және қаржы жұмысауды қажет ететін перманентті сайлау науқандары біршама теріс рөл атқарды және атқарып келеді.

### **Ю. Козлов:**

– Осы жылдар ішінде Сіз интеграцияның белсененді қолдаушысы, әр түрлі келісімдердің, одақтардың, бірлестіктердің "өкіл әкесі" – бұл тіркес қазір Ресейде өте көп тараған – ретінде белгілі болдыңыз. Бірақ соңғы кезде көбіне үнсіз қалып жүрсіз. Әлде Сіз сайлау алдында айтылып, бірақ тез ұмытылатын емес, нағыз шынайы интеграцияның мүмкіндіктеріне мүлдем сенбейтін болдыңыз ба? Қалай ойлайсыз, Нұрсұлтан Әбішұлы, ТМД, мәселенки, екі мыңыншы жылға дейін өмір сүре алар ма екен?

### **Н. Назарбаев:**

– ТМД-ның бес жылдық тарихын мен шартты түрде екі кезеңге бөлөр едім. Біріншісі – 1991–1992 жылдар аралығы. Ол кезде Достастыққа деген қажеттіліктің көптеген обьективті себептері бар болатын. Егер саяси-психологиялық түрғыдағы себептерді сөз етсек, бұл бірқатар экономикалық және әлеуметтік жағдайларда біз беріміз де өзімізді біршама тыныш әрі жайлы сезінген үйреншікті бірынғай зор мемлекетке деген табиғи өткендей көксеушілік

еді. Айтпақшы, ТМД бойынша қабылданған құжаттардың бірінші бунасы көп ретте бұл талаптарға жауап беретін. Онда бірынғай экономикалық, құқықтық, әскери-қорғаныс кеңістігі, ортақ валюта болатындығы ашып көрсетілді. Мұның өзі өлі жұмыс істеп түрған одақтық өнеркәсіптерге, іс үстіндегі технологиялық байланыстарға, барлық негізгі салалардағы еңбек бөлінісі бұныңдарының өзара тығыз байланыстылығына негізделген болатын. Ол кезде біз сақтап қалуға ұмтылатын құндылықтар өлі бар еді. Мен Қазақстанды Ресей және Достастықтың басқа мемлекеттерімен бірге валюталық және технологиялық біртұтас кеңістікте ұстап қалу үшін қолдан келетіннің де, келмейтіннің де бәрін жасадым. Бірақ, өкінішке орай, Ресейдің даму бағыты басқа жаққа қарай бұрылып кетті. Ресей басшылығы Достастықтың табиғи өзегі, орталығы, ядросы болу мүмкіндігін ұystan шығарып алды. Одан кейінгі жылдары, барлық ТМД елдерінде бірдей экономикалық құлдырауға жол берілуге байланысты, бұрынғы негізде ынтымақтасу мүмкіндігі барған сайын азая тусты.

1993 жылы біз Достастық тірлігінің екінші кезеңіне аяқ бастық. Ол өндірістің күрт құлдырауымен, индустрія алыптарының барлық жерде бірдей тоқтап қалуымен, көптеген орта және шағын кәсіпорындардың, зауыттар мен фабриктердің жойылуымен, бұрынғы өндірістік циклдердің мұлдем бұзылуымен сипатталды. Тоқырау құбылыстары бірынғай энергетикалық жүйе, тасымал, байланыс саласы тәрізді, былайша қарағанда, әлсіреуі тіпті мүмкін емес бұрынғы одақтың аса құдіретті жүйелерінде де етек алды. Қазір негізінен айтыла бермейтін ұлттық элитаның аймақтық мұдделері сияқты фактор да барған сайын кертартпа рөл атқара тусты. Олар саясат пен экономикадаған емес, идеологияда да айтарлықтай көрініс таба бастады. Еуразия халықтары арасындағы ғасырлар бойы қалыптасқан салауатты мәдени және рухани байланыстарға қасақана балта шабыла бастады. ТМД мемлекеттерінде билік және қылмыстық жүйелердің ең бір сиықсыз симбиозы қалыптаса бастады. Тап осындағы қатерлі тенденциялар мені 1994 жылы Еуразия одағы идеясын ұсынуға итермеледі.

Бірақ интеграцияға шақыру, біздің халықтарымыздың ортақ тарихи таралы туралы мәлімдеу көбіне жаңа элиталық топтардың мұдделеріне тікелей қайшы келді. Осы кезде ТМД елдерінің көшілігінде кейін іс жүзінде барлық жерде экономикалық және саяси реформаларға тұсау салған мемлекеттіліктің қылмыстық компоненттерінің негіздері қалана бастады. Шикізат пен капиталды қылмыстық жолмен жаппай шет мемлекеттерге шығарып жатқанда, сан алуан қаржы пирамидалары мен "бос ауа" банкілері құрылып жатқан тұста қандай реформалар жөнінде сөз болуы мүмкін еді? Достастық елдері экономикасында алдау, сыйбайлостьюқ пен бейәдептілік өктемдік ете бастады. Осындағы жағдайда Еуразиялық одақ туралы идеяға біршама тосырқау танытылуы әбден табиғи еді. Төуелсіздік тарихының бұл қылмысты – тұра осылай деп атайды – кезеңі өткен жылдың аяғына дейін созылды (оның аяқталғанына сенгіміз келеді).

1997 жылды біз ТМД тірлігінің жаңа кезеңіне аяқ басып отырмыз. Егер Достастық таяу арада тарап кетпесе, ол мүмкін, өлі де 5 – 10 жыл өмір сүріп қалар. Дәл осы мерзім ішінде Достастыққа мүше елдердің шын мәніндегі өзара мұдделілігіне құрылған іс жүзіндегі интеграцияның негізі қаланар дег үміттенемін. Тек сонда ғана бізде қазір Батыс Еуропада және Азия-Тынық мұхит аймағында орын алып отырған толыққанды, еркениетті интеграциялық процестер жүзеге аса бастайды. ТМД елдері үшін Батыс Еуропа тәжірибесін негізге ала отырып, Еуразиялық интеграция жолымен жүру ен тәуір таңдау болар еді. Бірақ бұл "ұлкен" және "кіші" ағайынға бөлінбейтін тен құқылды интеграция болуға тиіс.

### **Ю. Козлов:**

– Бір сөзben айтқанда, Сіз ТМД қызметін үйлестіретін және бағыттайтын қазіргі көптеген ұйымдар толық тиімді жұмыс істеп отырған жоқ дег есептейсіз ғой?

### **Н. Назарбаев:**

– ТМД-ның жұмыс істеп жатқан ұйымдарын олардың тиімсіздігіне байланыстырып жойып жіберудің қажеті жоқ. Мейлі, олар біздің болашақ қарым-қатынастарымыздың тетіктерін "жоғарыдан" модельдеп, таза ақылдасу-кеңесу тәртібінде болсын, өз жұмысын жалғастыра берсін. Бірақ мұның бәрі өзірге "құрғап қалған" каналдарды өмірдің өзі "жанды" сумен толтырғанда ғана қажет болады.

Әңгіме біздің алдымызда тұрған міндеттерді түсінудің жаңа сапалық деңгейі туралы болып отыр. Басынан-ақ ТМД төнірегінде, оның өткені, бүгіні мен болашағы туралы толып жатқан аңыздар жүйесі қалыптаса бастады. Оларды саясатшылар өз мақсаттарына, мысалы сайлау кезіндегі куресте, пайдаланып жүр. Енді сөз іс жүзіндегі ТМД институттары емес, саясатшылардың қиялышында ма, қағазда ма, әйтеуір бір аяғы жерге тимеген, достастық елдері лидерлерінің тап болған жағдайына орай өзгере салатын бірдемелер жөнінде болып жүр.

Жоғары дәрежелі кездесулер қарсаңында мен өзім үшін интеграция процестеріне жәрдемдесетін бірнеше факторды айқындағы алуға тырысқан едім.

Алдымен қатысушыларды өлдебір баршаға ортақ ішкі немесе сыртқы қауіп біріктіре алар еді.

Екіншіден – бұл құрылуға тиіс бірлестікке қатысушылардың барлығына бірдей жақын идея.

Үшіншіден – бұл әрқайсына нақты практикалық қайтарым, ұтыс, пайда беретін ортақ экономикалық қажеттілік.

Тағы бір міндетті шарт – іс жүзіндегі тартылыс орталығы. Мұндай міндетті жедел дамып, гүлденіп келе жатқан мемлекет – экономикалық даму моделі көршілер үшін тартымды аймақтық лидер ғана атқара алады. Осындай орталық төнірегінде ғана басқалар табиғи түрде үйіріле бастайтын болады.

Бұғандері ТМД елдері үшін олардың ұлттық және аймақтық амбицияларын басып, бірігүе мәжбүр ететін нақты қауіп бар ма? Ол мүмкін болашақта туар, ал қазір біз анық әрі ортақ қауіпті әлі сезініп отырган жоқпыз. ТМД-ның өр мемлекетінде де, басқалардың онша жұмысы жоқ, өз проблемалары бар. Яғни, бұл фактор бірігуді тездетуге бастайтын стимул бола алмайды.

Бұғандері бізде интеграцияға шақырып, итермелейтін ортақ идеялар да, тартымды идеялар да жоқ. Мен ауқымдылығы жағынан соларды жүзеге асырамыз деп 70 жыл бойы бірге болған идеяларға тең ғаламдық идеялар туралы айтып отырмын.

Бұғандері біздердің қарым-қатынастарымызда Еуропа елдерін өзара интеграцияға ынталандырып отырган өзара тиімді материалдық-экономикалық-мұдделермен, тіпті, жобалап салыстыруға келетін де мұдделерді бөле-жара атая қыын.

Және, ең соңында ТМД-да барлық елдер үшін тартымды ел, көршілері өз еркімен жақындасуға үмтүлған орталық бар ма өзі?

#### **Ю. Козлов:**

– 1997 жылдан бастап "тұрлаулы" деп жарияланған, Президенті де, Премьер-министрі де, тіпті, оппозициясы да – бәрі реформаларды қолдайтын, дауласа қалғанның өзінде оларды жүргізу әдістері жөнінде ғана таласатын Ресейді қайда қоясыз?

#### **Н. Назарбаев:**

– Одақ аумағында өткен бүкіл өміріміздің логикасына салсақ, ТМД-ның орталығы, өзегі нақ осы Ресей бола алатын және болуға тиіс еді. Бірақ – мұны зор өкінішпен айтамын – бірқатар объективті және субъективті себептердің салдарынан бола алмады. Оның үстіне ТМД-ға қатысты бірқатар ішкі мәселелерге байланысты Ресей керегар саясат жүргізіп, ең жақын одақтарын өзіне тартудың орнына кеудесінен көріп отыр.

#### **Ю. Козлов:**

– Сіздің пікіріңізше бұл нақты қалай көрініс тауып келеді?

#### **Н. Назарбаев:**

– Ресей ТМД-дағы ішкі ахуалға бұғандері жасап отырган он әсерлерінен әлдеқайда басымырақ ықпал жасай алар еді. Егер Ресей басшылығының Достастықта көзқарасын барынша жалпы тұрғыдан талдасақ бірқатар көзге бадырайып көрініп тұрған керегарлықтарға назар аудармай болмас еді.

Бір жағынан біз көптеген құжаттарға қол қоямыз, бірлескен жобалар мен бағдарламалар бар, яғни сырт қараганда айтарлықтай жұмыс істелініп жатқан тәрізді. Екінші жағынан алғанда, өзінің жақын одақтарына теріс қарау орын алып отыр. Мысалға, ресейлік аса ірі бүқаралық ақпарат құралдарын

алайық. Олардан бұрынғы КСРО республикалары туралы объективті материалдарды шырақ жағып іздесеніз де таба алмаймыз. Әдетте, өңкей бір кемшіліктер көрсетіліп жатады, әрі кеткенде бейтарап, бірақ міндетті түрдө астарында мысқыл жатқан материалдар жарияланады.

Ресейге зор ақпараттық кеңістік "мұраға" қалды. Ресей теледидары бүкіл бұрынғы КСРО кеңістігінде басым орын алады. Бірақ езінің көршілеріне, жақын одақтастарына құрметпен қарайтын шын мәнінде ұлы мемлекет болғанда ғана бұл ақпараттық ықпалды сақтап қалуға болады. Тіпті ондай жағдайда ақпаратқа монополия жасау мүмкін де, қажетті де емес болып қалады.

Ал қазіргі жағдай қандай? ОРТ басшылығы бірінші каналдың эфирінен "Мир" бағдарламасын алып таставы. Мұның өзі мемлекетаралық келісімдерді бұзу және ТМД елдеріне берілетін информацияның жалғыз объективті көзін жою деген сез. Ал Ресей теледидары аса ірі халықаралық форумдарды, тіпті ТМД саммиттерінің езін қалай көрсетіп жүр? Ресей теледидары Достастық елдер президенттерінің барлығын бірдей көрсете ме? Ол көрермендерге – ал олар Ресей азаматтарымен ғана шектелмейді – президенттер сөздерінің тым болмағанда тақырыбының нә екені туралы айта ма?

Иә, бірыңғай ақпараттық кеңістік туралы көп жақсы сөздер айтылып жүр. Тек онда біздің мұдделеріміз ескерілмейтін болса, ол кеңістіктің бізге қажеті қанша?

Немесе жақындағы Белоруссиядағы шиеленісті алайық. Ресейге одан жақын одақтас жоқ сияқты. Бірақ Лукашенконы бәрінен де Ресей бұқаралық ақпарат құралдары аямай "соққылады". Сонда олар үшін Ресейдің мемлекеттік мұдделері түкке тұрмайтын болғаны ма? Ресей бұқаралық ақпарат құралдарынан біздің адамдар тек Қырғызстан аштықтың аз-ақ алдында екен, Өзбекстан Тәжікстанда бейбітшілік орнағанын қаламайды, Қазақстан электр қуаты үшін Ресейге 300 миллион доллар берешек деген хабарларды ғана естіп біледі...

### **Ю. Козлов:**

– Сонда шындығында олай емес пе?

### **Н. Назарбаев:**

– Олай емес. Оның үстіне, адамдар мынаны да білуі тиіс. Ресей Қазақстанға Байқоңырды жалға алғаны үшін – 345 миллион доллар, әскери полигондарды жалға алғаны үшін – 126 миллион доллар, Екібастұз көмірі үшін – 65 миллион доллар берешек.

Бізде бұл цифrlарды халықта жария ету, біздің "ортақ" ақпараттық кеңістігіміз арқылы өзімізге қойылып жүрген басқа да талаптарға жауап қайтару мүмкіндігі жоқ. Әрине, мен мұның бәрін де Ресейдегі "сөз бостандығы" арқасындағы нәтижелер есебіне жатқыза салар едім, бірақ тап осы тәрізді әңгімелерді Ресейдің кейбір мемлекеттік қайраткерлерінің аузынан да естіп қалып жүрміз.

Ресей мен Украинаның арасындағы қатынастардың шиеленісіү ТМД мұдделеріне сай келеді деуге бола ма? Қара теңіз флотының проблемасын біздегі Байқоңыр ғарыш айлағының проблемасы сияқты етіп шешуге неге болмасқа?

Таудағы Қарабахта, Абхазияда, Приднестровье де жалғасып жатқан шиеленістер ТМД елдерінің тап қазіргі жағдайда ол проблемаларды шешуге қабілетсіз екенін көрсетеді. Бұл шиеленістерді саяси ерік-жігер күшімен ғана шешуге болады. Алайда, міне, тап қазір осының өзі жетіспей жүр.

Бәріне кінәлі ТМД елдеріне емін-еркін терең сұғылып отырған "Батыстың қолы" кінәлі-міс деген көпірме сөздер күшіне түсіде. Иә, Батыстың өз мұдделері бар. Мысалы, Қазақстанда жекешелендіру процесіне батыс кәсіпкерлері белсene қатысып келеді. Біз бұл ретте ашық тендерлер өткізіп жүрміз. Ол тендерлерде өз ұсыныстары Қазақстанға негұрлым мол пайда беретін, бізге тиімді шарттар ұсына алатын кәсіпкерлер жеңіп шығады. Бізде Ресей үшін де есік айқара ашық. Алайда, Ресей ол есікке кіруге асығар емес. Біз өзірше оның тарапынан қайдағы бір негіzsіз талап-тілектерді ғана естумен келеміз, ал, өзара тиімді ынтымақтастыққа деген нақты ұмтылысты сезіне алмай жүрміз. Егер, Ресей шынында да ынтымақтастықтың тен құқықты жолын ұсынар болса, онда оны ешкім де ешқашан да сатып кетпейді. Алайда, біз Ресейдің өз стратегиялық мұдделері жөніндегі көзқарасы өлі күнге дейін айқын емес, ТМД-ны тұтас алғанда да, Достастықтың жеке елдерін алғанда да оларға қатысты ұзақ мерзімді саяси бағыты белгіленген жоқ деген сезімде қалып келеміз.

### **Ю. Козлов:**

– Нұрсұлтан Әбішұлы, басқаша да көзқарас бар. 25 миллион орыс Ресейден тыс жерлерде (негізінен алғанда ТМД елдерінде) құқығынан айрылған өлімшінің ауыр халін бастарынан кешіруде. Ресейде кез келген, кейде тіпті сан жағынан ете аз этностың өзі де, өздерінің мемлекеттік автономиясына ие болып отыр деуге болады. Ал, ТМД елдеріндегі орыстар жөнінде бұлай айтуда бола ма?

### **Н. Назарбаев:**

– Ресейліктерге олардың күнделікті тұрмыс жағдайын нақты жақсарту мағынасында еш нәрсе ұсына алмайтын кейбір саясаткерлердің мәселені бұлай қоюы өзге үлттық мемлекеттерде тұратын орыстарға пайда тигіземін деп отырып, зиян жасаумен бірдей. ТМД елдерінде Ресейге деген ізгі ниеттер тудыра қоймайтын мұндай алыстан болжай алмайтын соқыр саясат орыстар үшін тұрмыстық дәрежедегі проблемалар тудыруға алып барып соғады.

Мен сіздерге, журналистерге, таң қаламын: бір нәрсені қасарыса қашанғы қайталай беруге болады? Сіздер мұндай сұрақтарды іс жүзінде өздері басқарып отырған мемлекеттерде шын мәнінде ұлтаралық қатынастардағы

проблемалар орын алып отырған жетекші қайраткерлерге неге бермейсіздер? Ал, өзінің Негізгі заңына сәйкес унитарлық мемлекет болып табылатын Қазақстанға келетін болсақ, онда кешегі Одақтың құрамында болған бірде-бір республикада барлық үлттардың құқықтары тап біздегі сияқты Конституция арқылы айқын қорғалып отырған жоқ. Бізде орыс тілі мемлекеттік тілге теңестірілген ресми тіл болып табылады. Өзге мемлекеттердің ақша белгілерінен сіз орыс сөзін таба алмайсыз, ал біздің тенгемізде екі тілде – қазақ және орыс тілдерінде жазылған сөздер бар.

Мына бір нәрсені мойындаїын, бұдан екі жыл бұрын мұндай мәселе-лер жаңымды құйзелтетін. Әйткені, қанттың түсі ақ еkenін қашанғы дәлелдей беру қажет?! Егер әркімнің өз жұмысы бар болса, адамдардың құқықтары Конституция арқылы қамтамасыз етілсе, олар өз балаларының болашағы сенімді еkenіне көздерін жеткізсе, онда жұрттың әлдебір басқа жаққа қоныс аударуында ешқандай мән қалмас еді. Ал, қазір мұны көптеген жандар жақсы түсіне бастады. Тек өткен жылдың өзінде ғана 100 мынға жуық орыс қайтадан көшіп келді.

Ал, енді автономия мәселе-сіне келейік. Менің ойымша, мұндайда әрбір нақты жағдайға өзіндік ерекше тұрғыдан келу керек, тарихи өткен өмір мен бүгінгі күннің нақты шындықтары еске алынуы тиіс. Ең бастысы – қантегіске душар ететін шиепеністерге жол бермеу. Бұл ретте Қарабахтың, Абхазияның, Приднестровье-нің қайғылы тағылымы мен Югославияның қасіретін еске алған жөн. Қайсысын алсаңыз да "қанға беккен" қақтығысты қөресіз. Оның бәрі де алғашқыда үлттық шамшылдықтың шиеленісінен басталып, ақыр аяғында ашықтан-ашық сепаратизмге барып ұласты. Ал, біз үшін бүгінгі таңда халықтарымыздың арасындағы бейбіт өмір маңыздырақ па, әлде қаншалықты қымбатқа түссе де қайдағы бір дерексіз принциптердің "салтанат құруы" маңыздырақ па? Бұл сұрақтың жауабы өзінен-өзі айдай айқын. Қарапайым халыққа қажеттісі – бейбіт өмір мен жарасымды ынтымақ. Қазіргі ең басты міндет – экономикалық дағдарыстың шырмауынан шығып алу, халықтың әл-ауқат жағдайын жақсарту.

Сіздер менің Достастықтың өз ішіндегі ықпалдастық процестердің белсенді қолдаушысы, ал бірқатар жағдайда оның бастама көтерушісі болғанымды жақсы білесіздер. Бүгін, ТМД артқа тастаған бес жылды ойлаған кезде, мен жаңымды құйзелтетін ашы қорытындылар ғана емес, сонымен қатар үміт сәулесін шашатын қорытындылар да жасаймын.

Бұдан бес жыл бұрын біз, сол кездегі кеңестік республикалардың жетекші басшылары, жаңадан пайда болған мемлекеттердің үлттық саяси элитасы өзіміз сол кезде басымыздан кешіре бастаған астан-кестен өзгерістердің қаншалықты терең әрі қасіретті еkenін толық көлемінде тиісінше зерделей алмадық. Әйткені, мұндай орасан зор көлемдегі, соншалықты шапшаң және бетін қайтаруға болмайтын өзгерістерді бізге дейін ешкім де басынан кешірген емес еді. Дүние жүзінде оған ұқсас тарихи тәжірибе болып көрмепті.

Мен біздің өшқандай да қумән тудырмайтын, сінірген еңбегіміз барлық жерде жаппай мемлекетаралық қантөгістің орын алуына жол бермегендігім-ізде деп білемін. Біз тарихқа "югославиялық ұсқа" деген атпен енген келенсіз нәрседен аулақ болдық. ТМД елдерінің қазіргі басшыларының сінірген еңбегінің қатарына мен мына жағдайды да қосар едім: біз өз президенттеріміздің араларында да, өз халықтарымыздың араларында да едәуір жылы шырайлы өзара қарым-қатынастардың сақталып қалуына қол жеткіздік. Достастық елдері басшыларының жүйелі түрде өткізіліп келе жатқан кезде-сүі, ол кездесулер кезінде ақыл-парасатқа қонымды шешімдер қабылданып жүргені, міне, бұған толық дәлел бола алады.

### **Ю. Козлов:**

– Бұған дейін біз Достастық туралы, оның тұтас көлемінде сөз еттік. Сол ТМД құрамында Қазақстанның алатын орны қандай деп білесіз? Қазақстанның Ресеймен, соңдай-ақ Достастықтың басқа да елдерімен байланысының қалай қалыптасып келе жатқаны Сізді қанағаттандыра ма?

### **Н. Назарбаев:**

– Жүрттың бәріндегі сияқты бізде де экономикадағы проблемалар жетіп артылады. Оның ең күрделілері – әлеуметтік проблемалар. Біз бұл проблемаларды шешу үшін қажетті қорды жаман жасаған жоқпыз деп ойлаймын. 1996 жылы біз Қазақстанда шикізат кешенін және ауыр өнеркәсіпті реформалауды негізінен алғанда аяқтап шықтық. Соңғы жеті жыл ішінде бізде өндірістің және жалпы ұлттық өнім көлемінің құлдырауы алғаш рет тоқтатылды. Экономиканың кейбір секторларында жоғары өрлеу басталды. Соңғы екі жыл ішінде нақты орташа жалақы екі есе дерлік өсті. Откен жылы ақшаның құнсыздануы екі есе тәмендеді. Қазақстандағы бағаны мемлекет реттеп отырмайды, өнеркәсіптің 70 проценттен астамы жекеменшік иелерінің қолында, халықтың банкілөрдегі салымдары барған сайын артып келеді. Тек 1996 жылдың өзінде ғана ол салымдар алты есе өсті. Тенгенің ауыстыру бағамы тұрақтала түсті. Экспорттың саясатымыз мемлекетіміздің мүдделеріне сай келеді. Объектілерді жекешелендіру жөніндегі көлісімшарттар 6,5 миллиард доллар мөлшеріндегі тікелей инвестиция түрінде нақты міндеттемелермен қамтамасыз етілген. Қазақстан үшін қыруар қаржы болып табылатын мұның өзі 2000 жылға дейін төленіп біtedі.

Дамудың орташа жеделдігі жөнінде қабылданған бағдарламаға сәйкес 1997 жылдан бастап женіл азық-түлік, машина жасау өнеркәсіпперіне қолдау көрсетуге баса назар аударылады. Бюджетте бұл мақсаттарға мол көлемде қаржы қарастырылған.

Бұл салаларды дамыту Қазақстанның оның өз көршілерімен технологиялық кооперация жасау жағына қарай практикалық нақты қадамдар жасауды, ол көршілердің рыноктарына дайын өнім шығаруды талап ететінін түсінү

ұшін оншалықты мықты экономист болудың қажеті жоқ. Бұл ретте ең бірінші кезекте ТМДрыноктары тұратын болады. Сондықтан да мен Қазақстанның Президенті ретінде кедендейк кедергілерді жоюға, өзара есеп айырысу механизмін жетілдіре түсуге, біртұтас валюталық рынок құруға қол жеткізуға барынша әрекет етемін. Бірақ мұның өзі әлдебір саяси популизм немесе жаңа бастамамен жарқ етіп тағы да көзге тұсу мақсатымен жасалмайды, қайта Қазақстан Республикасының экономикалық мұдделері тұрғысынан жасалады. Бұл ізгі ниетке бізben көрші мемлекеттердің президенттері мен үкіметтері ғана емес, сонымен қатар жекелеген фирмалардың, көсіпорындардың, қаржы-енеркесіп топтарының басшылары да өз тараптарынан үмтұлыс білдіретініне сенімім зор.

Осы процестің нәтижесінде ТМД елдерінің барынша жаңаша бірлескен өнеркәсіптік құрылымдары қалыптаса алар еді. Олар жаңа нарықтық неғіздердің өзінде-ақ өздерінің ортақ мұдделерін ТМД-ның біртұтас органдары арқылы ғана емес, сонымен қатар өз елдерінің үкіметтерінде, парламенттерінде де өткізе алатын болады. Егер ТМД елдеріндегі істің жайы тап осылай алға жылжытын болса, онда Достастықтың болашағы жақсара түсетініне үміт зор.

ТМД-ның бесжылдық тарихы жөніндегі менің ой-толғаныстарымның басты қорытындысы мынадай: бүгінгі таңда Достастықтың өзін ғана түбегейлі реформалау емес, сонымен қатар Ресейдің өзіне ең жақын көршілеріне қатысты саясатын да түбегейлі реформалау қажет. Әзірше ол саясат шыны мәнінде жауапты және достық сипат алмайынша, – әрине, мен бұл жерде Ресейді тіпті де өзінің ұлттық мұдделерінен ерікті түрде бас тартуға шақырып отырған жоқпын, – ТМД елдерінің басқа геосаяси орталықтарға қарай тартылу бағдары сақталып қала беретін болады. Ұқыпталдастық "кілттерінің" тап қазірде де Кремльдің қолында екендігіне ешкім деген қарсы дау айта алмайтын шығар деп ойлаймын.

Мен өзімнің Ресейге және оның халқына деген ізгі ниетімді ешқашан да жасырған емесспін. Ресей қазір де дүние жүзіндегі ең үлкен аумаққа, жер қойнауындағы ең мол қазба байлықтарға ие болып отыр, оның талантты да өнбексүйгіш халқы бар. Сол мүмкіндіктердің бәрін халықтың игілігіне қызмет етуге жұмылдырып, Ресейді XXI ғасырда бүкіл Еуразиядағы тартылыс орталығына айналдыру үшін елдің экономикалық дамуын барған сайын биік деңгейге көтере беруге тырысу керек.

*Юрий Козлов,*  
"Независимая газета" (1997 жылғы 16 қаңтар). АЛМАТЫ.

**ИНТЕРВЬЮ  
ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН Н. А. НАЗАРБАЕВА  
КОРРЕСПОНДЕНТУ ГАЗЕТЫ "НЕЗАВИСИМАЯ" Ю. КОЗЛОВУ\***

---

Алматы, 16 января 1997 года

**РОССИЯ МОГЛА БЫ СТАТЬ СТЕРЖНЕМ СОДРУЖЕСТВА,  
НО НЕ СТАЛА**

**Ю. Козлов:**

— Нурсултан Абишевич, все чаще приходится слышать, что Содружество Независимых Государств как реальная форма общности республик бывшего СССР не состоялась. Пять лет назад новые независимые государства были гораздо ближе друг к другу, чем сейчас. Какая сила разводит нас по "национальным" квартирам? Как долго СНГ будет развиваться в соответствии с бессмертным ленинским лозунгом: для того чтобы объединиться, надо прежде всего размежеваться? Если отвлечься от неизбежного юбилейного оптимизма и уподобить СНГ больному из известной сказки, то по Вашему мнению, пациент скорее жив, чем мертв?

**Н. Назарбаев:**

— Чтобы понять, в каком состоянии этот пациент сейчас, нужно обратиться к истории его болезни. Я думаю, что сегодняшняя ситуация в СНГ является логическим следствием процессов, происходящих в каждом из государств Содружества. Сначала был некий момент недоверия.

Все активно занимались укреплением собственной государственности и хотели убедиться, насколько равноправным будет продекларированное сотрудничество. Немаловажное значение имела и степень результативности экономических реформ в каждой из стран Содружества. Реформы везде шли и идут по-разному, с разной скоростью, разным качеством, а главное — с разным конечным результатом.

Мне сейчас трудно дать всестороннюю оценку этим процессам в каждой из стран Содружества. Но, думаю, не ошибусь, если скажу, что скорость и качество интеграции внутри СНГ напрямую зависят от степени рыночной "продвинутости" стран-участниц.

Сегодня мы можем реально интегрировать только те части своих национальных экономик, которые приобрели по-настоящему рыночный характер,

---

\* Газета "Казахстанская правда", 21 января 1997 года.

и – в идеале – должны автоматически включаться во взаимовыгодные экономические отношения. Я надеюсь, что именно этот объективный фактор по мере своего усиления будет постоянно "стягивать" наши государства в новое сообщество, будь то СНГ или что-то другое. На первый план выйдут не политические, а сугубо экономические факторы – идентичность, совпадение характера, направленности, качества и темпов рыночных преобразований. Конечно, на эффективности интеграционных процессов не могло не сказаться отсутствие в большинстве новых независимых государств грамотных и квалифицированных команд реформаторов. В бывшем СССР не нашлось людей, способных не только четко и правильно рассчитать, обозначить цели и задачи рыночных реформ, но главное – корректно реализовать их в практической жизни с учетом национальных особенностей и интересов своей страны.

**Ю. Козлов:**

– Вы имеете в виду Гайдара и его команду? За ними числятся немало грехов, но вот что в СНГ дела не задались – в этом их пока не обвиняли...

**Н. Назарбаев:**

– Напротив, я полагаю, что именно они как раз и запустили в России реформы по-настоящему. Честолюбивые, амбициозные, образованные, они знали, что делать, но, к сожалению, не знали как. После раз渲ала СССР их подходы к интеграции базировались на одном-единственном принципе: Россия должна освободиться от "балласта". Под "балластом" они подразумевали большинство вчерашних республик СССР.

В резкой, порой унизительной форме отталкивая соседей, тогдашнее российское правительство считало, что ему удастся опередить всех на пути реформ. Соседи же, по их расчетам, должны были остаться "на коленях", деградировать, а потом выстроиться в очередь за право прицепить свой "вагончик" к российскому "локомотиву" реформ. Сейчас я могу говорить об этом совершенно откровенно, потому что пять лет назад сам был участником этой драмы. Возможно, это был тактический выигрыш молодой российской команды реформаторов на узком экономическом поле. Но в конечном итоге он привел к стратегическому проигрышу на поле политическом. Тогдашний "экономический эгоизм" российского правительства был связан в первую очередь с отказом от единой валюты, от единого народно-хозяйственного комплекса. Это непоправимым образом отразилось, прежде всего на интеграционных процессах.

Да, мы – соседи и союзники России – тогда оказались "за бортом". И сегодня некоторым из нас нелегко. Однако трудности стали не поводом для отката от независимости и государственности, а, наоборот, стимулом их повседневного укрепления.

Постепенно страны СНГ самостоятельно преодолевают экономический кризис, а кое в чем на пути реформ начинают опережать Россию. Сегодня, если говорить начистоту, российский локомотив реформ еле тянет. Кому захочется безоглядно пристраиваться к такому составу? Поверьте, я говорю об этом с болью и сожалением. Мне хочется верить, что Россия более энергично движется вперед. И тогда у всех нас возникнет естественное желание быть с ней рядом, пройти путь реформ совместными усилиями. Пока же мы вынуждены двигаться своим ходом. Пусть медленно, трудно, но своим.

### **Ю. Козлов**

– Нурсултан Абишевич, почему, на Ваш взгляд, темпы экономических реформ в России сейчас замедлились?

### **Н. Назарбаев:**

– Они начали замедляться еще при Гайдаре. Этому есть масса объективных и субъективных причин, судить о которых должны в первую очередь лидеры России. Мне представляется, что не последнюю роль здесь сыграли и продолжают играть политическая борьба, раскол российской политической элиты на несколько группировок, а также перманентные выборные кампании, которые, как известно, отнимают очень много сил и средств.

### **Ю. Козлов**

– Все эти годы Вы были известны как активный сторонник интеграции, "духовный отец" – в России сейчас это словосочетание пользуется большой популярностью – различных соглашений, союзов, объединений. В последнее время, однако, Вы все больше молчите. Вы окончательно перестали верить в возможность настоящей – не предвыборной, о которой быстро забывают, – интеграции? Как Вы полагаете, Нурсултан Абишевич, просуществует ли СНГ, скажем, до двухтысячного года?

### **Н. Назарбаев:**

– Пятилетнюю историю СНГ я бы разделил условно на два периода. Первый – 1991–1992 годы. В то время потребность в Содружестве была обусловлена целым рядом объективных причин. Если говорить о причинах политico-психологического плана, то это естественная ностальгия по привычному единому большому государству, где по ряду экономических и социальных позиций все мы чувствовали себя достаточно спокойно и комфортно. Кстати, первый пакет документов по СНГ во многом отвечал этим требованиям. Там были четко обозначены единое экономическое, правовое, военно-оборонное пространство, общая валюта. Это было обусловлено работающей тогда еще союзной промышленностью, действующими тех-

нологическими связями, цепочками разделения труда во всех основных отраслях. Тогда нам было что сохранять. Я делал все возможное и невозможное, чтобы удержать Казахстан в едином валютном и технологическом пространстве с Россией и другими государствами Содружества. Но, увы, вектор развитию России был задан в другую сторону. Российское руководство упустило шанс стать центром, ядром, естественным стержнем Содружества. В последующие годы в связи с распадом экономик всех без исключения стран СНГ шансов укрепить его на прежних основаниях осталось все меньше.

В 1993 году мы вошли во второй период существования Содружества, характеризующийся катастрофическим спадом производства, повсеместной остановкой гигантов индустрии, ликвидацией многих средних и малых предприятий, заводов и фабрик, окончательным разрушением прежних производственных циклов. Кризисные явления нарастили также в таких, казалось бы, незыблемых суперсистемах бывшего Союза, как единая энергетическая система, транспорт, связь. Все более деструктивную роль стал играть и такой в основном сейчас замалчиваемый фактор, как региональные интересы национальных элит. Они существенным образом начали проявляться не только в политике и в экономике, но и в идеологии. Здоровые, складывающиеся веками культурные и духовные связи между народами Евразии начали умышленно размываться. В государствах СНГ стал формироваться уродливый симбиоз властных и криминальных структур. Именно эти опасные тенденции и заставили меня выступить в 1994 году с идеей Евразийского союза.

Однако призывы к интеграции, заявления об общей исторической судьбе наших народов во многом прямо противоречили интересам новых элит. В это время в большинстве стран СНГ закладывались те криминальные компоненты государственности, которые вскоре практически повсеместно затормозили ход экономических и политических реформ. О каких реформах можно было говорить, когда шел массовый криминальный вывоз сырья и капиталов за рубеж, создавались всевозможные финансовые пирамиды и "воздушные" банки? Экономикой в странах Содружества стали править обман, коррупция и аморальность. Вполне естественно, что идея Евразийского союза на этом фоне была воспринята со скепсисом. Криминальный – назовем его так – период в истории Содружества продолжался (хотется верить, что он закончился) до конца прошлого года.

В 1997 году мы вступаем в новый период существования СНГ. Если Содружество в ближайшее время не развалится, то он, возможно, продлится еще 5–10 лет. Надеюсь, что именно в это время будут наконец-то заложены основы реальной интеграции на базе подлинных взаимных интересов всех стран – участниц Содружества. Только тогда у нас начнутся те полноценные, цивилизационные, интеграционные процессы, которые мы сегодня наблюдаем в Западной Европе и в Азиатско-Тихоокеанском регио-

не. Самым лучшим для стран СНГ было бы, приняв за основу опыт Западной Европы, идти по пути евразийской интеграции. Но это должна быть равная без "старших" и "младших" братьев – интеграция.

### **Ю. Козлов**

– Одним словом, Вы полагаете, что нынешние многочисленные органы, координирующие и направляющие деятельность СНГ, работают не вполне эффективно?

### **Н. Назарбаев:**

– Не вижу необходимости сворачивать работу существующих единых органов СНГ, мотивируя это их неэффективностью. Пусть они действуют даже в чисто совещательном режиме, моделируя "сверху" механизмы наших будущих взаимоотношений. Но пригодится все это только тогда, когда сама жизнь наполнит "сухие" пока каналы "живой" водой.

Речь идет о качественно новом уровне понимания стоящих перед нами задач. С самого начала вокруг СНГ, его прошлого, настоящего и будущего стали складываться целые системы мифов, которые политики используют для достижения собственных целей, скажем, в предвыборной борьбе. Речь уже идет не о реально действующих институтах СНГ, а о чем-то эфемерном, существующем то ли в воображении политиков, то ли на бумаге, меняющемся в зависимости от ситуации, в которой оказываются лидеры стран Содружества.

Накануне встречи в верхах я попытался лично для себя определить несколько факторов, которые могут содействовать процессу интеграции.

Прежде всего объединить участников могла бы некая общая для всех внешняя или внутренняя угроза.

Второе – это идея, близкая всем без исключения участникам предлагаемого объединения.

Третье – это общий для всех экономический интерес, который сулит каждому реальную практическую отдачу, выигрыш, прибыль.

И еще одно обязательное условие – реальный центр притяжения. Этим центром может быть динамичное, процветающее государство – региональный лидер, экономическая модель развития которого кажется соседям привлекательной, и они естественным образом начинают к нему тяготеть.

Существует ли сегодня для стран СНГ явная угроза, которая заставила бы их отбросить национальные и региональные амбиции и объединиться, чтобы противостоять этой угрозе совместно? Может быть, она возможна в будущем, но пока что как явную и общую мы ее не осознаем. У каждого государства СНГ свои проблемы, до которых остальным, в общем-то, мало дела. Так что этот фактор отнюдь не является побудительным стимулом к ускоренному объединению.

Нет сегодня у нас и общих идеалов, притягательных идей, которые бы поднимали, знали и подталкивали к интеграции. Я имею в виду глобальные идеи, равные по масштабу тем, ради претворения в жизнь которых мы были вместе выше 70 лет.

Трудно выделить сегодня в наших отношениях и сколько-нибудь постоянный, взаимовыгодный материальный – экономический – интерес, хотя бы отдаленно сопоставимый с тем, что побуждает к интеграции европейские страны.

И, наконец, есть ли в СНГ такая притягательная для всех страна, такой центр, к которому бы добровольно тянулись соседи?

### **Ю. Козлов**

– А как же объявленная с 1997 года "стабильной" Россия, в которой и президент, и премьер-министр, и даже оппозиция все за реформы, а если и спорят, то только о способах их проведения?

### **Н. Назарбаев:**

5. Не буду сводить разговор к этой конкретике, ибо мы должны определиться по крупным вопросам. Круг проблем очерчен, критически важные проблемы ясны. Необходимо действовать. И действовать необходимо не в стиле бюрократических записок, а по существу. Представленная концепция экономического интеграционного развития СНГ этим требованиям не отвечает. Поэтому предлагаю определиться по следующим вопросам.

Во-первых, необходим пересмотр всех уставных документов Содружества. Для этого создать в оперативном порядке экспертную группу, чтобы в течение нескольких месяцев пересмотреть весь механизм работы СНГ с использованием опыта эффективных моделей интеграции в мире.

Во-вторых, эффективность того же НАТО продемонстрирована в Боснии исчерпывающим образом. Конечно, мы не претендуем на статус этой организации, но в нашем случае речь идет о противоречиях между странами одного Содружества. Предлагаю, не откладывая на конец столетия, выработать единую программу решения всех конфликтных вопросов и приступить к совместному решению. Повторяю, речь идет о конкретных действиях и совместных действиях.

В-третьих, необходима смена всех руководящих структур СНГ. Personally я с уважением отношусь к руководителям наших интеграционных органов, но беспомощность просто удивляет. Не хочу быть голословным.

В статье 10 мы договорились, что в отношении государств, нарушающих Устав СНГ либо решения органов Содружества, будут применяться меры, допускаемые международным правом.

Сегодня мы дошли до того, что выполнение наших соглашений воспринимаем как исключение из правил.

При этом еще ни разу не удалось задействовать институты, призванные контролировать выполнение Устава Содружества. Исполнительному секретариату СНГ не удается выполнение своей основной функции – организовать выполнение решений Совета глав государств и Совета глав правительств. Связан с этим и другой вопрос, который уже неоднократно поднимался, – о территориальном размещении руководящих органов СНГ. Мы – Евразийское содружество – и это не метафора, но строгий географический факт. Факт, требующий размещения части главных институтов СНГ в азиатской части Содружества. При известной резкости данных мною оценок они продиктованы искренним стремлением к развитию интеграции.

Полагаю, что эту озабоченность разделяют и мои коллеги – президенты государств, входящих в СНГ.

**ВЫСТУПЛЕНИЕ  
ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН Н. А. НАЗАРБАЕВА  
НА ВСТРЕЧЕ СО СТУДЕНТАМИ  
ЕВРАЗИЙСКОГО УНИВЕРСИТЕТА\***

---

*Акмола, 9 апреля 1997 года*

...Почему же нам, входящим в XXI век, действительно не подумать о том, что именно интеграция, отсутствие конфликтов и войн, взаимопонимание и доверие между людьми и народами являются теми узловыми пунктами, через которые лежат пути к прогрессу и процветанию?

Азиатский континент обладает огромным людским потенциалом, самыми большими природными богатствами. Вместе с технологически развитым Западом мы могли бы дать мощный импульс развитию человечества в будущем столетии. И именно по такому пути нам всем нужно идти.

И мы идем. И придем.

...Пусть на меня в Алматы никто не обижается, я скажу откровенно: именно из вас, сегодняшних студентов университета, мы будем набирать новых руководителей государства, способных двигать экономику. А это налагает особую ответственность за качество образования.

Сегодня Аскар Акаев уже сравнивал ваш вуз с Гарвардом.

В Америке все знают, что выпускник Гарварда стоит 50 тысяч долларов в год – никто ему меньшую зарплату не предложит, потому что это имя, это мощные знания.

У нас этого пока нет. Но будет.

Сейчас прорабатывается идея государственного заказа на профессии, согласно которой студенты смогут получить долгосрочные кредиты на обучение. Но эти деньги нужно будет отработать.

А как их заработает тот, кто не получил знаний – ведь его и на работу не примут?

И тут спрос будет особый – никакого блаты.

Только ум и стремление учиться.

---

\* Газета "Казахстанская правда", 10 апреля 1997 года.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ  
Н. Ә. НАЗАРБАЕВТЫң  
"ЕГЕМЕН ҚАЗАҚСТАН" ГАЗЕТИНІҢ БАС РЕДАКТОРЫ  
УӘЛИХАН ҚАЛИЖАНҒА БЕРГЕН СҰХБАТЫ\***

*Алматы, сәуір 1997 жыл*

**ЕЛІМНІҢ ЕРТЕҢІНЕ НЫҚ СЕНЕМІН**

**Сұрақ:**

– Мәртебелі Президент! Еліміз тәуелсіздік тізгінін өз қолына алғалы алтыншы Наурызын мерекелеуде. Ежелден ел мен елді, ұлт пен ұлысты, барша адамзат баласын келісім мен жарасымға шақыратын Наурыздың биылғы үлтаралық келісім жылғы жөні бөлек болса керек. Ендеше ұлыстың ұлы күні тойланып жатқанында ат жалын тартып мінер алты жасқа келген Қазақстанның қазіргі жағдайы Елбасының көнілін көншіте ме?

**Н. Назарбаев:**

– Иә, Қазақстанның саяси тәуелсіздік апғанына алтыншы жылға аяқ басты. Бұл қандай жылдар еді? Алдымен осыған ой жіберіп көрейікші. Әлемдегі ең үлкен империя – кешегі Кеңес Одағы қирап, оның құрамындағы он бес одақтас республика дамудың он бес түрлі жолына тұсті. Инфляция шарықтал өсті. Елдің тұрмысы күрт төмендеді.

Ортақ сом аймағындағы "тәуелсіз" елдердің дербестігі саяси ұрандардың көленкесінде қалып қойды. Міне, осы тұста Қазақстан да 1993 жылдың қарашасында өз валютасы – теңгені енгізді.

Егер экономикалық тәуелсіздіктің жылдарын санамаласа тек, оны төл тенгеміздің айналымға енгізілген тұсынан іздеу керек. Демек, біздің экономикалық тәуелсіздігімізге үш жарым жыл ғана болады. Егер біз саяси тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдарында Қазақстан деген дербес елді әлем мемлекеттері мен халықтарына таныстырып, оның ертеңі болашағына сенер пікірлерін қалыптастырып үлгірсек, онда түбегейлі мақсатымыздың негізі жүзеге асты деп есептеймін.

Қазір дүние жүзінің 36 елінде Қазақстан елшілігі мен өкілдігі, ал Алматыда әлемнің 55 елінің елшілігі мен өкілдігі жұмыс істейді. Бүгінде Қазақстан мен дипломатиялық, экономикалық байланыстар жасауға мүдделі елдер қатары барған сайын өсе тұсуде.

\* "Егемен Қазақстан" газеті, 19 сәуір 1997 жыл.

Экономикаға байланысты тым арыға бармай-ақ, мына бір цифрларды келтіре кетейін. 1995 жылы Қазақстанда өндірілген жалпы ішкі өнім Одақ та-рауының қарсаңындағы 1990 жылмен салыстырғанда 52,6 процент кеміген. Ал өткен 1996 жылы бұл құлдырау алғаш рет тоқтатылып, 1995 жылмен салыстырғанда 101,1 процент есті. Мәселе – бір процент болса да ілгерілеуде емес, үздіксіз тоқыраудың тоқтатылуында. Егер бұл өсідің мұнай өндіруде – 16,1%, түсті металдар өндірісінде – 2,7%-ке жеткендігін ескерсек, Қазақстан экономикасын реформалау бағытының әбден дұрыс екендігі көрінеді.

Инфляция мөлшері де жыл сайын ауыздықталып келеді. Мәселен, теңге енгізілудің қарсаңындағы 1992 жылы ол 3060%-ке дейін өссе, 1996 жылы 28,7 процентке дейін төмендеді. Ал үстіміздегі 1997 жылы бұл көрсеткішті 17 процентке дейін түсіру көзделіп отыр. Экономиканы реформалаудағы он өзгерістер халықтың әл-ауқатына да әсерін тигізуде. Халықаралық беделді үйым сарапшыларының бағасы бойынша Қазақстан жалақы мөлшерлері бойынша 1996 жылы ТМД елдерінде Ресейден кейінгі екінші орынға шықты. Еліміздің алты жыл ішіндегі жетістіктерін түгел санамай-ақ түйіндең айтар болсақ, алған саяси бағытымыз да, экономиканы реформалаудағы ұстанған жолымыз да әбден дұрыс деп есептеймін.

### **Сұрақ:**

– Еліміз экономикасын реформалауда жетістіктермен қатар, жыл сайын Қазақстанның шет елдерден алынған несие үшін бюджеттен төленетін қаржы мөлшері де арта түсуде. Сөз жоқ, бұл зейнетақы мен бюджет арқылы берілетін жалақы мөлшерінің уақытында төленуіне де көрі әсерін тигізіп отыр. Бұл туралы не айтасыз?

### **Н. Назарбаев:**

– Рас, 1994 жылдың қазан айына дейін Терещенко үкіметі шетелдік несиelerді жеткілікті түрде сараптамай жатып, оны қасіпкерлікпен айналысамын дегендердің біразына Үкімет кепілдемесімен берді. Бұл сол кезде осы саладағы жұмыстарды реттейтін экономикалық заңдардың жоқтығы мен тәжірибелің жетімсіздігінен орын алған қателік еді. Соның салдарынан 1995 жылы шет елден алынған қарыздардың өтеуіне 24 миллиард, 1996 жылы 25 миллиард теңге төленді. Бұған қарап, қайтпаған несиенің ақшасы үнемі бюджет есебінен төленеді еken деген пікір қалыптаспаса керек. Үкімет өзінің кепілдемесі бойынша халықаралық үйымдар мен мекемелер алдындағы қарызын уақытында өтейді. Сонымен бірге оны алған, бірақ қайтармаған Қазақстандағы заңды және жеке тұлғалардан міндетті түрде өндіріп алады. Кейінгі екі жарым жылда Үкімет онды-солды несие мен кепілдеме беруді мүлде дотардышты.

### **Сұрақ:**

– Осы несиelerдің басым көшілігі "жең ұшынан жалғасқан тамыр-тана-ныстықпен таратылды" деген сыйбыс жоқ емес...

### **Н. Назарбаев:**

– Міне осы әңгімелерді болдырмау үшін біз Қылмыстық кодекстің жаңа жобасын ұсынып отырмыз. Бұл жоба бойынша алынған несие тұтастай қайтарылуға тиіс. Бұл құнды қағаздарға да қатысты. Тіпті алдау-арбау жолымен несие алғандар мен сол несиені мақсатсыз пайдаланғандар да қылмыстық жауапқа тартылады. Қылмыстық кодекс – жалпыға ортақ заң. Демек бұл заң алдында несиені онды-солды таратқандар мен оны жеке басының қамы үшін пайдаланып, бюджет есебінен өтеп жүргендердің де жауап беретін күні алыс емес. Егер Парламент осы заң жобасын кешіктірмей қабылдар болса, Үкімет кепілдемесі арқылы берілген шетелдік несиелер түгелдей қазынаға қайтатын болады.

### **Сұрақ:**

– Халқымыздың басым көпшілігінің ауылдық жерлерде тұратынын ескерсек, ауыл жағдайы, ауыл шаруашылығының жай-куйі кімді де болса да алаңдатса керек. Бұл мәселе төңірегіндегі Елбасының ойын, жоспарын білсек деп едік.

### **Н. Назарбаев:**

– Беріміз де ауылда өстік. Қазақстанда мен болмаған аудан, шаруашылық жоқ болмаса да, аз шығар деп ойлаймын. Ауыл шаруашылығындағы жағдай кейбіреулер байбалам салатындан мүлде нашар деуге болмайды. Сөзіміз дәлелді болу үшін тағы да цифр тілімен сөйлейікші. 1996 жылы ауыл шаруашылығындағы жалпы өнімнің көлемі 1995 жылмен салыстырғанда 103,9 процент өсті. Бұл, негізінен, 1996 жылғы астықтың түсімі жоғарылығынан болды. Накты деректер керек болса, өткен жылды 190 миллиард теңгенің бидайы жиналды. Алайда мал басы тәменедеді. Жекеменшік шаруашылықтардағы малды өлі жөнді есепке ала алмай отырмыз. Халық мал басын жасырады. Әбден қорқып қалған. Қорықпау керек. Енді ешкім елдің малын тартып алмайды. Көптеген аудандарда шаруашылықтар түгелге жуық жекешелендіріліп, мал басы біржолата жекеменшік қолына көшкеннен кейін де, малдың өсуіне, оның құрып кетпеуіне қатаң бақылау орнатылғанын атап айту керек. Егер бір кездері Қазақстан құллі Қенес Одағына ет дайындаса, қазір 16 миллион халыққа ғана лайықтап өндіреді. Сондықтан Қенес Одағы ыдыраған жағдайдан кейін мал басының, ет өндірудің тәмендеуі занды құбылыс. Ендігі мақсат – қолда бар малдың санын одан әрі кемітпей, тұрақтандыру. Бұл үшін кеншарларды түгелдей жекешелендіру керек. Мал басы тұтастай жекеменшік қолына өткен жағдайда ғана оның одан әрі кемімеуіне, еттің сұранысқа сай өндірілуіне толық мүмкіндік туады. Нарық экономикасының заңы бойынша, сатып алушының көбеюіне байланысты нан, ет, сүт те көбейді. Сатып алушы азайса, өнім де азаяды. Сондықтан өкімет халықты өз азық-түлігімізді сатып алуға бейімдеп, сырттан келгенге тежеу қоюы қажет. Солай болады да.

**Сұрақ:**

– Солай дегенмен де ауыл шаруашылығы мемлекет тарапынан қолдауды қажет етпей ме?

**Н. Назарбаев:**

– Әрине. Бірақ қолдау қайтарымды, яғни берімнің де алымы болу керек. Кешегі Қенес Одағы кезіндегідей онды-солды дотация беру келмеске кеткен. Біз қазір өндірісін ұлғайтуға, егіс көлемін қебейтуге, өнім мөлшерін өсіруге бағытталған ауыл шаруашылығы мекемелерінің меншік түріне қарамастан, оларға қолдау көрсетіп жатырмыз. 1996 жылы бюджеттен 4,3 миллиард теңге, 1997 жылы 5,3 миллиард теңге бөлінді. Бұл қой өсіруге, тыңайтышқа, мал тұқымын асылдандыруға жұмсалып отыр. Осы орайда 1996 жылы Азия даму банкісі тарапынан 100 миллион АҚШ доллары мөлшерінде несие бөлінді. Бірақ бұл сома несие мерзімі біткенде тұтастай қайтуға тиіс, басқаша жағдайда оны бюджет арқылы төлеуге мәжбүр боламыз. Биылғы егін жинауды ысырапсыз өткізу үшін Канададан "Джон дир" комбайнның сатып алып жатырмыз. Сондықтан ауыл да, ауыл шаруашылығы да заман ыңғайына, нарық заңына қарай бейімделуге тиіс. Бұрынғы әр колхозшы мен совхоз жұмыскеріне жер бөлінді. Соған ол әлі қожа бола алмай отыр. Жері бар, малы бар адам жұмыс істесе, халі жаман бола ма?!

**Сұрақ:**

– Ауыл туралы айтқанда, ауылдағы қариялар еске түседі. Кейбір облыстарда бес-алты ай бойы зейнетақы алмаған қариялар бар. Жалақы да уақытында төленбейтіні белгілі. Бұл мәселелер қашан түзелмек?

**Н. Назарбаев:**

– Зейнетақы мен жалақыны төлеу проблемасы ауылға ғана емес, бүкіл елімізге қатысты. Өздерің ойландаршы, Қазақстанда 3,2 миллион жұмыс істейтін адам бар. Ал зейнеткерлер саны қанша дейсіндер ғой? Осыған жетекабыл: түп-тұра 3 миллион. Зейнетақыны уақытында төлеу үшін бұл қатынас 1:5 немесе 1:3 болу қажет. ТМД-ның құрамындағы елдердің бірде-бірінде мұндаидай жағдай жоқ. Дегенмен, біз бұл саладағы проблемаларды ұдайы назарда ұстап отырмыз. Үстіміздегі жылдың 27 қантарында Қазақстандағы барлық әкімдер мен Үкімет мүшелерінің қатыстырылуымен үлкен мәжіліс өтті. Республикамыздағы зейнетақы мен жалақының төленбекен қарызы үлттық ішкі өнімнің 40 процентіне дейін жетті. Республика бойынша жалақы төлеудің қарызы 48 миллиард теңгеге дейін есті. Оның 11 миллиарды ғана бюджеттік мекемелер қарызы екенін ескерсек, жергілікті әкімдер мен басқару органдары жұмысының мәз емес екендігін көрсетеді. Бұл, сөз жоқ, алаңдатарлық жағдай. Міне, бұл салада қордаланған проблемаларды шешу және қадағалау үшін Президент жанынан шұғыл жұмыс тобы құрылышп, іске кірісken болатын. Нәтижесінде зейнетақы қорына екі айдың ішінде 17 миллиард теңге

қаржы түсті. Демек, бюджетке түсер өр тыныға қатаң бақылау орнатсақ, оны толтыруға да әбден болады еken. Осыған орай "Жергілікті өкімдер, салық жинаушылар осы мәселеге президенттік бақылау орнатуға жеткізбей-ақ, өз бетінше неге атқармайды?" деген заңды сұрақ туындаиды. Бұл біздің әлі де болса заман ыңғайына, нарық заңына көндіге алмай, салғырттық танытуымыздың тағы бір көрінісі болса керек. Қазір зейнетақы мен жалақы төлеу мәсеселін тікелей өз бақылауыма алып, өр он күн сайын тексеріп отырмын. Бірақ қарызды түгел өтеу үшін уақыт керек. Бюджетті қайта қарап, кейір шығындарды азайтуымыз қажет. Қарыз алуға да тұра келеді.

Үстіміздегі жылдың 1 шілдесіне дейін зейнетақы мен бюджет жалақысындағы қарыз 2 айға дейін қысқартылып, жыл аяғында түгелдей өтейтін болады деп күтілуде. Олай болмаған жағдайда, бұл міндетті басқа Үкімет пен өкімдер атқаратын болады.

#### **Сұрақ:**

– Қазақстандағы экономикалық реформа табыстары шетелдік несие́лер мен инвестицияның молаюымен байланыстырады. "Алмақтың да салмағы бар" демекші, күндердің күнінде осы қарыздар экономикалық дамуымызға кері өсерін тигізбейді ме?

#### **Н. Назарбаев:**

– Қарыз алмайтын мемлекет жоқ. Америка Құрама Штаттарының да сыртқы қарызы жеткілікті. Мәселе – сол несиені ала білуде, оны тиімді пайдалану мен дер кезінде қайтара білуде. Жыл сайын дүние жүзі бойынша 200 миллиард АҚШ доллары мәлшерінде қарыз беріледі. Көптеген мемлекеттер осы қарызды алу үшін кезекке тұрады. 1996 жылы Қазақстанға 92,5 миллиард теңге мәлшерінде инвестиция келген. Бұл Қазақстанның болашағына, оның экономикалық даму жолының дұрыстығына деген сенімнен туындаста керек. Міне, сол инвестицияның арқасында 1996 жылы мұнай мен түсті металл өндіру біршама артты. Биылғы жылы басқа да өндіруші салаларда бірқатар табыстарға қол жеткізу көзделуде. Қазақстан экономикасына инвестиция әкелушілерге қолайлы жағдай тұбызу үшін біз Инвестиция жөніндегі мемлекеттік комитет құрып, оны басқаруды Премьер-министрдің бірінші орынбасары А. Есімовке тапсырыдық. "Тікелей инвестицияларды қолдау туралы" Зан қабылдадық. Өзіміз де қарап отырмай, жыл сайын ішкі жалпы өнімнің 17 процентін өндірісті жаңалауға жіберіп отырмыз.

#### **Сұрақ:**

– Енді ұлттық теңгеміздің жағдайына ойыссақ. Алғаш енгізілген кезде біршама құлдырауды бастаң кешірген ұлттық валюта 1994 жылдың аяғына қарай тұрақтана бастады. Тіпті осы тұрақтылықтың баяндылығына күмән келтіретіндер де жоқ емес.

### **Н. Назарбаев:**

— Тенге нарқы Президент Жарлығымен белгіленбейді. Оның құнын нарық айқындейды. Біз де теңгені еркіне жібердік, бірақ оның аяғынан тік тұруы, бедел жинауы үшін экономиканы сауықтыру керек. 1996 жылы теңгенің доллармен салыстырғандағы құлдырауы 14,6 процент болды, ал 1995 жылы бұл көрсеткіш 17,9 процент болатын. Үстіміздегі жылы да девальвация мөлшері белгілі дәрежеде төмендейді. Ресейдің Орталық банкі құн сайын шет ел валютасының Ресей рубліне курсын белгілейді. Ондағы Қазақ теңгесінің орны да, құны да мызғымай келеді. Сондықтан "алдағы уақытта теңгенің құлдырауы мүмкін" деген пікірдің ешқандай негізі жоқ. Жалпы бұл мәселе ешкімді қобалжытпауы керек. Түрік ақшасы долларға балағанда 130 мың лира, орыс ақшасының 1 доллары – 6 мың рубль, жапон ақшасының 1 доллары – 120 йен, т.б. Бұл экономикалық саясатқа байланысты. Экспорт өссін десек, нарықтық девальвация болуы керек.

### **Сұрақ:**

— Рес, Қазақстан валютасының, жалпы республикадағы валюта нарықының жағдайы жаман емес. Не нәрсе де салыстыру арқылы жақсы көрінеді ғой. Алысқа бармай-ақ, іргедегі Өзбекстан сумының ресми құны долларға шаққанда 51 сум болса, қолдағы нарқы 135 сумға жеткен ("Файнэншл Таймс" материалдары бойынша), ал енгізілгенде 1 доллар 2 манат болған түрікмен валютасының құны 1 манат – 1 Ресей рубліне дейін құлдыраған (2500 есе). Бұл туралы не айтар едіңіз?

### **Н. Назарбаев:**

— Бұл туралы айтарым біреу-ақ. Өзбек және түрікмен халқы қазақтармен ежелден тесекте басы, тескейде малы қосылған туысқан халықтар. Сондықтан мен оларға өз экономикасын реформалау ісінде тек табыс қана тілеймін. Ал дамудың қандай жолын таңдау – олардың ішкі ісі. Сондықтан бұл сұрақтарыңызды маған емес, атаптан елдердің Президенттеріне қойғандарыңыз жөн деп білемін. Ал енді нарық жолына түстік десек, біздегі валюта саясаты әбден дұрыс деп санау керек.

### **Сұрақ:**

— Финанс-қаражат төңірегінен тағы бір сұрақ. Қазір Қазақстанда 1995-96 жылдардағы банкроттар сериясынан кейін 200-ден астам банкіден жүзге жуық банк қана қалды. Ұлттық банк жасаған 2-денгейдегі банкілерді рекапитализациялау жоспарынан кейін олардың бірсыптырасының тағы да жабылуы мүмкін. Бұл финанс тұрақтылығына кері әсер етіп, мекемелер арасындағы тәлем жүйесіне кесірін тигізбей мे?

### **Н. Назарбаев:**

— Жоқ. Банкілердің банкротқа үшінде – нарық экономикасындағы заңды құбылыс, тіпті ең дамыған елдерде де кейбір банкілер жабылып, енді

біреулері бірігіп жатады. Банкілерге қойылар талаптың тым әлсіз болуы (жарғылық қордың төмендігі), заңдардың жетімсіздігі (банкілік қызмет туралы арнайы заңының жоқтығы), лицензия берудегі талапсыздық салдарынан нарыққа көшкен алғашқы жылдарда ұсак-түйек банкілердің жаңбырдан кейінгі саңырауқұлақтай қаптап кеткендігі рас. Қазіргі талап басқаша. Енді осы талаптарға толық жауп беретін банкілер ғана қалмақ. Мұны түсінген кейір коммерциялық банкілер өз бетінше бірігіп, ірілену үстінде. Тіпті бақылау пакеті мемлекеттің қолындағы ең ірі банкілер – Әлембанк пен Тұранбанк бірігіп, Тұран-Әлем банкі болып қайта құрылды. Халықтық банк реформаға сай жұмыс істей бастады, соның негізінде салымшылар бұрынғыдай алдамышы проценттерге қызығып, тарст компанияларына немесе келешегі бұлдыңғыр коммерциялық банкілерге емес, Халықтық банкіге сала бастады. Бұл да халықтың экономикалық сауаттылық дәрежесінің ескендігінің, мемлекеттік банкілерге деген сенімнің орныға түскендігінің белгісі болса керек.

#### **Сұрақ:**

– Жыл сайын тұтыну тауарларына деген бағаның өсуі де тоқтар емес...

#### **Н. Назарбаев:**

– Нарық жағдайында бағаның өсуі – заңды құбылыс. Салыстырып көріңіздерші: ұлттық теңгеміз шығарылар алдында баға ай сайын, апта сайын ғана емес, кейде күн сайын өсіп тұрмап па еді? Қазір ондай емес. Баға тұрақтана бастады. Отken жылы бағаның өсуі 128 процентке дейін төмендейді. Ресейде бұл көрсеткіш – 121, Өзбекстанда – 162, Қырғызстанда 135 процент құрады. Бұл – Қазақстанда баға өсуінің барған сайын төмендеуі мен тұрақтануының белгісі. Инфляцияны төмендету бағаны арзандатумен бірдей деп есептеу керек.

#### **Сұрақ:**

– Сіз 1997 жылды Жалпыұлттық татулық пен саяси құғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы деп жарияладыңыз. Сіздің бұл қадамыңызды саяси оппозицияны өз қатарыңызға тартудың әрекеті деп бағалаушылар болды. Бұған не айттар едіңіз?

#### **Н. Назарбаев:**

– Қалай десе де, Қазақстан – кешегі 15 одақтас республиканың ішінде ішкі саяси ахуалының тұрақтылығымен ерекшеленетін ел. Бұл – біз ұстанған ұлттық саясаттың дұрыстығының айқын айғағы. Осыны көре алмайтындар да жоқ емес. Ара-тұра саяси ұпай жинағысы келіп, "орыс мәселесін" көтеретіндер, казачество проблемасын алға тартатындар, тіл мәселесінен түткіл іздейтіндер де бар. Экономиканы алға жылжыту үшін, сырттан инвестиция әкелу үшін, ең алдымен, ішкі тұрақтылық қажет. Қазақта: "Жау жоқ

деме – жар астында, бөрі жоқ деме – бөрік астында" деген сөз бар. Бізде "саяси тұрақтылық бар" деп қайталай бергенше, оны орнықтырып, нығайта түскен жөн. Оның үстіне Қазақстанда көптеген ұлт өкілдері тұрады. Біле білсек, бұл – біздін рухани байлығымыз. Ендеше, сол алуан ұлттың өкілдеріне жарасымды жағдай туғызу Елбасының да басты міндепті емес пе?! Оның үстіне XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстанға – үйғырлар мен дүнгендер, Столыпин реформасы кезінде – орыс переселендері, отызыншы жылдары – көрістер, Ұлы Отан соғысы кезінде Солтүстік Кавказ халықтары, қалмақтар, Ресей немістері қоныс аударды. Олар Қазақстанды екінші Отаным деп біледі. Қазір шет елдерде тұрып жатқан ұлты басқа болғанмен, Қазақстанда туып-өскен отандастарымыз қаншама. Тағдыр талқысымен үркіншілік жылдары шет елдерге босып кеткен қандастарымыз атамекенге оралып жатыр. Оларға, жергілікті басшылардың назарын аудару керек. 1997 жылды ұлтаралық татулық жылы деп жариялағандағы мақсат – жазықсыз құрбандарды еске түсіру, сондай зұлматты болдырмау үшін Қазақстандағы ұлттар мен ұлыстарды ұлтаралық келісімге шақыру.

### **Сұрақ:**

– Қазақстандағы саяси партиялар мен саяси оппозицияға қалай қарайсыз?

### **Н. Назарбаев:**

– Қазақстанда саяси партиялар құру, оны тіркеу, өз жарғысы шенберінде саяси жұмыстар жүргізуге толық еркіндік берілген. Егер саяси партиялар ел мүддесі үшін жұмыс істеп, халқымыздың болашағы үшін әрекет жасайтын болса, халықтың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған ұсыныс-жобалар түсірсе, олардың кез келгенімен жұмыс істеуге әзірмін.

Егер олар елдің тыныштығын бұзып, саяси тұрақтылық пен ұлтаралық келісімге нүқсан келтірер болса – олардан біздің жолымыз бөлек. Алтыншы ақпандары кездесуден кейінгі ұққаным: Қазақстандағы көптеген саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктер, ұлттық мәдени орталықтар бүтінгі саясатты қолдайды. Өйткені біздің саясатымыз келісім мен татулыққа бағытталған. Ал компартия заманы келмеске кеткен. Оны қайта тірілтудің қажеті жоқ. Тіпті тірілткен күннің өзінде, оның идеялары заман көшінен қалып қойған. Елді қысып, жойқын империялық саясат жүргізіп, халқымызды еркінен, тілінен айыра жаздаған большевизмге қазақ халқы әр уақытта қарсы тұруы қажет. Сол үшін биылғы жылды репрессия мен тоталитаризм құрбандарын еске алу жылы деп атаған жоқпыш ба? Ел мүддесін ойлаған азаматтар мен үйимдар қол ұшын берсін. Айтар ойы мен ұсынысы болса, айтсын. Өкімет оны қарауға тиіс. Бәрімізге уақыт таразы. Кімнің – дұрыс, кімнің бұрыс екендігін тарих өз таразысына салатыны көміл. Тек сол тарих талқысы алдында арымыз таза болса, болғаны. Жалпы кез келген мемлекетте оппозицияның

болуы, оның ашықтан-ашық жұмыс істеуінің өзі – мықты мемлекеттіліктің белгісі. Ендеше, біздің оппозициядан ығысатын еш ренішіміз жоқ. Тек әйтепер үлі жазушы айтқандай: "Сын – шын болсын, шын – сын болсын" дегендеп кін.

**Сұрақ:**

– Қазақстан Үкіметінің қызметіне көніліңіз тола ма? Кейінгі кезде Примьер-министрдің отставкасы туралы әңгіме жиі айтылатын болып жүр.

**Н. Назарбаев:**

– Қазіргі Үкімет инфляцияны ауыздықтауда, экономикалық реформаны жүзеге асыруда біршама жетістіктерге қол жеткізді. Мұны ашық айту керек. Қажығелдиннің де қазіргі атқарып отырған қызметі дұрыс. Мен Үкіметтің 1998 жылға дейінгі жоспарын бекіттім. Қазіргі Үкіметтің тағдырын сол жоспардың орындалуы шешеді.

**Сұрақ:**

– Кейінгі кезде Президент Әкімшілігін қүшетуге бағытталған бірқатар шаралар атқарылды. Үкімет аппараты таратылып, кеңсеге айналдырылды. Мұның бәрі онсыз да үлкен өкілеттігі бар Президент Әкімшілігі үшін артықтау емес пе?

**Н. Назарбаев:**

– Кадр алмасуы – кез келген мемлекеттегі занды құбылыс. Біз бір кездері Үкімет пен Президент аппаратын біріктірген едік. Соның нәтижесінде қағаз көбейді, жауапкершілік азайды. Кейін екеуінің ара-жігін ажыраттық. Осы тұста Президент жарлықтары мен өкімдерінің орындалуын қадағалау міндеп туындаады. Президент әкімшілігінің құрылымдары жетілдірілді. Ал Үкімет аппаратына келсек, ол сендер айтқандай таратылған жоқ, кеңсе ыңғайында ықшамдалды. Біз қағаз көбейтүмен ғана айналысатын шенеуніктерді азайттық. Оның есесіне тікелей жұмыс атқаратын министрліктердің құқы қүшеттілді. Сондықтан қысқарту Үкімет саласындағы реформа жұмысына кедергі жасайтын бюрократтық пен қағазbastылыққа қарсы құреске бағытталған. Бұдан Үкіметтің жөне тікелей атқарушы билік өкілдері – министрліктер мен комитеттердің құқықтары мен еркіндіктері барынша нығая түспесе, көмімейтін болады.

**Сұрақ:**

– Сіздің облыстардағы тікелей өкілініз болып табылатын бірқатар облыс басшылары – Л. Десятник, С. Пачин қызметтен кete салысымен Мәскеуден бір-ақ шықты, бұрынғы Жоғарғы сот тәрағасы В. Малахов, ішкі істер министрі В. Шумов пен бір кездері Министрлер Кеңесі тәрағасының бірінші орынбасары болған О. Сосковец туралы да алышқашпа әңгімелер көп.

### **Н. Назарбаев:**

– Егер Қазақстанда қызмет істеген жылдары қылмысты іске жол бергендер болса, олар қашан болса да заң алдында жауап беруге міндепті. Ал тапсырылған қызметті атқара алмай, қызметтен босаған лауазымды адамдардың қайда тұрып, қайда жұмыс істеймін десе де өз еркі. Жоғарыда аталған адамдардың кейбірінің үстінен іс қозғалған (С. Пачин, В. Малахов). Оның нәтижесі жүртшылыққа хабарланатын болады. Жалпы бұл ойландыратын мәселе. Бұрын зауыт-фабриктердің директорлары түгелдей орыс халқының өкілдері болып келді. Кейін солардың көпшілігі Ресейге қарай ығысты. Оған не амал барын ойланамыз.

### **Сұрақ:**

– Кейінгі кездерде Сіз кадр мәселесінде жастарға сенім арта бастадыныз. И. Тасмагамбетов (Вице-премьер), О. Жандосов (Ұлттық банк), А. Сәрсенбаев (Ұлттық баспасөз агенттігі), К. Колпаков (Әділет министрі), Ә. Шукенев (Экономика министрі), З. Кәкімжанов (Президент көмекшісі), алды қырыққа, соны отызға енді келген азаматтар. Алдағы уақытта осы тенденция жалғаса ма?

### **Н. Назарбаев:**

– Әрине, бизнесте, саясатта, ғылымда өзін-өзі көрсете білген жастарға әрдайым жол ашық. XXI ғасыр солардың емес пе?! Жақында қазақстанның жас кәсіпкер, ғалым Е. Қалиевке Қазақ темір жолын, Қазкоммерцбанк өкілі Е. Бектұровқа Қазақстан Әуе жолын басқаруға бердік. "Жас келсе – іске" деген. Көрсетсін. Халқына пайда келтірсін. Атын айтпай-ақ қояйын, менің тұрақты назарымда жүрген басқа да жас таланттар бар. Уақыты келгенде, соларды да сынап көреміз.

### **Сұрақ:**

– Қазақстандағы білім беру ісіне көнілініз тола ма?

### **Н. Назарбаев:**

– Кеңес Одағы ыдыраған соң көптеген өндіріс алыштарының жұмысы тоқтап, банкротқа ұшырап, жекешелендіріліп жатқан кезде біз білім беру жүйесін сол күйінде сақтап қалдық. Қазақстанда бір де бір жоғары оқу орны жабылған жоқ. Облыс орталықтарындағы шағын институттар бірігіп, университеттерге айналды. Әлемдік деңгейдегі талаптарға жауап беретін КИМЭП, Франциямен бірге Жоғары басқару мектебі, Түркиямен бірге Туркістандағы қазақ-түрік халықаралық университетті ашылды. Отыздан астам жекеменшік жоғары оқу орындары жұмыс істей бастады. Орта мектептердің де жағдайы осындай. Қазақстанда әлі күнге дейін мектеп оқулықтары тегін беріледі. Сөз жоқ, мұның бәрі ТМД-дағы өзге мемлекеттермен салыстырғанда әлдеқайда жақсы көрсеткіштер. Алайда, кемшіліктер де орын

алды. Сендер екеуің менімен бірге талай шетелдік сапарларға шыққанда күәсі болдындар: әрбір дамыған елге барған сайын сол елдің үлкен оқу орындарымен екіжақты студент алмасу келісіміне қол жеткізіп қайтамын. Ол аз десендер, Президенттің "Болашақ" стипендиясын белгілеп, ең талантты жастарымызды шет елдердің ең айтулы университеттеріне оқытуға жіберттім. Неге? Елдің өртөн жасайтындар солар. Ең қайтарымды, ең ізгі капитал – жастардың заман талабына сай білім алуына жұмсалған қаражат. Ал менің кейбір министрлерім мен жоғары лауазымды адамдар қарапайым халық арасынан шыққан талантты балаларға арналған Президент стипендиясын жең үшінан жалғасып, өз балалары мен немерелеріне бөліп алған. Бұл үшін олар тиісті жазасын алды да. Енді осы саладағы жұмыстарды ретке келтіру үшін жас Вице-премьер И.Тасмағамбетовке Білім және мәдениет министрі қызметтің қоса жүктеуге тура келді. Өйткені оның халқымыздың білімі мен мәдениетіне деген көзқарасын жақсы білемін.

### **Сұрақ:**

– Бір кездері Сізді "орысшыл, Ресей басшылығы істерін қайталайды" дег айыптаушы еді. Қазір Сіз реформаны жүргізуде ғана емес, Үкімет құрамын жетілдіруде де Ресейдің алдын орап кеттіңіз. Қазақстан Үкіметінің басшылығы мен құрамын жетілдірудегі жарлықтарыныңдың мақсаты қандай?

### **Н. Назарбаев:**

– Қазақстанда жүргізілетін реформалар біреуге еліктеу немесе біреудің алдын орау үшін істеліп жатқан жоқ. Ол, ең алдымен, Қазақстан экономикасын реформалаудан туындейды. Астанамыз Ақмолага көшер алдында: "бізге елуге жуық министрліктің қажеті бар ма?" деген сұрақ туындағы. Зейнеткерлер мен бюджеттегілердің жалақысы уақытында төленбей жатқанда, осынша министрліктің аппаратын (қаншама министр, олардың орынбасарлары, әр министрліктегі бірін-бірі қайталайтын басқармалар мен бөлімдер, көлік, ғимарат) ұстал тұру оңай емес. Сондықтан біз Үкімет құрамын ықшамдал, 20 министрліктен – 14, 13 мемлекеттік комитеттен – 6, 14 салалық құрылымнан 5-еуін ғана қалдырыдық. Үкімет мүшелерінің саны екі есе қысқарды. Бұл Үкіметтің келісімді жұмыс істеуіне де қолайлы, халыққа да пайдалы.

### **Сұрақ:**

– Қазір кейбір облыстар, аудандар таратылады деген сөздер де көбейіп кетті. Осы мәселенің анық-қанығы қалай?

### **Н. Назарбаев:**

– Бұл да заман талабынан туындаған міндет. Кешегі КСРО заманында Политбюроға мүше болу үшін республикалардағы облыс саны 20-дан кем болмау керек деген талап қойылып еді. Әрбір обкомның бірінші хатшысы өз облысында аудан санын көбейтуге құмар еді. Сол кездерде экономикалық

тиімділігі ескерілместен, Қазақстанда бірқатар жаңа облыстар мен шағын аудандар ашылды.

Сондықтан мен жергілікті өкімшілік-аумақтық бөліністі ретке келтіру үшін аудандар санын қысқарту мақсатын алға қойдым. Менің қаншама талап қойғаныма қарамастан, 220 ауданның тоғызы ғана қысқарды. Бұл өте аз. Әл, де аудандарды қысқарту керек. Халық бұл қысқартудан қам жемесін. Қаншама әкім мен оның аппараты, аудандық басқару органдары қысқарды. Оларды ықшамдаудан түскен ақша зейнетақы, жалақы төлеуге жұмсалады. Бізде көптеген ауылдық аудандарда 20-30 мың халық бар. Бір ғана Шымкентте 600 мың адам тұрады (20 ауылдық ауданның халқы), осы қаладағы төрт ауданды қысқартып едік, жаман болған жоқ. Ұңғайлы, ықшам жұмыс істеп отыр. Сондықтан аудандарды қысқартудан қарапайым халыққа пайдадан басқа зиян жоқ. Облыстарға менің қарсылығым жоқ, егер сол облыс өзін-еzi қамтамасыз етсе. Ал бізде 10-нан артық облыс дотация алады. Оларда уақытында зейнетақы, бюджетті мекемелер қызметкерлерінің жалақысы төленбейді. Халық ойлансын, бізге әкімдер санын көбейту керек пе, әлде елдің хал-жағдайын түзеу керек пе? Сондықтан барлық ел болып қайткен күнде облыс, аудан санын сақтап қалуды емес, Қазақстанның әлеуметтік құрылышын жақсартуды, оны жетілдіруді ойлауымыз керек.

### **Сұрақ:**

– Енді Президент Әкімшілігіне келіп түскен сұрақтарды Сіздің назарыңызға ұсынғымыз келеді. Қазақ тілі мемлекеттік мәртебе алғанымен, іс қағаздары, үлкенді-кішілі жиындар орыс тілінде өткізіледі, бір кездері ашыла бастаған қазақ мектептері жабылып жатыр.

### **Н. Назарбаев:**

– Ата Заңымызда тілімізге мемлекеттік мәртебе берілді. Қазіргі Тіл туралы Заңда оның қоғамда қолданылу аясы да нақты көрсетілген. Осы заң негізінде Үкімет бағдарламасы бекітілуге тиіс. Сондықтан қазақ тілінің басына тәнген қауіп (жойылып кетудің аз-ақ алдында тұрып еді ғой) қазір жоқ, ендігі мақсат – оның беделін көтеру, қолдану аясын кеңейту. Бұл – уақыттың еншісі. Өз басым өзгелерге сабак болсын деп, әрбір жоғары дәрежелі келіссөздерде, баспасөз конференцияларында, теледидардан, биік мінбелдердегі сөздерімде үнемі және міндетті түрде қазақша сейлеп журмін. Тілді сыйлауды өзімізден бастауымыз керек. Ешкімге зорлап тіл үйрете алмаймыз. Ондай "от басы, ошақ қасы патриотизм" ешкімге пайда бермейді. Қазақ мектептері жабылмауға тиіс (алыс елді мекендердегі бірігуге, ірілендіруге түскен бастауыш орталаш мектептерден басқа. Егер ондай нақты дерек болса, Президент Әкімшілігіне хабарласын – тиісті шешім қабылдаймыз.

### **Сұрақ:**

– Шет елдерден қоныс аударған қандастарымызға тиісті жағдай жасалмайды. Осыған көніл бөлсөніз екен.

**Н. Назарбаев:**

– Отанына көшіп келемін деген қазаққа есік ашық. Бәріне де азаматтық беріледі. Жағдай түзелген сайын біз де Германия мен Израиль сияқты қаражат бөлетін боламыз. Әзірше қомегіміз аздау. Дегенмен, қолдан келгеннің бәрін жасаудамыз. Егер Қазақстан Үкіметі тарапынан тиісті көніл бөлінбесе, мемлекетаралық байланыстарда халықаралық құжаттар арқылы реттелмесе, отандастарымыз тұған жерге қалай келер еді. Кейінгі екі-үш жылда Монголия, Иран, Түркия, Қытайдан көптеген отандастарымыз көшіп келді. ТМД елдерінен де көшіп келіп жатқандар барышылық. Тұған жерге оралғандардың алғашқы легі халқы тығыз орналасқан, жұмыссыздық жағы басым онтүстік өлкегерге табан тіреді. Одан кейінгі легі Арқаға қарай қоныс тепті. Эрине, үйреншікті ортадан кету, басқа мемлекет, басқаша өмір салтына көндігу онай емес. Келген ағайындар жергілікті жердің шама-шарқына орай баспанамен қамтамасыз етіліп, жұмыспен қамтылуда. Олардың бәріне бір күнде бас spanna тұрғызып, барлық проблемаларын шешіп беру мүмкін емес шығар. Ағайындарға айтарым, қаншама ел асып, құтты қонысқа келген екенсіздер, аз ғана қындықтарға шыдау керек. Астанамыз Ақмолаға қарай көшіп жатыр. Жастар жағына жұмыс күшін қажет ететін жаңа астана мен астаналық облысқа қарай көшкен жөн дер едім. Жақында менің шет елдерден көшіп келушілерге арналған 1997 жылдың квотасын белгілеу жөніндегі Жарлығым шықты. Халық дұрыс түсінін: бұл алыстан келетін отандастарға шек қою емес, келгендеге жағдай жасауға бағытталған шара. Осы квота бойынша қоныс аударған ағайындарға жергілікті әкімшілік жағдай туғызуға, қамқорлық жасауға тиіс. Ресейдегі, Орта Азиядағы отандастарымыздың ауысуға мүмкіншіліктері молдау деп ойлаймын. Барша халық болып келгендеге қамқорлық жасау керек.

**Сұрақ:**

– Жақында Арап проблемасына байланысты бес мемлекет басшысы Алматыда бас қости. Арапды сақтау мүмкін бе, енді Арап өнірінің халқына жағдай жасала ма?

**Н. Назарбаев:**

– Біз Арап дегенде Қазақстан картасында белгіленген тұтас теңізді көз алдымызға елестетеміз. Қазір ол Арап жоқ. Оның жағалауы ұсақ-ұсақ көлшіктерге, өзі кіші Арап (Қызылорда жағы), үлкен Арап (Қарақалпақстан жағы) болып екіге бөлініп кеткен. Оны қалай сақтап қалу керек. Бұл – бүкіләлемдік проблема. Біздің мақсатымыз, алдымен, Арапды біржолата құрып кетуден құтқару. Екіншіден, Арап аймағындағы халықтың денсаулығын сақтау, сауықтыру.

**Сұрақ:**

– Құрметті Президент! Бүгінгі барынша ашық жағдайдың өткен сұхбатында қызыға рахмет айта отырып, еліміз әз Наурызын, Құрбан айтын тойлап жатқан күндері халқынызға айтар тілегіңізді білгіміз келеді.

### **Н. Назарбаев:**

– Біріншіден, нарықтың қыындығын мойымай көтеріп жатқан халқыма шексіз ризашылығымды білдіремін. Екіншіден, еліміздің ертеңіне нық сенемін. Биыл – қыындықтан шығудың соңғы жылы. Келесі жылдан бастап тәуелсіздік алған алғашқы алты жылдың ішінде атқарылған жұмыстың жемісін бастаймыз. Жеті – халқымыз үшін киелі де қасиетті сан ғой. Сол тәуелсіздігіміздің жетінші Наурызына да аман-есен жетейік. Барша отандас-тырыма ұлыстың ұлы күні тек жақсылық пен жарқын болашақ тілеймін.

Наурыз құтты, айт қабыл болсын, ағайын!

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ  
Н. Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ЖӘНЕ ТӘУЕЛСІЗ  
БАСЫЛЫМДАРДЫҢ ӨКІЛДЕРІМЕН  
БОЛҒАН БАСПАСӘЗ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНДА  
СӘЙЛЕГЕН СӘЗІ\***

---

Алматы, 17 сәуір 1997 жыл

**БАСПАСӘЗ – ҚОҒАМДЫҚ ОЙ-ПІКІРДІҢ АЙНАСЫ**

Уәлихан Қалижан.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев баспасәз үшін ашық па? Бұл сұрақты мен Малайзияда, Сингапурда, Австралия мен Үндістанда журналист әріптестерімнен естідім. ТМД елдеріндегі қаламгерлер оған қоса Қазақстанда "сөз бостандығы бар ма, жоқ па, өлде ол қағаздаған ма" деп күдік келтіре сөйлейтіндерін қайтерсің. Елбасының алыс және шетелдік журналистермен, республика баспасәз өкілдерімен кездесуі өр сәт ашық, ешқандай жабық тақырыптарсыз өрбітіні ешкімге жасырын емес. Бұл ретте кеше Елбасының өз резиденциясында болған баспасәз жетекшілерімен кездесуі ерекше жағдайда өткендігін айтсақ та жеткілікті. Сонымен...

**ПРЕЗИДЕНТТІҢ АЛДЫНДА ҚАНДАЙ ГАЗЕТТЕР ЖАТЫР?**

Мемлекеттік және тәуелсіз басылымдар өкілдері «кеңілдір көл» деп аталағын залда жиналыштырымыз. Міне, Елбасы да келді.

– Сәлеметсіздер ме!

Сіздермен көп болды әңгімелеспегелі. Бұғынгі кездесуіміз үш айрымнан тұрсын.

– Әуелі мен әңгімелейін, одан соң сендер...

Бұл екеуі біткен соң жолдың арғы бетіндегі аллеяға ағаш отырғызыбы.

– Міне, бұғын мен қараған басылымдар... "Егемен Қазақстан", "Жас Алаш", "Ана тілі", "Түркістан", "Қазақ елі", "Казахстанская правда", "Ковчег", тағы басқалар. Ертең бұдан да көп басылым шығады. Бәрін де оқимын, бәрін де ой елегінен өткіземін. Қазақ басылымдарының өн бойына жан кіре бастады. Экономикалық тақырыптарға там-тұмдап болса да кіркіті... Бұдан түйген ой мынандай:

---

\* "Егемен Қазақстан" газеті, 18 сәуір 1997 жыл.

## **ЕЛБАСЫ БАСПАСӘЗДЕН ҚАНДАЙ МӘСЕЛЕЛЕРДІ КӨРГІСІ КЕЛЕДІ?**

Баспасөз – қоғамдық құбылыстың айнасы. Сондықтан да Президент те Республикадағы экономикалық реформалардың журу барысын баспасөз беттерінен көргісі келеді. Қазір үстірт мәселеге деңдемей, тұспалдал жазудың уақыты емес. Бүгінгі Қазақстан өмірінде болып жатқан экономикалық саяси және рухани өмірдегі онды өзгерістерді талдап, сараптау жағы кемшін.

Елбасы баспасөз алдындағы міндеттерді алыстан байқап, ой түйеді, бағыт-бағдар сілтейді. Орынды сөзге орынсыз уәж айта алмайсың. Мәселен, кешегі Қеңес Одағынан бөлініп шықкан республикалардың өмірінде қандай құбылыстар бар. Олардағы жағдай мен біздегі тұрмыс қандай? Салыстыра отырып, талдау жасалса қандай болар еди? Бұдан ұтамыз ба, ұтыламыз ба? Әрине, ұтыс көп.

Қазақстандағы инвестициялық ауанның жай-жапсары тереңірек көрсетілсе. Арнайы комитет құрылды. Өзара интеграциялық процестердің қалай жүріп жатқанын Қазақстан халқы білуге тиіс.

Қазір ТМД елдері, сондай-ақ дамыған елдер Еуразиялық даму идеясын түсіне бастады, оған мән берілуде. Бұл бүгінгі күннің өзекті тақырыбы емес пе?

Қазақстан баспасөзі қоғамдағы болып жатқан экономикалық реформалардың насиҳатшысы болып отыр. Бұл анық. Шынында, нарықтық даму процесінде ресми, нәмесе тәуелсіз басылымдар арасында өзекті алшақтықтар жок. Екеуі де бұл мәселелерде қоғамдық ой-пікірді дұрыс қалыптастыруда.

Даму процесі өнді тоқтамайды. Кері жол жоқ.

Мұны халыққа түсіндіру қажет. Ауылдағы жекешелендіру процестерін зерттей жазған жән. Орта және шағын бизнес ше? Түрі жекеменшік, мазмұны – колективтік ұжымдар күш біріктіре тығырықтан шыға алады. Бұл мәселеде онды да, кемшін тұстар да аз емес. Мәселе көтер, зертте, сына, ұсыныс айт.

## **ЖУРНАЛИСТЕР ЗАҢ ЖҰЗІНДЕ ҚОРҒАЛУҒА ТИІС**

Қазақстан Республикасының Конституациясында сөз бостандығына кепілдік берілген. Журналистерге қысым жасаудың кез келген түріне тыйым салынған. Ал бұл қабылданатын Зандарда көрініс тапқан ба? Маған да оңай емес. Кейде орынды, кейде орынсыз іліп жатады. Бірақ бұған қарап демократиялық үрдістерді бұзуға болмайды. Ал жаншығысы келетіндер табылады... Сондықтан да бүгін Сіздермен кеңескен сон, Премьер-министрге қылмыс кодексіне қосымша екі бап кіргізіп, парламентке өткізууді тапсырамын.

## **БІР АУДАННЫҢ ҚЫСҚАРУЫ ҚАНША ҚАРЖЫНЫ ҮНЕМДЕЙДІ?**

Президенттік басқару жүйесіне сәйкес үкімет құрылымында үлкен өзгерістер жасалды. Расында, бұл Қазақстан халқы тарапынан үлкен қолдауға ие болды. Кезінде, саяси бюроның мүшесі болу үшін кемінде 20 облыс қажеттін. Сан бар да, сапа жоқ. Сондықтан бұл бүгінгі күнде реформаға кесірін тигізбесе, пайда өкелмейді. Шенеуніктер көп болған сайын ұрлық пен қарлық көп болады.

Қазір Республикада 217 аудан, 87 қала бар. Осының бәрі қыруар қаржыны қажет етеді. Мәселен, бір ауданда қаншама мекеме бар, оларға қанша көлік, айлық қоры қажет. Қазір сол аудандардың 9-ы ғана қысқарды. Бір ауданды қысқарту 25-30 миллион теңге үнем береді. Бұл қаржылар басқа жаққа кетпейді. Елбасының нұсқауы бойынша ол қаржылар сол аудан көлемінде қалады. Ең алдымен зейнеткерлердің зейнетақысына, мұғалімдер мен дәрігерлердің еңбекақысына жұмсалады.

**ВЫСТУПЛЕНИЕ  
ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН Н. А. НАЗАРБАЕВА НА  
ВСТРЕЧЕ С РУКОВОДИТЕЛЯМИ РЯДА РЕСПУБЛИКАНСКИХ  
СРЕДСТВ МАССОВОЙ ИНФОРМАЦИИ\***

---

*Алматы, 17 апреля 1997 года*

В нашем обществе происходят заметные радикальные перемены. И они, конечно же, не могут оставаться вне поля зрения казахстанской прессы. Сегодня от журналистов требуется более полное и обстоятельное отражение хода осуществляемых у нас преобразований. В газетных публикациях, теле- и радиопередачах мало серьезного анализа с трудом

приобретаемого опыта реформирования экономики и социальной сферы. Это следует делать в сравнении с тем, что у нас было раньше, и с тем, что делается в сопредельных странах, прежде всего ближнего зарубежья.

Сейчас уже не идет речь о возврате к прошлому. Мы должны говорить и даже спорить о формах и методах установления рыночных отношений. Важной темой для журналистов также является проблема привлечения отечественных и иностранных инвестиций в сферы материального производства. Силу газетного слова, эмоциональный потенциал телевидения и радио следует полнее использовать для воспитания молодежи будущего нашего государства. В этой связи необходимо вести широкую пропаганду девиза нынешнего года, объявленного Годом общенационального согласия и памяти жертв политических репрессий.

Я предлагаю ежегодно 28 июня отмечать День работников средств массовой информации как профессиональный праздник журналистов республики.

---

\* Газета "Акмолинская правда", 19 апреля 1997 года.

# ВЫСТУПЛЕНИЕ ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН Н. А. НАЗАРБАЕВА ВО ВРЕМЯ ВСТРЕЧИ С РУКОВОДИТЕЛЯМИ РЯДА РЕСПУБЛИКАНСКИХ СРЕДСТВ МАССОВОЙ ИНФОРМАЦИИ\*

*Алматы, 3 мая 1997 года*

*В начале встречи Президент предложил разделить разговор на три части: он прежде всего расскажет о целях преобразований и задачах государства, поделится мыслями, потом ответит на вопросы. Затем все выйдут на улицу, заложат новый парк, аллею журналистов, напротив резиденции.*

Правда, на них мы говорим по определенной тематике, встречаемся по определенному событию, но и тогда ставятся вопросы, касающиеся взаимоотношений государства и средств массовой информации, которые необходимо решать. Я думаю, сегодня есть возможность об этом поговорить поподробнее.

Начнем с вопроса газеты "Ковчег" о таможенных пошлинах, которые с 1 января сделали еще более невыносимыми расходы редакции на приобретение бумаги, красок и т. д. Я поручил Правительству внимательно рассмотреть его, но если подойти с законодательной точки зрения – это вопрос Закона о налогах. Поэтому возможно его рассмотрение вместе с изменениями в Налоговый кодекс, и не в середине года, а вместе с бюджетом через изменение закона. Давайте подумаем, я готов помочь, чтобы средства массовой информации, по крайней мере, могли жить, существовать, нормально обеспечивать свою работу. Я за это. Что для этого нужно? Давайте совместно посмотрим.

Недавно исполнилось пять лет популярной газете "Панорама", которую я постоянно и внимательно читаю. Я обещал дать этой газете в связи с юбилеем эксклюзивное интервью. На все вопросы подготовил ответы.

Теперь я обращаюсь к газетам, которые выходят на казахском языке. Через них населению объясняются цель и суть проводимых сейчас реформ, цель народной политики. Я внимательно читаю почти все газеты, ну, например, постоянно "Егемен Қазақстан", "Түркістан", "Қазақ елі", "Қазақ әдебиеті", журналы.

---

\* Газета "Казахстанская правда", 6 мая 1997 года.

На их страницах поднимаются злободневные вопросы, особенно в последнее время, приводятся мнения представителей разных национальностей, интеллигентии. Причем как в русскоязычных газетах, так и в газетах на казахском языке. Идет обмен этой информацией, она доводится до той или другой аудитории, высказываются различные мнения.

И все же показ новых людей, на селе – фермера, в городе – бизнесмена, изменившейся ситуации пока что недостаточен. Средства массовой информации являются общественным воспитателем, влияющим на сознание людей. Мы должны укреплять веру в государство, сейчас нужен оптимизм, а не ожидание какой-то катастрофы. Мир не рушится, а меняется, меняется объективно. В этом главная суть вопроса. Нет же ни у кого, я считаю, желания повернуть вспять то, что произошло, да и как это возможно сделать? Если так, то, даже резко критикуя недостатки и упущения, которые, безусловно, есть, но, выражая мнение народа, населения Казахстана, вы все же должны дать почувствовать ростки нового и ориентировать народ на будущее, а не на прошлое. Это главное, о чем я хотел сказать.

И второе. Мне как-то на встречах с журналистами, на пресс-конференциях приходилось говорить, и еще раз хочу повторить, что нынешний год объявлен Годом общенационального согласия и памяти жертв политических репрессий. Я думаю, и 37-й, и 38-й, и 39-й годы, когда гибли ни в чем не повинные люди, были созданы в Казахстане многомиллионные концентрационные лагеря, – все это должно быть темой для обстоятельного разговора.

Однако раскройте газеты, посмотрите телевидение! Благодарность можно высказать только программе "Казахстан-1", которая постоянно обращается к этой теме. А ведь она неисчерпаема. Сегодняшней молодежи, которая ничего этого не знает, надо рассказывать о прошлом, чтобы она проявляла бдительность и не позволила возвратиться тому, что было. Вот об этом мы очень мало говорим.

Хочу поделиться некоторыми мыслями по текущим проблемам. Я уверен, что сегодня казахстанская пресса стала по-настоящему активным сторонником всех преобразований, которые у нас происходят, и это не просто слова. У нас появились издания, для которых рыночная экономика, рыночные отношения стали своего рода убеждением, путем не только выживания, но и успешного развития, ибо они и сами подвержены именно новым реалиям, новой реформе. Это, во-первых.

Во-вторых, сегодня необходимость рыночных преобразований конструктивно средства массовой информации уже не отрицают. Споры идут лишь о путях и формах этого перехода к рынку, и это нормально. Надо такие дискуссии продолжать, но только вести их в нашем многонациональном государстве следует в конструктивном русле. Тем самым, в конечном счете, оказывается помочь процессу приватизации, развитию малого и среднего бизнеса, без которых мы действительно не можем двигаться вперед.

В-третьих, те издания, которые призывают людей обратно в социализм, уже не имеют аудитории, ни малейшей перспективы возрождения. Их тиражи практически дошли до нуля.

Тәуелсіздік алғаннан кейін еліміз бұдан бұрын бастан кешпеген зор проблемаларға тап болды. Қасаң да ескі көзқарастар мен психологиялық стереотиптерді жене отырып, іс жүзінде таза жерден бастап жаңа мемлекет құруға, түбекейлі саяси және экономикалық реформалар жүргізуге тұра келді. Бұл жұмыс көп реттерде Қазақстанды халықаралық рыноктардан, әлемдік тәжірибеден, ғаламдық білім мен ақпараттан үзілді-кесілді бөліп тастаған, сол кезде өлі алына қоймаған "темір шымылдықтың" қырсығынан қыынданай түсті.

Бізге экономикалық қатынастардың бұзылған жүйесі, апатты түрде тұра-лап қалған технологиялар, жаңа жағдайға бекімделмеген инфрақұрылым мен коммуникациялар жүйесі мұра болып қалды. Нұсқаумен белгіленген баға-лар жүйесі қисық айналар патшалығын еске салатын. Өзінің икемсіз де тиімсіз менеджментімен қоса, мемлекеттік меншік шексіз билік құрып тұрды. Сауда-саттық болса, әміршілдік-әкімшілдіктің шынжырымен шырмалған еді. Қалыпты жағдайда жекеменшік сектор атқаруға тиісті аса зор, әсіресе, әлеу-меттік саладағы толып жатқан қызметтер мемлекеттің мойнына түсті.

\* "Егемен Қазақстан" газеті, 6 маусым 1997 жыл.

Реформалар басталған кезде инфляция жылына 2200 процентке дейін жетіп, жүгендік кеткен болатын. Бағаны ырықтандыру шаруашылық байланыстарды жаппай қайта қарауға әкеп соқтырды. Соның нәтижесінде кейбір жылдары өндірістің құлдырауы 25 процентке дейін жетті. Әлемдік рынокқа шығудың қалыпты жолдарының болмауы халықаралық сауда деңгейінің күрт тәмендеуіне және тепе-тендіктің бұзылуына, экспорттың құлдырауына әкеп соқтырды. Халықтың кедейленуі, жұмыссыздық, жемқорлық және қылмыстың өсуі тәрізді әлеуметтік аурулар көбейе бастады.

Жаңа мемлекет мұндай жағдайға төтеп бере алмайды деп көп адам сәуегейлік құрған болатын. Бірақ, бүкіл қазақстандықтардың топтасқандығы арқасында, ел бұған төтеп берді. Бұл орайда әлемдік қоғамдастықтың, көптеген мемлекеттердің, барлық қыындықтарға қарамастан Қазақстанда жұмыс істей бастаған шетелдік компаниялардың елімізге көрсеткен көмегін айрықша атап өтуге болады.

Тек 1993 жылдың аяғында ғана, республика өзінің ұлттық валютасын енгізді. Шын мәнінде, тек соңғы үш жыл ішінде ғана, ол дербес экономикалық саясат жүргізіп, экономикалық реформалардың өзіндік үлгісін енгізіп келеді.

Қазір жағдай түбірінен өзгерді. Биыл инфляция 17 проценттен аспайды. Өндірістің құлдырауы тоқтатылды. Тіпті, жеті жыл ішінде алғаш рет оның аздаған өрлеуі де байқалды. Ұлттық валюта тұрақталып, ағымдағы операциялар бойынша оның өтімділігіне қол жеткізілді. Сыртқы сауда толық ырықтандырылды және соның нәтижесі ретінде экспорт пен импорт жедел қарқын алыш келеді. Еліміз алғаш рет сауда тепе-тенділігінде оң нәтижеге қол жеткізді. Бюджеттік саясат пен сыртқы қарызы алу саясаты өте байыпты өрі қатаң жүргізілуде. Қесіпорындардың 80 проценттен астамы жекеменшіктің қолында. Биыл өндірістік сектордағы жекешелендіруді аяқтау көзделіп отыр.

Қазақстан бірқатар әлеуметтік реформалар бойынша ТМД елдерінен алда келеді. Бұл салада жүргізіліп жатқан өзгерістер алғашқы нәтижелерін де бере бастады. Орташа жалақы мен зейнетақы өсіп келеді.

Халықтың мемлекетке және жүргізіліп жатқан реформаға деген сенімі артып келе жатқанын тек соңғы екі жарым жыл ішінде азаматтардың банктерге салған салымдары 5,5 еседен астам артқанының өзі-ақ куәландырады.

Әрине, алдымызда әлі де көптеген, едәуір күрделі проблемалар тұр. Алайда, еліміз аяғынан тік тұрып келеді және құннен-қунге болашаққа сеніммен қарауда. Қазір біз алыш болашаққа, XXI ғасырдың тереңіне көз тігудеміз.

Елімізде кәдеге жарайтын жердің зор аумағы ғана емес, сонымен қатар пайдалы қазбалардың аса бай қорлары да Қазақстанның сәзісі активтері қатарына жатады. Республиканың жер қойнауындағы минералды шикізаттардан алынатын ықтимал құндылықты сарапшылар 8,7 триллион доллар

деп бағалап отыр. Мыс қоры әлемдік қордың 10 процентін, қорғасын – 19, мырыш – 13, темір – 10 (әлемдегі 7-ші орын), марганец – 25 (3-ші орын), хромит рудалары – 30 процентін (әлемдегі екінші орын) құрайды. Біз уран қоры бойынша бірінші, алтын жөнінен жетінші, ал оның құрамы бойынша – екінші орын аламыз. Бариттің анықталған қоры жалпы әлемдік қордан 1,1 есе, вольфрам – 1,2 есе асып түседі. Ақыр аяғында, Қазақстан планетаның ұлты мұнай державалары қатарына өте тез еніп келеді және ол XXI ғасырда көмірсутегінің әлемдегі басты көздерінің бірі болғалы отыр.

Еліміздің ауыл шаруашылығы әлеуеті де кең. Истің өзі мен инвестициялар дұрыс жолға қойылған кезде, өзінің шекара сзызығының өлшемдері бойынша аса зор және өсіп келе жатқан өткізу рыноктары бар біздің республика, жылына 15 миллион тонна астық, ет, жұн, тері және түрлі азық-түлік тамдарын көп мөлшерде экспортқа шығара алады. Бұл бағыттағы экспорттық әлеуеттің жалпы сомасы 25-30 миллиард долларды құрайды.

Бірақ қолда бар табиғи ресурстарды іске қосу үшін оған капитал қосу, негізінен, тікелей инвестициялар түрінде қаржы салу қажет. Алайда, қазір оларды тартуда да, қолайлы инвестиациялық ахуал құруда да проблемалар әлі де орын алып отыр. Бұл – бюрократтық аппараттың икемсіздігі, дәйексіздігі және жемқорлығы, реформалардың аяқталмауы, зандардың айқын да толық болмауы және көп жағынан халықтың шетелдік инвесторларға сенімсіздікпен қарауы, тілдік кедергі мен қызмет көрсету инфрақұрылымы жайлыштырының жеткіліксіз болуы. Сондықтан 2000 жылға дейін бүкіл "бастапқы аланды" толық тазалау, барлық кедергілерді жойып, елімізде ең жақсы инвестиациялық ахуал жасау жоспарланып отыр.

Болашақ басты міндеттердің бірі – XXI ғасырдың ортасына таман экономиканың алдыңғы қатарлы салаларына бет бұрган, халқының дейні сау және білімді, жоғары дамыған держава болу. Бұл жоспарларды іске асырудағы алғашқы орындардың бірі шет ел инвестицияларын кеңінен тартуға бөлінеді. Және оларды қамтамасыз өте алатын бірқатар факторлар бар.

Еліміздің дербес дамуының неғұрлым ауыр жылдарында да ешқандай тәртіпсіздік болған емес. Бірақ осыған қарамастан, ол мәселеге алдағы уақытта да баса назар аударылатын болады.

Екіншіден, өзірше республикада жеткілікті түрде үлкен ішкі рынок болмай отыр. Сондықтан осында жұмыс істейтін немесе жұмыс істемек болып отырган барлық ірі өндірушілер экспортқа бағдар алған стратегия үстануға мәжбүр болмақ. Бірақ Қазақстан шекараларының бойында халқының саны 2,6 миллиард адам болатын өте сыйымды рыноктары бар елдер орналасқан.

Республика Үкіметі бизнес үшін халықаралық сауданың қажетті болашағын құра отырып, халықаралық коммуникациялар қалыптастыру мен дамытуға жіті көніл бөлуде. Қазірдің өзінде Қытайдағы теңіз жағалауынан басталып Қазақстан, Қыргызстан, Өзбекстан, Түркіменстан, Иран және

Түркия арқылы Парсы шығанағындағы порттарға дейін баратын Трансазия темір жол магистралі іске қосылды. Осы мемлекеттердің темір жол желісі арқылы Ресеймен, Еуропа және Таяу Шығыс елдерімен жаңа қатынас жолдары ашылады. Қолда бар және жоспарланып отырған темір жол маршруттарымен біздің ел жыл сайын 15 – 20 миллион тонна жүк тасымалдау ниетінде. Ресейдің Транссибириімен салыстырғанда жаңа Трансазия маршруты Жапония мен Германия арасындағы жүк тасымалдау жолын 2,5 мың шақырымға қысқартады. Ал Суэц каналына шығып, теңіз арқылы тасумен салыстырғанда жол 10,5 мың шақырымға қысқарады.

Каспий труба құбыры консорциумының барлық ішкі проблемалары шешілді. Ол құбыр тарту құрылышына кіріспіл, оны 1999 жылы аяқтайды. Мұның өзі қыруар мұнайды Қазақстаннан сырт жерге тасымалдауға мүмкіндік береді. Бірақ 2003-2005 жылдардан бастап балама мұнай-газ құбырлары қажет болады. Бұлар көмірсуге өнімдерін сыртқа шығаруға және оны елдің ішінде тұтынуға бағдарланады. Әңгіме, атап айтқанда, Кавказ дәлізін пайдаланудың мүмкіндігі туралы болып отыр. Сондай-ақ мұнайды Жерорта теңізінде де, сондай-ақ Батыс Қытайдың айлақтарына да тасымалдау идеясы келешекті көрінеді.

Биыл оптико-талшықты кабель пайдаланылатын Трансазия-Еуропа байланыс желісін іске қосу аяқталады. Бұл, сондай-ақ ұлттық транзиттік халықаралық график беруді қамтамасыз етуге мүмкіндік туғызады. Республиканың көпшілік облыстарында цифрлы коммутаторлық станциялар іске қосылады. Биылғы мамырдан бастап өзінің телекоммуникациялық жүйесін "Интелсат" жүйесіне қосуды аяқтап, Қазақстан толық ақпараттық тәуелсіздік алды. Мұның өзі, тұтас алғанда, таяу уақытта планетаның кез келген нүктесіне бөгетсіз телекоммуникациялық жол ашуға мүмкіндік береді.

Еуропа қайта құру және даму банкінің көмегімен Каспийдегі Ақтау теңіз портын қалпына келтіріп, жаңғырту жұмыстары басталды. Олар аяқталғаннан кейін порт екі миллион тонна құрғақ жүк және 6 миллион тоннаға дейін мұнай мен мұнай өнімдерін жөнелте алады. Порт Иран арқылы Қазақстанның Таяу және Орта шығыспен, ал Ресей өзендері мен Балтық теңізі арқылы Еуропамен сауда байланыстарын жасауын қамтамасыз етеді.

Біздің еліміз арқылы жаңа әуе көпірлерін жасау жөнінде де жедел жұмыс атқарылуда. Олар келешекте Еуропадан Оңтүстік-Шығыс Азияға және көрісінше жолаушылар мен жүк тасымалдағанда шығынды едәуір қысқартуға, жаңа астана, еркін экономикалық аймақ болып табылатын Ақмола қаласының құрылышын жеделдетуге жәрдемдеседі. Оған қатысуышыларға зор пайда бергелі тұр. Қазақстанның өзінде де жаңа жолдар төсөу керек болады. Міне, осы бағыттардың барлығы бойынша инвесторлар үшін жұмыстың көң алқабы бар.

Тағы бір фактор – елде мейлінше ырықтандырылған және ашық рынок көністігін жасау. Бұдан былай барлығы да Үкіметтің экономикаға қатысы

мен араласуын дәйектілікпен азайту үшін, заң диктатурасын енгізу үшін қолдан келгеннің барлығы жасалады.

Маңызды бір сөт ретінде елде либералдық пайымдағы заң шығарудың үйіткесі қаланғанын атап өткім келеді. Мұның өзі көп жағдайда меншік иесі мен инвестордың құқығына орай таңдаулы әлемдік стандарттарға сай келеді. Жынық арада шет ел инвесторларының арасынан арнаулы консультациялық кеңес құрмақ ниеті бар. Ол өздерінің жұмысында орын алған не месе туындал жататын заң шығару саласындағы және басқа кедергілерді жедел ашып, жоятын болады.

Шет ел капиталымен ойдағыдан жұмыс істеудің қажетті шарты төрешілдікке қарсы құрес деп санаймын. Ал төрешілдік дегеніміз инвестицияларды тарту жолындағы басты бөгеттердің бірі дерлік болып отыр. Нақ сондықтан да төрешілдік аппаратты қысқарту және құрылымдық оңтайландыру жөнінде батыл шараптар қолданылды. Орталық Үкімет елеулі түрде қайта құрылды және сан жағынан қысқартылды. Жергілікті жердегі басқару құрылымдары да едәүір қысқаруда. 50-ден астам министрлік пен ведомстволардан 25-і қалдырылды, 19 әкімшілік облыстың бесеуі, 220 әкімшілік ауданының 30-ға жуығы таратылды. Тек үстіміздегі жылдың өзінде 5 мынға жуық чиновник қысқаруға түсті. Саны аз, бірақ тиімді, өз халқына адапты қызмет ететін Үкімет, сондай-ақ жергілікті жерде іске адап чиновниктер ұстая үшін бұл жұмыс жалғастырылатын болады.

Тағы бір артықшылығымыз – Қазақстан зандары, оның ішінде тікелей инвестицияларды, экономикамызға өз капиталын салғысы келетін адамдар мен компанияларға мемлекеттік қолдау туралы заң беріл отырған мол мүмкіндіктер. Сонымен қатар біздің инвестиациялық жобаларды шапшаң және тиімді дайындал, жүзеге асыруымызға жөнілдіктер мен преференциялардың ыңғайлы терең жүйесі де, сондай-ақ қазірдің өзінде бірегей құқықтарға ие болып отырған Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеттің бар екендігі де жағдай туғызып отыр.

Қазақстанға, 6 миллиард доллардан астам капитал енгізілді. Мұнда 2000-ға жуық бірлескен кәсіпорын жұмыс істеуде. Жасалған кепісім-шарттар бойынша ұзақ мерзімді инвестициялар сомасы 60 миллиард доллардан асып түседі. Бұл ТМД елдері мен Орталық және Шығыс Еуропа мемлекеттерінің бүкіл инвестиациялық портфелинің 40 процентіне жуығын құрайды. Алайда, біз бұрынғысынша, минералдық-шикізат кешеніне инвестициялар тартудамыз, өйткені оған деген мұқтаждық өлі толық қанағаттандырылған жоқ.

Қазір, жұмыссыздық секілді еткір проблема тұрған кезде, біз ең алдымен ауыл шаруашылығында, женіл өнеркәсіpte, құрылышта, қызмет көрсету саласы мен туризмде көп қаржы талап етпейтін жаңа өндірістерді тез құруға мүдделі болып отырмыз. Бірақ, бұл біздің ірі күрделі, технологиялық және ғылыми жетістіктерді талап ететін өндірістерден бас тартуымызды

білдірмейді. Оның үстіне, біз еңбектің сапасы жақсы болуын ескере отырып, әлемдік тәжірибедегі белгілі кезеңдерден аттап өтуге де қарсы емеспіз.

Мемлекетіміздің басшысы инвесторларды болашаққа батылырақ кез жүгіртіп, осы жоспарлардың бәрін іске асыруға барынша белсенділікпен қатысуға шақырды. Егер сіздердің әрбіріңіз, деді ол бас қосуға келгендерге, егemen Қазақстанның ғұлденуіне қатысуға шақыруды шын жүректен қабылдайтын болсаңыздар, тамаша болар еді. Ал, біз, сіздердің жұмысының тек пайдалы ғана емес, сонымен қатар ұнамды болуын қамтамасыз өтуге дайынбыз.

# **ВЫСТУПЛЕНИЕ ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН Н. А. НАЗАРБАЕВА НА МЕЖДУНАРОДНОМ ФОРУМЕ "КАЗАХСТАНСКИЙ ИНВЕСТИЦИОННЫЙ САММИТ"\***

**Алматы, 5 июня 1997 года**

Директивно установленная система цен напоминала королевство кри-  
вых зеркал. На плечах государства лежало огромное количество функций,  
особенно в социальной сфере, не свойственных нормальной экономике, оно  
содержало миллион чиновников. Закономерно, что первые годы суверените-  
та сопровождались гигантской инфляцией, резким спадом производства.

Теперь ситуация в корне изменилась. В нынешнем году инфляция не  
превысит 17 процентов, впервые за последние 7 лет отмечен рост произ-  
водства, стабилизировалась национальная валюта, достигнут положитель-  
ный торговый баланс, 80 процентов предприятий находится в частных ру-  
ках. Страна имеет право с оптимизмом смотреть вперед и планировать  
свое будущее. Главную задачу Республики Казахстан Нурсултан Назарба-  
ев определил так: к середине XXI века стать страной с высокоразвитой  
экономикой, образованным и здоровым населением.

Цель реальная и достижимая. В активе республики – огромные запасы  
полезных ископаемых, квалифицированные кадры. Потенциально извле-  
каемое сырье оценивается в 8,7 триллиона долларов. Но, как заметил еще  
Шекспир, зарытый клад ржавеет и гниет, лишь в обороте золото растет.  
Иначе говоря, чтобы задействовать имеющиеся природные ресурсы, нам  
необходимы огромные капиталовложения, причем в виде прямых инвести-  
ций. Их привлечение, тонус инвестиционного климата вообще пока что свя-  
заны с некоторыми проблемами. Имеются в виду неповоротливость, не-  
последовательность и коррумпированность бюрократического аппарата,  
незавершенность реформ, нечеткость и неполнота законодательства, не-  
доверчивое отношение части людей к иностранным инвесторам, языковые  
барьеры, недостаточный комфорт сервисной инфраструктуры. Но в пла-  
нах до двухтысячного года – расчистить всю стартовую площадку для ин-

\* Газета "Казахстанская правда", 5 июня 1997 года.

вестиций, убрать все барьеры и создать в стране благоприятный инвестиционный климат.

На инвестиционную ситуацию в республике следует смотреть в статике и динамике. А такой взгляд говорит о том, что имеющиеся трудности и сложности временные. В пользу этого – внутриполитическая стабильность, последовательность курса на рыночные преобразования, которые охватывают уже не только экономику, но и социальные сферы. Меняется, и меняется к лучшему, весь уклад жизни.

Географическое положение Казахстана таково, что в пределах прямой транспортной досягаемости находятся емкие рынки государств, в которых проживает половина населения земного шара. Это значит, что продукция, которая вырастет в нашей республике на средства инвесторов, найдет покупателя и потребителя. А международные коммуникации в регионе между тем развиваются. Введена в действие Трансазиатская железнодорожная магистраль. Решены все проблемы Каспийского трубопроводного консорциума. Он приступает к строительству трубопровода. Для транспортировки большого количества нефти (к 2003–2005 годам ее добыча перевалит за 100 млн. тонн в год) потребуется строительство альтернативного нефтегазопровода. Реальны возможности использования кавказского коридора, представляется перспективной идея транспортировки нефти в порты Средиземного моря и Западного Китая.

Перспективны для вложения средств такие секторы отечественной экономики, как телекоммуникации, транспортные сети. С помощью Европейского банка реконструкции и развития начата реконструкция морского порта Актау, ускоренно формируются новые воздушные мосты через Казахстан, на очереди бурный рост дорожного строительства. Потенциально отзывчиво на инвестиции и сельское хозяйство Казахстана. Экспортные возможности нашего агрокомплекса оцениваются в 25–30 млрд. долларов.

В стратегических планах страны – создание в максимальной степени либерального открытого рыночного пространства. Взят курс на минимальное вмешательство Правительства в экономику, введение диктата закона, а не чиновника. Костяк законодательства либерального толка, отвечающего требованиям мировых стандартов, уже сформирован. Теперь динамично заполняются имеющиеся в нем пустоты и неточности. Это позволит в максимальной степени укрепить права собственника и инвестора. Быстро готовить и реализовывать инвестиционные проекты поможет гибкая и глубокая система льгот и преференций, наличие у нас Госкомитета по инвестициям, являющегося единственным правительственным органом, занимающимся такого рода проблемами.

Казахстан не может обижаться на недостаточное внимание к себе со стороны мировых инвесторов. Сегодня в республике ими вложено 6 млрд.

долларов капиталовложений, а долгосрочный портфель инвестиций по уже заключенным контрактам превышает 60 млрд. долларов, что составляет 40% от всего инвестиционного портфеля стран СНГ и Восточной Европы. Но мы по-прежнему привлекаем инвестиции в минерально-сырьевой комплекс, поскольку потребности в них далеко не удовлетворены. Я призываю участников форума к совместной активной работе по строительству нового Казахстана. Эта работа непременно обернется выгодой и для инвесторов, и для Республики Казахстан.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ  
Н. Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ  
ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚТАРЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ  
IV СЕССИЯСЫНДА ЖАСАҒАН БАЯНДАМАСЫ\***

*Ақмола, 6 маусым 1997 жыл*

**ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ ТАНДАУЫ – ТАРИХИ ЗЕРДЕ, ҰЛТТЫҚ  
ТАТУЛЫҚ ЖӘНЕ ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ РЕФОРМАЛАР**

**Құрметті ассамблея делегаттары мен қонақтары!**

Ежелгі әрі мәңгі жас Ақмолада өздерінізben қауышу мүмкіндігі туғанына шын жүрекten қуаныштымын. Сірө, оның тарихында тұңғыш рет осындай басалқалы басқосу өткізіліп отырған болар, оған қатысушылар елімізді мекендеген барлық ұлттардың, демек көпұлттық Қазақстанның күллі халқының мұддесін білдіреді. Осы жағдаят жаңа астана республиканың қоғамдық-саяси өмірінің шынайы факторына, ал бұл ретте ұлтаралық қатынастарды одан әрі тұрақтандырудың өзіндік құралына айналуының айқын күесі.

Ең алдымен сіздерге аса маңызды әрі уақтылы бастамаларыңыз үшін алғыс айтуға рұқсат етіңіздер, соған сәйкес Қазақстанда ынтымақтастық жайлы келісім жасалды. Осы құжатқа қол қойған барлық партиялар, қоғамдық бірлестіктер мен ұлттық-мәдени орталықтар азаматтық татулықты сақтауға деген кепілшілер рөлін өздеріне алды, ал Ассамблеяның өзі Қазақстан қоғамында айрықша сындарлы рөл атқарып отырған белсенді қоғамдық институт мәртебесін қуаттап берді.

Ынтымақтастық туралы келісім менің Жарлығыммен Жалпыұлттық татулық және саяси құғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы болып жарияланған тұтас 1997 жылға саяси реңк береді. Мұның өзі, өсіресе, өзіміз саяси құғын-сүргін құрбандарын еске түсірген 31 мамыр күні жарқырап көрінді. Барлық қазақстандықтар тарихымыздың қайғылы парактары қайталанбауға тиіс деген бір тоқтамға келді. Жыл идеясын талқылаудың өзі кейде біздің тоталитарлық өткенімізді пайымдау қажеттігін түсінбеушілік бар екенін көрсетті. Осы орайда тарих сабактарын ұдайы, ұрпақтан-ұрпаққа игере беру керек екеніне менің көзім әбден жетеді. Өсіресе бүгін біздің Қазақстан басынан кешіп отырған қоғамдық және экономикалық дамудың өтпелі кезеңінде осыны естен шығармау керек.

\* "Егемен Қазақстан" газеті, 7 маусым 1997 жыл.

## I. ТОТАЛИТАРИЗМ САБАҚТАРЫ

Өткен дәуірдің аса ұлы философтарының бірі Иммануил Кант болмысмыздың кез келген азды-көпті маңызды мәселенің жақсы, жаман жақтарын мүқият талдал отыратындығымен мәшһүр болған екен. Біздің Ассамблеямызда да Қазақстанның саяси, экономикалық және мәдени дамуының аса курделі мәселелері мейлінше ашық қарайтын жақсы дәстүр қалыптасқаны белгілі. Осы дәстүрді бүгін де бұзбайтын болайық.

Сонымен, еске алу және татулық жылдың жөнінде бір-біріне қарама-қайшы екі ұдай пікір бар. Олар мынаған саяды: біріншіден, өткенді шола келгенде, біз кінәлілерді, соның ішінде кінәлі үлттарды іздей бастауымыз ықтимал; ал екіншіден, біздің артымызда тек сыни көзқарас түрғысынан ғана саралауға келмейтін даңқты жол жатыр.

Алдымен осы екі айқындаманың басын ашып алғым көледі.

Әуелі мынадан бастайық, тоталитаризмнің күрете берген әрі өкінішке қарай, кей ретте орны толmas залалы тимеген бірде-бір ұлт, бірде-бір халық жоқ.

Егер әңгіме біздің көлгір оппоненттеріміз жеріне жеткізе айта алмай жүрген мәселе жайында, атап айтқанда, осы қанқұйлы құғын-сүргіндегі орыс халқының рөлі жайында болса, онда XX ғасырдың аңы шындығының бірі – бұрынғы империяның және КСРО-ның ең саны көп халқы ретінде нақ осы орыс халқының өзінің мыңжылдық тарихындағы аса зор этникалық қаси-ретті басынан кешіргеніnde жатыр. Дәл сол сияқты қазақ халқы да тікелей және жанама түрде өзінің тұра тең жартысына жуығынан айырылды. Қоныс аударылған халықтарды этникалық қырып-жоюдың адам айтқысыз зор ауқымы мен тағылық сипаты жайындағы мәліметтерді қайталап жатпайын. Осы жылдың шараларын өткізе келгенде, біз әрнәрсені өз атымен атауға тиіспіз. Сонда ғана құллі тарихи шындық толығымен ашылмақ; өтіл бара жатқан ғасырдың осынау этникалық зобаланы үшін бірде-бір халық кінәлі емес. Бұл – жүйенің кінәсі.

Екінші жағынан, шаш ал десе, бас алуға өзір түрмай керек. Барлық халықтардың, соның ішінде қазақ халқының құні кешегі тарихындағы сындарды сәттерге кез жұма қаруы аңғалдық болар еді. Қысқа мерзімде, небәрі жетпіс жылдан сәл ғана астам уақыт ішінде, экономика түбірімен жаңарып, бір кездегі орасан зор патриархалдық өмір салтында орын алған жаңғырулардың болғаны даусыз. Ал бұл табыстарға өзге планеталықтар жеткізген жоқ, сіз бен біз жеттік, әкелеріміз бен атапарымыз жеткізді. Өткен жолымыз – жеңістері мен жеңілістері, қуанышы мен қасиretі қатар өрілген ортақ өткеніміз. Ендеше басқа пікірдегі адам өзінің таралынан аға үрпақтың істері мен әрекетін тарихи мәнсіздік пен ұсақтық деп кінәлар болса, мұнысы кісілікке жатпайтынын біліп қойсын.

Менің әрдайым тарихқа деген салиқалы көзқарасты жақтайтынымды өздеріңіз білесіздер. Бұл жалғандықта, өнін айналдыруға тәзбейтін ғылым.

Біз дәнді қауызынан арши білу өнері өткендеңі қателіктерді қайталамаудың бірден-бір кепілі екенін әрдайым жадымызда ұстауға тиіспіз. Сондықтан еске алу және татулық жылын өткенге топырақ шашу жолындағы жарысқа айналдырып жібермеу керек. Оның мүлде өзге мазмұны және мүлде өзге тағылымы бар. Мен мұны тоталитаризмнің қасіретті сабактары деп атар едім.

**Бірінші сабак.** Біздің бәріміздің өзімізге дейін өмір сүрген үрлактар алдында адамгершілік парызымыз бар. Саяси құғын-сүргіннің сан миллион құрбандарының тағдырын ешкім ойдан шығарған жоқ.

Бұл қатал шындық және ол өткенде қалғанмен, одан кеудедегі қайғы-шер азаймақ емес. Қазақ жеріндегі тоталитаризмнің ең бір жантүршіктір тұындыларының бірі – қаптаған концентрациялық лагерьлер орналасқан орынға айналды.

Фашистік Германия концлагерьлерінен көп бұрын Қазақстаннан, соның ішінде сіздер мен біз қазір жиналышп отырған облыс аумағында, ауқымы және қанқұйлылығы жөнінен ондағыдан бір де кем түспелтін "адам материалын сұрыптау" жүргізілгенін ой сарабынан толық өткізіп болдық па? "Көсемдер санатындағы" іи жұмсақтауы саналатын кеңестік тоталитаризм тіректерінің бірі Бухарин мырза шімірікпестен дәл солай деген болатын.

Осы залда дінгे барынша ден қойғандар да, атеистер де отыр. Демократиялық мемлекеттегі ұждан бостандығы, шын мәнінде, адамның жеке өз мәселесі.

Бірақ адам ойынан кеменгер ескерткіштерінің бірінде бейнеленген жалпы адамзаттық қағидалар бар: "тірілер дүниеден озарын біледі, ал өлгендер бәрінен бейхабар, олар өздеріне енді тағым етілмейтінін, ейткені есімдерінің естен өшерін білмейді". Еске алу мен татулық жылының міндеті – осы қайғылы сөздер арқылы біздің парызымызды еске салу. Нәқастан қаны төгілген жандарды еске алып қайғырғанда біз адамзат заңына да, тіпті киелі жазуға толық сай келетін қарекет жасаймыз.

Кейбір фактілерді ой елегінен өткізейікші. КСРО-да жеке басы және "кулак отбасылары" делінетіндердің құрамында, шамамен, 25-27 миллион адам құғын-сүргінге ұшырады. Соның ішінде 20 миллионнан астамын "кулак" деген айдар тағылған, мал-мұлкі тәркіленген, шын мәнісінде "тап ретінде жойылған" шаруалар құрайтын, төңкеріс пен азамат соғысынан кейін КСРО-ны 2 миллионға жуық адам тастап кетті. 1954 жылдың ақпанында Н.С. Хрущев үшін 1921 жылдан 1954 жылдар ішінде "контрреволюциялық қылмыстары" үшін сотталғандардың саны жөнінде егжей-тегжейлі анықтама өзірленіп берілді. Сотталғандардың жалпы саны 3 миллион 777 мың адам, соның ішінде ең ауыр жазаға кесілгендер 642 мың адам болды. Қазақстанда осы кезең ішінде саяси себептермен 100 мыңнан аса адам сотталды, ал 25 мыңнан аса адам атылды, саяси қырып-жоюдың ауқымы жантүршіктірелік. Ең бір сорақысы – Қазақстандағы ұжымдастыру салдарынан етек алған алапат ашаршылық жылдары бір ғана 1931 жылы орталық Қазақстан аудан-

дарына Ресейдің ішкі аудандарынан 150 мыңнан астам арнайы қоныс аударушылар жайғастырылды. Қазақстандағы ашаршылық пен оның іш сүзегі індепті сияқты зардабының тікелей құрбандарының арақатынасын ажырату қыын, алайда, осынау зорлық-зомбылықпен жасалған тәжірибе жалпы саны 1 миллион 750 мыңдай адамның өмірін қиды, бұл республикадағы қазақ тұргындарының 42 проценті.

Адам басына салған қасіреті қисапсыз тағы бір фактіні айта кетейін. 1920 жылдан 1949 жылға дейінгі 30 жылдың ішінде КСРО-да 3 миллион 200 мың адам жер аударылды. Бұл қайғы-қасірет жөнінен Қазақстан жері көш басына шықты: зерттеушілердің есебі бойынша мұнда қырқыншы жылдары 1 миллион 200 мыңнан астам адам арнайы қоныстанышылар болған.

Белгілі ресейлік тарихшы Рой Медведевтің есебі бойынша 1927 жылдан 1953 жыл аралығында КСРО-да 40 миллиондай адам қуғын-сүргінге ұшыраған екен. Өзге зерттеушілердің пікіріне сایсақ, бұл статистика одан да қатерлі. Дегенмен, саны түрліше құбылғанмен, қуғын-сүргіннің дәл мұншалықты ауқымын адамзат тарихы бұрын-соңды білген емес және бұдан байлай ешқашан білмейді деп ойлаймын.

Проблема осы қасіреттің орасан зор этникалық зардабына ғана емес, оның аса бір келенсіз әлеуметтік салдарына тіреледі. Әңгіме тұтас таптар мен әлеуметтік топтардың жойылуы және осы заманғы тепе-тең әлеуметтік құрылымның орнына еңбек пен адам өмірінің мүлде бұрмаланған іріп-шіріген қогамдық жүйенің пайда болғанында. Сыртында миллиондардың да қасіреті тұрғанымен, сандар ғана қорқынышты емес. Одан қатерлісі – тоталитаризмнің сұрқиялышын туспінбеуде жатыр.

**Екінші сабак.** Біз тоталитарлық режимнің қандай тарихи таңдауды тықсырып тастағанын, егер тарих көшіне аса ауқымды әрі қатығез әлеуметтік утопия кірікпегенде, өзіміздің қандай жолмен дамуымыз мүмкін екенін пайымдауға тиіспіз.

Таяуда ғана Қазақстан азаматтары тәуелсіз мемлекеттілігіміздің бес жылдық мерейтойын атап өтті. Бұл халықтың бостандық пен дербес даму жолындағы сан ғасырлық күрес тарихының нәтижесі ғана емес, мұның өзі үлттық зиялдық тектілеріміздің ешқашан да толастамаған қызметтің қорытындысы. Ғасырымыздың басында Әлихан Бекейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов пен олардың серіктегі "Алаш" партиясын құрды, оның бағдарламасы біздің бүгінгі күні жүзеге асырған ісіміздің көвшілігін көздеңген еді. Осыдан 92 жыл бұрын Оралда бес облыс делегаттарының съезі болып өтті, онда "Конституциялық-демократиялық партия" құрылған болатын. Іс жүзінде ол сонымен бір мезгілде өзін Ресей Конституциялық-демократиялық партиясының Қазақстандағы филиалы деп жариялады, ал оның басшысы Әлихан Бекейханов осы партияның Орталық комитетінің мүшесі болып сайланды.

Қазақ конституциялық демократтары – кадеттер өз бағдарламасында заң шығару билігін дума арқылы жүзеге асыруды және елде президенттік

институт енгізуді ұсынғанын білгендерініз сіздерге, сірә, артық болмас. Сайлауға қатысу құқығы тегіне, ұлтына, нанымына және жынысына қарамасстан барлық азаматтарға беріледі. Делегаттар сайлау төте, тең және жабық дауыс беру арқылы жүргізілуге тиіс еді.

Фажайып көрегендік! Бірақ қай жағынан алғанда да осынау ардақты адамдарға кеңес тарихнамасынан бар бұйырғаны – "ұлтшылдар" деген айдар ғана.

Осы фактінің сырына тереңірек үнілейікші. Тарихи түрғыдан алғанда Қазақстан аумағында XX ғасырдың бірінші ширегінде демократиялық мемлекет дамудың осы жолымен келе жатты. Әр түрлі себептердің салдарынан осы қалыпты әрі өркениетті жол үзіліп қалды. Демократиялық өзгерістер бағытына бұдан сексен-тоқсан жыл бұрын түссек, біз бүгін ең болмағанда Онтүстік-Шығыс "жолбарыстары" немесе "Аждаһалары" аталатындардың сонынан еріп, күп жетушілердің күйін кешер ме едік? Бұл үлкен мәселе.

Осы проблеманың келесі бір қырының маңызы да бұдан кем емес. Егер Ресейде сол кезде қалыпты эволюциялық процестер бел алғанда, онда Еуразия кеңістігінің барлық елдерінде ұлттық мемлекеттіліктің қалыптасуы жарты ғасыр ертерек қалыптасатын еді. Өзіміз тап болған тарихи артта қалышылық кезеңі – уысымыздан шығып кеткен ұлттық мүмкіндіктің тікелей салдары екенін біздің айқын түсінуіміз керек. Режимнің кесірінен қолымыздан шығып кеткен мүмкіндік. Бұған кесіпқой тарихшылар жақсы қанық. Бірақ осы қарапайым ақиқаттың байыпты бағамы бұқара санасына сінірілуге тиіс.

Қазақтар да, орыстар да, украиндар да, өзбектер де, қай жағынан болсын, нақ сол индонезиялықтардан немесе филиппиндіктерден кем түспейді. Олай болса, күллі Онтүстік-Шығыс Азияда немесе дәл сол Мексиканың өзінде орын алған соңғы жылдардың ғажап жетістіктерін немен түсіндіруге болады? Ұлттық психологияның тылсым сырына сілтейміз бе? Жоқ, тіпті де олай емес. Ақылды немесе ақымақ халық болмайды. Біздің артта қалымызды жалғыз ғана коммунистік идеологиясы бар тоталитарлық режимнің саяси және әлеуметтік-экономикалық сипаттамасымен түсіндіруге болады.

Ендеше екінші сабактың айтары – өткендегі тоталитарлық режим бізді бүгінгі күні өміріміздің барлық салаларын жедел қарқынмен реформалауға мәжбүр етті. Бұл реформаларды неге шашаң жүргізу қажет болып отыр? Өйткені өзге елдер ілгері ұмтылуға арналған уақытты тоталитаризм тоғышарлықпен қолдан шығарып алды. Мұны баршаның түсінетін кезі жетті.

**Үшінші сабак.** Өткенді естен шығармау бізге режим құрбандарының алдындағы парызымызды өтеу үшін және жеделдетілген реформа жүргізудің неліктен соншама күрделі екенін түсіну үшін ғана қажет емес. Бұл өз қателіктерінді қайталаму үшін де қажет.

"Ақиқат мәндайына тимей, санаңа сіңбейді" деген сөз бар. Ал бұл ақиқат мәндайымызға тиді. Бүгін саяси басқарудың бұрынғы қатаң әдістеріне үнде-ген сөздер де естіліп жатады. Сонда тәртіп мықты болады деседі. Үзілдікесілді келісе алмаймын. Мұндай топшылаулармен жеке жұдырықтың ығыты-

мен тәртіп орнату түрғыдан мұлде көрі нәтижелер беріп жүр. Оның үстіне халық өз бостандығын қолдан бермек емес және бұған ешкім жол бермейді.

Қарабайыр шешімдердің жаңсақ келетін кездері жи. Бір партия, бір идеология, бір ойлау жүйесі тән тоталитарлық саяси машинаның қарапайымдығы, соның арқасында жарқын болашаққа бармақ болған қарапайымдығы, соның арқасында жарқын болашаққа бармақ болған әрекет жалған болып шықты. Бұл қарабайырлық, әсіресе, ұлттық қатынастар саласында айрықша зұлматты болып шықты. Зорлық-зомбылық пен идеологиялық сыңаржақтылыққа негізделген кеңес кезеңінің ұлттық саясаты адамдардың сана-сы мен рухани дүниесінің адам айтқысыз жұтандануына әкеліп тіреді. Әлі күнге дейін кеңестен кейінгі кеңістіктің әр түрлі аймақтарында лаулап жатқан ұлтаралық қақтығыстар мен ағайынарлық қантөгістердің бықсыған ошағын жекелеген халықтардың бойындағы туа біткен егесқұмарлықтан емес, нақ сол қарабайырлықтың қайталануларынан іздеу қажет.

Бір ғана қарапайым мәселе төңірегінде: – "Неліктен тоталитарлық жүйе алдымен зиялыштардың көзін жойды?" деген сауалдың айналасында ойла-ну артық болмас еді. Мұның да қисыны қарапайым: халықты ұлттық намысы мен ұлттық қадір-қасиетінен айыру үшін оны зердесінен айырып, мәдениетін, парасатын жою керек. Нәк сол Ресейдің өзінде алдымен орыстың зиялыштық дәстүрінің данқын шығарған философтар, әдебиетшілер, ойшылдар қуылды. Ал елде қалғандардың тағдыры талқыға түсті. Осы жүйенің өмірінің соңғы сағатына дейін Әлихан Бекейханов пен оның серіктерінің ізіне түсіі де кездейсоқ емес, тіпті жүйенің өзі қолдап, өзі өсірген С. Сейфуллиннің, О. Жандосовтың, Қ. Сәтбаевтың, М. Әуезовтің және еуропаша білімдар әрі демократиялық бағдар ұстанған ондаған өзге де қазақ зиялыштарының тағдыры тақсиретін тартуы да кездейсоқ емес.

Бүгін бұрынғы одақта ұлттық мәселенің шешілгендейі жайлы айтылған кезде, белгілі бір дәрежеде оның шешілгендейіне келісуге де болады. Бірақ мұның мәнісі, ұлттық болмыстың жүйенің саяси мұддесі үшін құрбандыққа шалынуында жатыр. Мұның өзі неден көрініс тапты? Бұл – біреулердің тыныштығы өзгелерді езгіге салу, ресми түрде туысқан республикаларды "үлкен", "кіші" деп бөлу, тұтас бір халықты бір түн ішінде қарудың күшімен мал таситын вагондарға тоғытып, туған жерінен жыраққа айдал әкету арқылы көрініс тапты. Әрине, билеушілер үшін мұлде қарапайым нәрсе, ал халық үшін орны толmas қайғы-қасірет.

Міне, сондықтан да, ұлттық татулық жайын айтқанда, біз ұлттық мәселе-лені "шешудің" өткеннен өзімізге мәлім жолын қайталауға ешбір жағдайда жол беруге болмайтыны жөнінде өзімізге-өзіміз есеп беруге тиіспіз. Ал бұл үшін шындықтың бетіне тұра қарау керек.

Ең маңыздысы сол, табиғатта ұлттық мәселені шешудің даяр нұсқалары болмайды және әр ел ұлтаралық қатынастар саласын өзінше дамытады. Мұның әте күрделі проблема екеніне кемелденген демократиялық жүйесі мен қолайлы экономикалық ахуалы бар елдердің өзінің тәжірибесі айғақ.

Сөйтіп, тоталитаризмнің бізге берген үшінші тағылымы – ұлттық мәселені шешудің тұйықта тірерітін және мұлде келешегі жоқ тәсілі. Осындай есکі негізде қазіргі заманғы Қазақстанда ұлтаралық татулықта қол жеткізу мүмкін емес.

## II. "СОЦИАЛИСТИК СЫРҚАТ СЫЗЫН" ЕҢСЕРУ: ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АСТАРЫ

Осы сессияда біз тарихи зерде мәселелерін егжей-тегжейлі қарастырып отырғандықтан, құбылыстың психологиялық жағын қарастырған да жән, мен оны "социалистік сырқат сыйын" дер едім. Бір жақсысы өлі алысқа ұзай қоймаған екенімізден жеткен тағылым талдап-сарапалауға мол материал береді. Мұның өзі бүгін күнделікті тіршілік барысында халық өмірі үшін қайсысы қалаулырақ – тоталитарлық социализм бе, өлде нарықтық демократия ма деген сұрақ жан-жақты талқыланып жүргендіктен маңызды.

Осыдан бірнеше жыл бұрын күйрекен кеңестік жүйе құрылышы жетпіс жылдан астам уақыт қаланғанын еске түсірейікші. Ал біздің тәуелсіздігімізге бар болғаны алтыншы жыл. Бірақ, мұның өзі, былайша айтқанда, "зан жүзінде". Ал істің мән-жайына объективті тұрғыда қарайтын болсак, шын мәніндегі дербес саясатты біз тек 1993 жылдың сонынан бастап қана жүргізе бастадық.

Жоғарыда еліміздегі тоталитарлық, жоспарлы жүйенің ондаған миллион адамдардың азап шегуі, біздің әкелеріміз бен бабаларымыздың төккен қаны мен тері арқылы құрылғаны айтылып өтті. "Тәңкөрістің жалынды жаршысы" Владимир Маяковский сталиндік казармалық құрылыштың іргесі қалана бастаған кезде өз үрпағының арманшыл мұратын – "Шайқаста құрылған социализмді" көруді мақсат тұтып жар салған болатын.

Бұл ұрыстар жергілікті, жалт етпе сипатта болатындей көрінген-ді. Бірақ олар жетпіс жылға созылған ұдайы, бірде-бір минутқа тоқтамаған қуреске айналды. Осы уақыт ішінде Кеңес Одағында бірнеше үрпақ алмасы, бірақ олардың бірде-біріне кәдімгі молшылық көріп өмір сүрудің реті ақыры келмеді. Мен билеуші топ ұдайы жариялап келген, бірақ миллиондаған қарапайым адамдар үшін қол жетпес арман болып қала берген құт-береке жайында, тіпті, сөз етпей-ақ қояйын. 30-жылдары тұрмыс қыын болды, ол кезде Қазақстанның өзінде ғана ашаршылықтан халықтың жартысы қырылды, кейінгі – соғыс және соғыстан кейінгі жылдарда да, дүкен сөрелері қаңырап бос қалған, рухани жұтандық билеген "кемелденген социализм" делінетін дәуірде де тұрмыс оңай болған жоқ. Орасан зор былыққа батып, жүйенің түпкілікті қүйреуіне әкеліп соққан горбачевтік "қайта құру" жылдары да иғіліктің ауылы алыс болды. Шын мәнісінде, кеңестік дәуірдің күллі тарихының өзі алыс болды. Шын мәнісінде, кеңестік дәуірдің күллі тарихының өзі – бұл халықтардың орасан әрі шексіз кезегі болып табылады.

Концентрациялық лагерьлерге және шетелге қоныс аударуға, азық-түлік пен пәтерлерге, машиналар мен басқа да көз аштырмаған таусылып бітпейтін тапшылықта кезек.

Сол жылдардың көпшілігіндегі есімізде қалған жағдайында қоғам, бәрінен бұрын, рухани бостандықта үмтүлді. Бұл жайында ас үйлер мен "шылым шегетін жерлерде", ең жақын достар арасында біз бүгін "электорат" деген сөнді сөзбен ататын адамдардың баршасы дерлік ұдайы, бұқпалап болса да, сөз ететін. Олар "қол баспа" қолжазбаларын құныға оқып, цензураның барлық түрлерімен тыйым салынған магнитофон жазбаларын тыңдайтын, шынайы ақпаратты шетелдік "радиодауыстардың" түнгі хабарларынан алатын.

Соңғы он жылдықта шықпа жаңым шықпамен әрең жаң сақтап келген әкімшіл-әміршіл жүйе құйреді де, аңсаған бостандық, былайша айтқанда, барлық арна атаулыдан саулап қоя берді, ал жариялылық барлық мүмкін болған және салиқалы шектердің бәрін тез толтырды. Бірақ бостандықтың алғашқы селіне шомып масаттану өткен кезде, белгісіздіктің қысқа кезеңі артта қалған шақта жаңа қоғам құрылсы, қазіргі заманғы нарықтық экономикасы бар тәуелсіз мемлекетті құру басталды.

Әуел бастан-ақ және қазіргі кездің өзінде бізге саясаттың, экономиканың, қорғаныстың, әлеуметтік саланың, ішкі өмірдің, халықаралық қатынастардың барша қырларында түбегейлі жаңа міндеттер мен проблемалардың орасан зор ауқымын кешенді түрде шеше отырып, бәрін де бір мезгілде игеруге тұра келіп отыр.

Бұл – біздің ойлап тапқан жол емес, бүгінгі таңда барлық жаңа тәуелсіз мемлекеттер осы жолмен жүріп келеді. Әрі олардың бірде-бірі өткен жүйені сақтап қалуға немесе бұрынғы "социализмді" қалпына келтіруге талпынып отырған жоқ. Өйткені тарих тегершігін ешкім кері бұра алмақ емес. Біз осы жолды таңдай отырып, алдымызда тосып тұрған құйзелістердің қаншалықты құшті боларын, үлесімізге қаншалықты терең экономикалық және әлеуметтік сыйнәктың ишкә түсірін ғана елестете алдық.

Адам зердесі әрдайым аса талғампаз және белгілі бір дәрежеде тіпті өзімшіл категория балатын-ды. Әлбетте, әркімнің де тегін білім алу мен деңсаулық сақтау жайында, тұрақты жалақы алып, зейнеткерлікке дейін отыруға болатын орнықты және жайлы жұмысы болғанын есте тұтқысы келеді. Бірақ осы ретте, егер сіз жоғары білікті маман болсаныз, сіздің білім-білігіңіз берің қабілеттіңіз сол тұста қаншалықты объективті бағаланатын еді, ал мұны неге ұмытасыздар. Немесе, керісінше сіздің, өзіңіз жұмыс істейтін ұйымыңызben қоса, еңбегіңіз жалпы біреуге керек болды ма деген сұрақ қойып көрдіңіз бе?

Иә, бұрынғы жалған социализмнің көптеген елестері сейілді. Бірақ әлі де өткенді марапаттауға, теңгермешілікті әлеуметтік әділдеттіліктің жоғары көрінісі ретінде аңсауға бейіл адамдар бар. Психологиялық тұрғыда мұның өзі түсінікті. Ұақыт кері қайтып келер болса, шіркін, дегендей! Бірақ оларға

іргетасы қираған үйдің қабырғасын сақтаудың мүмкін еместігі беймәлім. Яғни құйреген, шашылып кеткен экономика тұрғанда, бұрынғы әлеуметтік қондырманы сақтау да мүмкін емес қой.

Негізгі тауарларды бөлудің нақ сол карточкалық-талондық жүйесін еске түсірейікші. Сұрапыл соғыс жылдары емес, берекелі делінетін алпысынышы, жетпісінші және сексенінші жылдары ел түтеп келгенде барлық заттың тапшылығын басынан кешті. Сатуда ең қарапайым заттар, тіпті сабынға, сіріңкеге, электр лампочкаларына, тұзға, қантқа, кір жуатын ұнтаққа және құнделікті тұтынатын көптеген басқа заттарға дейін болған жоқ. Адамдар бос тұрған сөрелерде ілуде бір көрінген нәрсенің бәрінен қор жинайтын. Қазақстан астанасында 1988 жылдың маусым айы құндерінде ас тұзының жарты жылдық қоры сатылып кетті. Республика Үкіметі орасан зор құш-жігер жұмсай отырып, егін орағына қатысатын комбайнышылар мен механизаторларды және тағам, темекі өнімдерімен қамтамасыз ету мақсатында қор құру үшін Мәскеудің қисапсыз кабинеттеріне алақан жаятын.

Осының бәрін – жаппай теңгермешілік пен бәрібір көрініп тұратын кедейшілік, диктатураның шексіз билігі мен жеке басымыздың қажетсіздігі, насиҳаттың аярлығы мен өз өмірімізді жақсы жағына қарай өзгерту мүмкін еместігі туралы еске түсірейікші. Еске түсірейік те өзімізге сауал қоялықшы: өзінің күллі "сәнімен" келмеске кеткен социализмге өкіну қажет пе?

Ашығын айтайық: Қазақстан бұрынғы "КСРО халық шаруашылығы кешенінің" ықпалынан арыла алмай әлектенген төуелсіздігіміздің алғашқы жылдары да басымыздан көп қыындықтарды кешуге тұра келді. Элбette, әңгіме біздің толық экономикалық дербестігіміз қалыптасқан әрі салиқалы, экономикалық жағынан тиімді шаруашылық байланыстарды түпкілікті оқшаулау жайында болған жоқ еді.

Қазақстан мәселені ешқашан бұлай қойған емес және мұндай бастамаларды көтерген емес. Керісінше, сол кездің өзінде-ақ біз бар дауыспен экономикалық интеграцияланудың қажеттігі туралы жар салдық. Кейіннен өмірдің өзі біздің сол айқында мамыздың дұрыстығы мен көшелілігін толығымен қуаттады.

Бірақ біз Мәскеу жүргізіп отырған, әлсін-әлі дағдарыстың кезекті құрамына итермелеген аласапыран толқынына ілесіп кеттік. Осылайша баға бірден босатылып, барлық бұрынғы кеңестік республикалар есендірерлік соққы алып, орын толmas қүйзеліске ұшыраған 1992 жылдың қантарына дейін созылып келді.

Тек өзіміздің ұлттық валютамызды енгізгеннен кейін ғана біз осы бір қауіпті кеселді өз бетімізбен емдеуді қолға алып, тәуелсіз экономикалық бағыт жүргізе бастадық. Сондықтан инфляцияны ауыздықтауға бізге екі жылдан астам уақыт керек еді.

Тек өткен жылы ғана бізге оның деңгейін қауіпсіз шекке дейін тәменде-тудің сәті түсті.

Бұғынгі таңда еліміздің қоғамдық және экономикалық өміріне барған сайын сенімдірек қадам басқан кешегі мектеп оқушылары, әлбетте, біздің жетісегіз жыл бұрынғы болмысымыздың салты мен психологиясын білмейді. Бірақ бұл олардың ата-анасының есінде жақсы сақталған. Олар балаларына сол уақыт туралы шындықты айтып берсін. Жастар, ертеңгі басшылар, менеджерлер, бизнесмендер, мемлекеттік қызметшілер, бір сөзben айтқанда, еліміздің экономикалық және қоғамдық саяси өмірінің белсенді қатысуышылары болатын, оның өндірістік және рухани әлеуетін дамытатын адамдар өз халқының мешеу күй кешуінің қайталануына жол бермеуі үшін тарихтың ешбір боямасы жоқ куллі шындығын білуге тиіс.

Маған: адамдардың бұғынгі өмірінің кешегі немесе алдыңғы күнгіден несі артық деп қарсылық білдіруі мүмкін. Иә, бізде, әсіресе әлеуметтік салада әлі проблемалардың көп екенін мен білемін. Үстіміздегі жылдың бірінші тоқсаны бойы менің мейлінше көкейкесті және толғағы жеткен мәселелерін шешумен тікелей айналысқаным өздеріңізге жақсы мәлім. Жалақы, зейнетқы мен жәрдемақы төлеуге байланысты берешекті жою, жекешелендіру, шағын және орташа бизнесті дамыту мәселенің басты түйіні болғанын естеріңізге сала кетейін.

Барлық денгейлердегі атқарушы органдардың қызметі жайындағы менің тұжырымдамам мен оларға берген бағам туралы, сондай-ақ, қолданылған шаралар мен алғашқы онды ілгерілеушіліктер туралы да білесіздер. Үкімет пен әкімдердің, министрліктер мен комитеттер басшыларының қызметіне қатаң талаптар қойылды. Олардың алдына экономиканың барлық бағыттарында жұмысты жақсарту, реформалардың тиімділігін арттыру, осы істе тәртіп орнату және әлеуметтік тұрғыдағы шығыстарды азайту жөнінде нақты міндеттер қойылды.

Президенттің қысымымен жасалған іс барлық денгейлердегі басшылар үшін күнделікті нормаға айналуға тиіс. Мен мұны қатаң қадағалап отырмын. Бұрынғырақ бұл жайында айтқан болатынмын, ал қазір әдейі қайталаімын: егер Үкімет белгіленген мерзімде қойылған міндеттерді толық келемінде атқара алмаса әрі халық реформалардың өз ігілігі үшін іске асырылып отырганын нақты сезінбейтін болса, менің тарапымнан басқа шаралар қолданылатын болады. Бірақ қойылған мақсатқа қалай болғанда да қол жеткізілуге тиіс.

Ал бұғынгі таңда елде берекесіздікке, қоғамның қарама-қарсы блоктар мен қозғалыстарға бәлшектенуіне жол бермеу үшін біздің бәріміздің күшжігерімізді жұмылдыру, қындықтарды еңсеру үшін күш-жігерімізді топтастыру қажет. Кей сәтте дегенмен төзу де керек.

Уақыт өте келе біздің барлық қателіктеріміз бен кемшіліктеріміз айқын көрінеді. Таудағы өткенімізге талдау жасай отырып, олардың көпшілігінен айналып өтудің де қыын болғанын, алайда алдын алуға болатындары бар екенін түсінесің. Сондықтан да көмістіктерімізді түзей отырып, баршамызы-

ға жұмыс істеп, реформаларды ілгепі қарай жылжыту қажет. Қайткенде де саяси еркімізді сақтап қалу, өзіміз таңдап алған стратегиялық желіні жүзеге асыруда іркілістер мен бұралаңдарға жол бермеу қажет.

### III. ҰЛТТЫҚ ТАТУЛЫҚ – САЯСИ ТҮРАҚТЫЛЫҚ НЕГІЗІ

Ұлттық келісім дегеніміз – тегінде теориялық пікірсайыс мәселесі емес, мемлекет құнбе-құн іске асыратын саясаттың практикалық мәселесі. Әлбетте, біз Қазақстанда бұл саясат негізінен дәйекті де салиқалы жүргізіліп келеді деп айта аламыз.

Егер Ленинмен бір нәрсе жөнінде келісуге болады десек, онда практика дегеніміз ақиқаттың шын мәніндегі өшшемі деген тұжырымына келісуміз керек. Ал ақиқат мынада: біздің ұлттық саясатымыздың практикалық нәтижелері көз алдымызыда.

Осыдан үш-төрт жыл бұрынғы азаматтық мәселесі төңірегіндегі қатаң пікірсайыстарды немесе Конституция жөніндегі 1995 жылғы референдум қарсаңындағы тіл туралы пікірсайыстарды естерінізге түсірініздерші. Біз тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында ұлтаралық қатынастарда күшті қақтығыстар орын алғанын жасырмаймыз. 1992-1993 жылдары әрбір төртінші қазақстандықты ұлтаралық қатынастардың ушығу қатері қатты мазалаған еді. Бүгінгі таңда, әр түрлі деректерге қарағанда, осы проблемаға байланысты біршама алаңдаушылық білдіретін қазақстандықтардың саны 5-6 процентке дейін тәменеді.

Бұқаралық сананың жай-күйі – сезімтал барометр. Дәл осы барометр қоғамның ұлтаралық қатынастар саласындағы ахуалына алаңдаушылығын ұдайы тәменедеп келе жатқанын көрсетсе, мұның өзі ұлттық саясат бағдарының дұрыс таңдап алынғанының күәсі емес пе. Яғни уақыт өзі бәрін орын-орнына қойып, біздің орын алған проблемаларымыз шешүге деген көзқарасымыздың дұрыстығын дәлелдеді.

Біздің саясатымыздың дәйіктелігінің басқа, бұдан да гөрі байыпты күәсі бар. Бұл – көші-қон деңгейінің едәуір тәмендеуі. Атап өтетін бір жәйт, бұл проблема әрдайым бірдей сыпайы қойыла бермейді. Көші-қон туралы айтқанда, кейбір бақылаушылар мен сарапшылар мынадай қарапайым фактіні 1980 жылдардың өзінде-ақ Қазақстанның тысқары жерлерге көшудің орын алғанын, әрі көп мәлшерде орын алғанын көргісі келмейді.

Мұның да көптеген себептері бар еді. Ең алдымен бұл адамдардың тұтас бір үрпағының белгілі бір ғұмыр өрісінің аяқталуына байланысты болды. Тың игеруге келгендердің және Қазақстанның өнеркәсіп алыштарына үйымдастқан түрдегі іріктеу бойынша жұмысқа келгендердің көпшілігі мерзімді жұмысын атқарып, үйлеріне қайта оралып жатты.

Ал мұның ешқандай саяси астары да болған емес. Алайда, Кенес Одағы ыдырағаннан кейін көші-қон ағысына жиі-жіі саяси мән беріле бастағаны түсінікті. Мұның ішінара шындыққа сәйкестігі де бар. Тек ішінара ғана.

Біріншіден, қоныс аударушылардың елеулі бөлігі бұрынғы жылдардағы санатқа жататын адамдар еді, олар өз отанына оралып жатты.

Екіншіден, бірталай әскерилер мен олардың отбасы мүшелері көшіп кетті, мұның да қарапайым себебі бар, өйткені ыдыраған мемлекеттің әскери инфрақұрылымы бұрынғы мемлекеттің өзі болмаған соң тұрақтап қала алмайтын еді. Сондықтан бұл жерде Қазақстанға ешқандай кінә қойылуға тиіс емес.

Үшіншіден, жаңа бір құбылыс пайда болды – көптеген адамдар белгілі бір қолайсыздықты сезініп, өз келешегін ойлап қауіптенді, жаңа жағдайда әрбір адамның бойында әрқашан пайда болатын сенімсіздікті бастаң кешірді. Бұған, миллиондаған адамдардың былайша айтқанда, жеке өміrbаяндышқ сипаты бар өзгерістермен ғана емес, мемлекеттік құрылыштағы, қоғамның әлеуметтік-экономикалық үйімдастырылуындағы орасан зор жаңғырулар туыннатқан әлеуметтік қыншылықтарға ұшырасқан кездегі көніл-куйін қосыңыз. Мұндай құбылыстар әр кезде, планетаның әр белігінде бір кездегі тұтас мемлекеттер салиқалы жолмен ыдыраған сәттердің өзінде де орын алып келген еді. Айталық, осындай жағдай қазір Оңтүстік-Шығыс Азияда да, Африка құрлығында да орын алып отыр.

Төртіншіден, осыдан он жыл бұрын, мәселен, жүздеген мың немістерге заңды түрде және орасан зор ауқымда этникалық отанына, онымен қоса дүние жүзінің барынша дамыған әрі орнықты мемлекеттерінің бірі – Германия Федерациялық Республикасы сияқты отанына қайтып оралатын мүмкіндік туады-ау деп кім ойлай алар еді? Егер осындай құқық 1970 – 1980 жылдары берілген болса, онда, көші-қон ағынының ауқымы бұдан кем емес, тіпті ауқымдырақ болар ма еді? Одан әрі. Гректердің Грекияға, поляктардың Польшаға және тағы басқалардың еш кедергісіз еркін қоныс аудару мүмкіндігі болды ма? Жоқ, бұрын ондай мүмкіндік болған жоқ. Кенес әкіметі тұсында әдетте шетелге кетуге тыйым салынды немесе оған саяси астар берілді. Бұл орайда еврейлердің Израильге көшуі Кенес үкіметі мен Батыстың арасында шиеленісті саяси қажасу туғызғанын еске түсірсек те жеткілікті.

Сондықтан әділ болайық және бұл процесте мемлекеттің қайдағы бір кемсіту саясаты емес, тұрғылықты жерді таңдау еркіндігін берген еліміз заңдарының, құллі саяси саланы ырықтандырудың шешуші рөл атқарғаның мойындайық.

Ақыры, ТМД-ның көптеген халықтарының өз тәуелсіз мемлекеттерін құра отырып, өз елдерінде құқық терминдерінің тілімен айтқанда, басты ұлтқа айналуы фактісімен санаспауға да болмайды. Демек, бұл халықтардың мемлекеттік нығайтуға, өз ана тілін, мәдениетін, дәстүрлерін сактауға, тарихи мұраны қалпына келтіруге деген ұмтылышы заңды. Мұның өзі қуатты әрі әбден түсінікті сезім.

Көші-қонның өрлеу сәті 1992-1994 жылдардың үлесіне тиеді. Бүтінгі күні ахуал бірсыдырығы тұрақтанып отыр. Таяуда маған берілген статистика

мәліметтеріне қарағанда 1996 жылы елден кетуші орыстардың саны 1994 жылмен салыстырғанда 3,2 есе қысқарған еken. Қазақстаннан тысқары жерлерге қоныс аударумен бірге, кері процесс – қайтып оралу, яғни бұрынғы Қазақстаннан кеткендердің кері қайтып келу процесі де жүріп жатыр той. Әлбетте, мұның халықтың барлық ұлттары мен топтарына қатысы бар. Мәселен, Германиядағы Қазақстан елшілігінің деректері бойынша, ұлты неміс біздің бұрынғы мындаған азаматтарымыз Қазақстанға қайтып келуге тілек білдіруде. Сөйтіп қоныс аударудың негізгі себебі не, экономикалық әлде саяси тұрғыдағы факторлар ма, деген пікірталасына нұкте қойылған тәрізді. Басқадай болуы мүмкін де емес еді. Iрі өнеркәсіп орындарының жұмыс істей бастауы мүн еken, біз қоныс аудару қарқынының едәуір мәлшерде қысқарғанын байқай бастадық.

Тұтас алғанда, мамандардың есептеулері бойынша, көші-қон процесінің айтарлықтай тұрақтанатынын болжаяға болады.

Статистика қоғамдық процестер, әсіресе көші-қон процестерінің бағытын бұлжытпай тіркейді. Бұл ретте ол ұлтаралық қатынастар тұрақтылығының сыртқы көріністерінің бірін тіркеpt отыр.

Біз жаңа жағдайларда ұлттық саясатты іске асырудың бірегей қоғамдық институты болып табылатын Қазақстан халықтары Ассамблеясын құрдық. Бұл институт тоталитарлық қоғам жағдайында мүмкін емес әрі, тұрасын айтсақ, керексіз еді. Өйткені ол кезде, біз білгендей ұлттық саясат өзгеше құралдармен және өзгеше нысандарда жүзеге асырылады.

Ассамблея қызметінің нәтижелері тек Қазақстанда ғана танылышп қойған жоқ. Бүкіл әлемдегі беделді халықаралық үйымдардың өкілдері Қазақстандағы ұлтаралық қатынастарды үйлесімді ету тәжірибесін зерделей келіп, оның зейін қоюға лайық еkenін атап көрсетті.

Мәселен, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық үйымының үш конференциясына қатысушылар осы үйымның аз ұлттар істері жөніндегі жоғарғы комиссары Ван дер Стул мырза бас болып осындай қорытындыға келді. Өткен жылдың желтоқсан айында оның тәрағалық етуімен Швейцарияда Қазақстандағы ұлттық саясат мәселелері бойынша дәнгелек үстел өткізілді. ЕҚЫҰ-да таратылған тәрағаның ресми мәлімдемесі "Қазақстан Республикасының басшылығы елдегі барлық этникалық топтардың мұдделерін іске асыру және ұлысаралық қатынастарды одан әрі үйлесімді ету үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз ету саясатын дәйекті жүргізіп отыр.

Азаматтық институттар мен азаматтардың көпшілігінің қолдауы және, ЕҚЫҰ-н қоса алғанда, халықаралық қоғамдастықтың жәрдем жасауы жағдайында осындай саясатқа адалдық елде ұлысаралық қатынастарды әрі қарай тұрақтандыру үшін берік негіз болып табылады", – деп жариялады.

Осынау жоғары халықаралық баға тектен-тек берілмейді және оның ар жағында ауқымды да тынымсыз жұмыс жатыр. Бұл мұның ішінде осы залда қатысып отырған адамдардың баршасының жұмысы. Осы орайда сіздердің барлығынызға тағы да өз алғысымды айтқым келер еді.

Ассамблеяның кейбір мүшелерін ЕҚЫҰ ұлтаралық қатынастар проблемалары жөніндегі халықаралық сарапшылар қатарына енгізді. Сіздердің тәжірибеліді ТМД-ның көптеген елдері зерделеуде. Ресей Федерациясының Президенті Б. Н. Ельциннің жарлығының бірінде біздің ассамблеямымыз тәрізді институт құру туралы мәселе қарau міндеті қойылған. Осындай құрылым Қыргызстанда да құрылуда.

Сіздердің қызметінің туралы айтқанда, Ассамблея ұлтаралық бірлік пен татулықты сақтауға және нығайтуға үлкен үлес қосып отырғанын мойындаған жөн. Мұның ішінде ұлттық саясат саласында жаңа заң жобаларына қоғамдық сараптама жасауға қатысу да бар. Мұның ішінде ұлт тілдерін, мәдениетін, дәстүрлері мен салттарын жаңғыртудың басты тетіктері ретінде республикалық және аймақтық мәдени орталықтармен жүргізілетін ауқымды жұмыс та бар. Мұның ішінде ұлыстардың съездерін, фестивальдерін өткізу де, ұлттық бұқаралық акпарат құралдарын үйімдастыру да, Қазақстан халықтарының тілдерінде әдебиет шығару да бар. Мұның ішінде шетелдегі қазақ диаспорасымен және біздің этникалық топтарымыз өкілдерінің тарихи отанымен байланыстарын нығайту саласындағы оң ілгерілеулер де бар.

Бүгінгі таңда республикада 11 ұлт тілінде газет шығарылады. Телестудия Қазақстан халықтарының 12 тілінде және радиостанциялар 6 тілінде хабар береді. Мұның өзі ұлттық толысу мен дамудың ақпараттық кеңістігін құру үшін салиқалы негіз болып табылады.

Сондай-ақ, ұлттық балабақшалар, мектептер ашылуда. Республикада мектепке дейінгі тәрбие беру мекемелерінде жеті ана тілінде 426 мың, ал жалпы білім беретін мектептерде – 3 миллионнан аса бала оқытылып, тәрбиеленеді. Аз ұлт өкілдерінің 106 мың баласы өз ана тілін дербес пән ретінде оқып-үйренеді. Павлодарлықтардың ізгі де пайдалы бастамасын атап көрсеткім келеді. Мұнда 500 оқушыға арналған ұлттық жаңғыру мектебі ашылған, онда оқу және тәрбие беру ісі этникалық топтардың 9 тілінде жүргізледі.

Жоғары оку орындарына түсү кезінде Ассамблея квоталары енгізілді. 1996 жылы қазақстандық студенттердің 9 проценттен астамы немесе 2000-ға жуық адам нақ осындай квотамен оқуға түсті. Жалпы алғанда жоғары оку орындарының бірінші курстарындағы ұлт өкілдерінің үлесі 12 проценттен 17,7 процентке дейін артты. Барлығы, 1995 жылдан бастап республика жоғары оқу орындарына аз ұлттардың 4600 өкілі түсті. Бұл өте-мете қажетті жұмыс әрі оны уақытша науқан деп қабылдамау керек.

Осы сессиямызға әзірлік кезінде мен мемлекеттік органдар қызметшілерінің ұлттық құрамы туралы статистиканы арнайы іріктеп алууды сұрадым. Деректер қызығылықты болып шықты. Мәселен, Президент өкімшілігінде қазақтар мен орыстар, украиндар мен белорусстар, корейлер мен үйғырлар, татарлар мен болгарлар жұмыс істейді. Үкімет құрамы бүгінгі таңда мынадай: онда сеіз қазақ, осынша орыс, украин және бір татар бар екен. Әрине, бұл арақатынастың өзгеруі де ықтимал. Бірақ ондай өзгерістерге тек адамның қатынастары ғана негіз болады. Барлық деңгейлердегі сот

жүйесінде қазақтар, орыстар, украиндер, татарлар, корейлер, немістер, ингуштар, армяндар, өзбектер, поляктар, беларусьтар, молдовандар, еврейлер, ұйғырлар, әзіrbайжандар, чешендер, башқұрттар, чуваштар, осетиндер, қырғыздар бар. Айтыңыздаршы – қайда, ТМД-ның қай елінде осындай жағдай бар? Бірақ осыған қарамастан, Рим папасынан да әулие болып көрінгісі келетін әрқылдың қамқоршылар оннан бір, мұннан бір бас көтеріп, Қазақстандағы әлі де бір ұлттық қысымшылық жайында топшылау жасаудың қояр емес. Бұл жөнінде бір ғана қарапайым жайды айтайын. Егер өз ағайындарыңыздың тағдырына шынымен алаңдайды екенсіз, ендеше олардың мәдениетін, тілін дамытуға іс жүзінде қаржылай, экономикалық қолдау жасаңыз, өз отандастарыңыздың арасында бизнестің қалыптасуына көмек көрсетіңіз. Құллі әлемде көптеген өркениетті елдер осындай үлгі көрсетіп отыр. Егер әлемде жеткен ұрандардан өзге берер ештеңеніз жоқ болса, онда өзінің жаңа мемлекетін, жаңа азаматтығын жан жүйесімен және ақыл-санасымен қабылдаған адамдарды жайына қалдырыңыз. Өйткені шетелдегі өз диаспораларына өркениетті қолдау көрсетудің нақты тетіктері жоқ мұндай саяси сезуарлықтың ұлтаралық шиеленісті ушықтырудан өзге ештеңе бермесі анық.

\* \* \*

Жаңа қазақстанның азаматтықтың қалыптасуы біздің мемлекетіміздің негіздерін қозғайтын көкейкесті саяси проблемалардың біріне айналып отыр. Біз саяси, азаматтық бірлікке ұмтылып отырмыз және де Қазақстан халқы әлдебір жаңа этникалық қауымдастық ретінде емес, түрлі ұлттар азаматтының қауымдастыры тиіс.

Ең алдымен мемлекет құраушы этнос ретіндегі қазақтардың рөлін ұмытпауымыз керек. Қазақстанның тәуелсіздігі – қазақтарға тағдырдың тартқан сыйы емес, өзінің ежелгі жерінде қылыш кезеңді бастан кешу арқылы қолы жеткен өз мемлекеттің құруға деген занды құқығы. Бұл даусыз тарихи және саяси фактіге ешкім күмән келтіруге тиіс емес.

Бұрынғы КСРО-да қазақтар саны жағынан бесінші ұлт болғанына қарамастан, олар туған жерінде аз ұлтқа айналды, олардың ана тілі де жойылып кетудің аз-ақ алдында тұрды. Мұның өзі де сол баяғы жүйенің кінәсі. Қазақ ұлтының өз мәдениеті мен тарихын, ұлттық төлтума болмысын жаңғыртуға деген ұмтылысына Қазақстанның басқа ұлттары азаматтарының тарапынан құрметтеп қарау елдегі тұрақтылықтың стратегиялық негізі мен адамдар арасындағы сенімнің факторы болып табылады.

Біріншіден, Қазақстанның қазіргі аумағы – қазақ халқының осы шекарада аз мемлекеттің жөніндегі сан ғасырлық арманын іске асыруына тарихи және саяси тұрғыда шынайы мүмкіндік беретін планетамыздағы бірден-бір кеңестік.

Екіншіден, осы мемлекеттікі құра отырып, қазақтар өздеріне тән даналық пен әділеттілікті тағы да паш етуде. Кеңестік дәүірден кейінгі кеңестікте

ғана емес, біздің көзіміз жетіп отырғандай, ұлттық мемлекеттіктің түлеуіне байланысты өзгерістер кезеңін басынан кешіп отырған барлық мемлекеттердің ішінде бүкіл қоғамда татулық пен ауызбіршілікке алып келетін салиқалы да дәйекті мұндай ұлттық саясат мысалдары некен-саяқ. Бұл ретте аталған осы ұлттық елдер арасында халқының этникалық құрылымының курделілігі жөнінен Қазақстанмен салыстыруға келетін де бірен-саран ғана.

Үшіншіден, өзгеге талап қою үшін ең алдымен өзіңе тек нақ сондай талаптар қоюың керек. Мындаған жылдар өресінде адамдар арасында қалыптасқан мынадай алтын қағида бар: "Өзіңе тілеместі өзгеге істеме". Мұндай қағиданың кез келген мәдениетті адамға да, сондай-ақ тұтас халыққа да қатысы бар. Әсіресе мұның көпұлттық қоғам халықтарына қатысы ерекше.

Қазақ халқының диаспоралары күллі әлемде осы талаптарға сай келеді. Біздің отандастарымыздың саны 5 миллион адамдай, олар негізінен Ресейде, Орталық Азияда, ондаған өзге елдерде тұрады. Олардың бәрі де осы елдердің сан жағынан негізі болып табылатын халықтарының тілін тамаша менгерген. Олардың салттары мен дәстүрлерін құрметтейді, басқа үлт өкілдерімен де тату-тәтті тұрады. Ешбір жерде қазақ ұлттық факторларына саяси реңк беретін қозғалыстар мен партиялар құрылмаған.

Сіздер қазақтардың елден тыс жерлерге негізінен шарасыздан – тоталитарлық жүйенің немесе аштықтың қысымымен көшіп кетуге мәжбур болғанын жақсы білесіздер. Осы барлық жылдар ішінде қазақтардың байырғы халыққа қарсы ұлттық, саяси немесе діни себептермен бірден-бір дәлелсіз ірі немесе кішігірім бой көрсетуінің орын алғаны бізге мәлім емес.

Бұл ретте осы елдердің бәрінде де қазақ тіліне қандай да бір институциялық мәртебе берілмесе де, қазақтар бүтінгі күні де ұлттық болмысын сақтап қалуға тырысып бағуда.

Шетелде болып, отандастарыммен, қазақ диаспорасының өкілдерімен кездескенімде, мен әрқашан оларды өздері тұрып жатқан елдердің мемлекеттігіне, жергілікті мәдениетіне, тіліне, салттарына құрметпен қарауға шақырамын. Мен бұл адамдарды занды құрметтейтін азаматтар болуға, осы елдердің халықтары жасаған саяси, құқықтық таңдауды тануға, олардың егемендігі мен аумақтық тұтастығына құрметпен қарауға шақырамын. Бұл орайда Қазақстан өз кезегінде қазақтар тұратын елдермен достық және тату көршілік қарым-қатынастар орната отырып, күллі оңтайлы саяси және экономикалық тәсілдермен бүкіл әлемдегі қазақ диспораларын қолдайтынын атап көрсетемін.

\* \* \*

Қазақстан тарихының едәуір белгі – оны мекендейтін халықтардың этникалық және мәдени өзара іс-қимылдарының тарихы, барлық салада дерлік – тілімізде, мінез-құлыш дағдымызда, қазір де біздің жас мемлекетіміз тоталитаризмнің жалған принциптерін лақтырып тастап, шын мәнінде бірегей функцияны атқаруда – барлық ұлттық мәдениеттердің тең құқылы, толық-

қанды дамуын қамтамасыз етуде. Олар жалпы қазақстандық мәдениеттің жаңа сапасын айқындаиды. Басым рөлі оны толық ауқымында әрі ең алдымен мемлекеттік тілді жаңғыру жөніндегі тарихи міндеттепен айқындалатын қазақ мәдениеті біздің еліміздің барлық халықтарының мәдениеттің дамуына ешқандай да көдергі келтірмейді.

Біз мәдени қоғамның қазақстандық үлгісі бір жағынан – өз жағдайымызға сәйкес келуіне, екінші жағынан – қазіргі дәуірдің қурделілене түсден талаптарына сай келуіне ұмытылып отырымсыз. Яғни мемлекет шығармашылық процестерге қысым жасаудың кез келген идеологиялық нысандарынан бас тартады. Мәдениеттің дамуы ендігі жерде әлемдік мәдениеттің даму заңдылықтары жүйесіне кірігімен, бүгінгі әлемнің жаңа мағыналық және сезімдік пайымдық астарларына бойлап енуімен айқындалады. Шын мәніне келгенде, нақ сол еуразиялық идеяның көрініс беруі.

Біздің мәдениетімізді әлемдік мәдениеттен оқшаулап тұрған "Темір перде" енді жок. Қазіргі ахуалдың принципті жаңа тұрпаты Қазақстанның барлық этникалық топтары мәдениеттерінің мазмұндық өлшемдерінің сапалық өзгерісімен айқындалады. Шығармашылық тұрғыдан тоғысу принципті түрдегі ашықтық, басқа да дүниежүзілік мәдениет үрдістеріне үндесу бағыты олардың негізгі сипаттамаларының біріне айналады. Келешекке кез салсақ, диаспоралар мәдениеттің құрлықтық аймақтарының бөліктегі ретінде ғана көрініп қоймайды, сайып келгенде, бүкіл көп ұлыстық қазақстандық мәдени өркениет кешенінің "өкілетті өкілдері" болып шығады. Яғни, олар біздің басқа ұлттық-ұлыстық жүйелермен өзара іс-қимылымыздың бір арнасы мен тетігіне айналады.

Сөйтіп, біздің еліміздің ұлттық мәдениетінің бірлігі аралық Азия кеңістігінде қалыптасып келе жатқан жаңа мәдени құбылыстың негізі және Еуразия құрлығының осы заманғы мәдениетінің тәлтума және субелі бөлігі болып табылады. Бұл орасан зор байлық, біз оны сақтап, үрпақтарымызға табыс етуге тиіспіз.

Кез келген елдің өзінің экономикалық, саяси тәуелсіздігі және соған сәйкес келетін құқықтық негізімен бірге рухани тәуелсіздігі де болуы керек. Ал бұл өз кезегінде осы мемлекет азаматтарының өзінің мәдени-өркениет саласымен сәйкестігін сақтау мен дамыту талаптарының қурделі қосындысын қамтиды. Осыдан бес жыл бұрын ғана дербес мәдениетін құруға мүмкіндік алған еліміз жалпыұлттық мәдени кеңістік қалыптастырудың бастапқы кезеңінде тұр.

Бұл ұзақ мерзімдік міндет әрі өзінің мәні жағынан стратегиялық міндет. Біздің мемлекеттіміздің саясаты болып жатқан өзгерістерді ескеруге және алдағы ғасыр құндылықтарының алға қояр талаптарының аясында сенімді стратегия сомдауға тиіс. Ал мұндағы ең бастысы – өзінің сәйкестілігін сақтау. Әнгіме халықтың мынау шапшаң өзгеріп отырған дүниеде өзін сақтап қалу қабілеті тәнірегінде болып отыр.

Ендігі жерде біз, барша қазақстандықтар, бір әлеуметтік, саяси, экономикалық, құқықтық, және сайып келгенде, бір мәдени деңгээлде тұрғанымызды түсінуіміз қажет. Біз – тарихқа айналған деңгээлде тұрғысынан алғанда – сапалық жаңа мәдени қауымдастықты құрушылармыз. Қазірдің өзінде бұл біздің өміріміздің ішкі мәні, мазмұны болып отыр. Қазақстан біздің елдегі кез келген ұлттық мәдениет үшін жалпы мемлекеттік, азаматтық-саяси "үй" ғана емес, тен тұрғыдан мәдени-өркениет "үйі".

Тұтастай алғанда, Қазақстанда ұлтаралық қатынастарды реттеу принципті түрде өзгеріп отырған мынадай жағдаяттарды мұқият түсінуіне неғізделуі керек.

Біріншіден, саяси демократияландыру мен экономикалық ырықтандыру адамдардың мінез-құлқына жаңа нақыш енгізеді және олардың арасында жаңа қарым-қатынастар орнықтырады. Бұл өзгеру ұлтаралық қарым-қатынастарға да әсерін тигізеді. Егер осы ықпалдың негізгі бағытын айқындастырын болсақ, саяси және экономикалық ырықтандыру тұтастай алғанда Қазақстандағы ұлтаралық қарым-қатынастарға онды әсерін тигізді деп айтуда негіз бар (әйтсе де ол барлық жерде бірдей болмағанын мойындау керек).

Екіншіден, біз ашық қоғам орнатып жатырмыз. Президенттік басқару нысаны, азаматтардың еркін ерік-жігерін білдіруі негізінде қалыптасқан кәсіби парламенті бар қоғам. Сөз бостандығын практикада жүзеге асырып отырғанда ұлттық қарым-қатынастарды жабық қоғамның үрдісі бойынша реттегуе болмайды. Иә, жабық қоғамда кез келген ұлттық проблеманы "адам жоқ екен, проблеманың да болуы мүмкін емес" деген принциппен шеше беруге болады. Бұл орайда кез келген, тіпті ең қатыгез деген әрекеттің өзі ақпараттық жағынан әйгіленбейді немесе бір ғана көзқарас тұрғысынан түсіндіріледі. Мен қылмыстық кодекске бұқаралық ақпарат құралдарын қорғауға бағытталған баптың енгізілуін саналы түрде талап еттім. Ал мұның өзі тіпті де жәй ғана ишарат емес, принципті айқындаға, әйткені тәуелсіз бақсыз ашық қоғам орнатуға болмайды. Өз кезегінде ұлтаралық қарым-қатынастардағы проблемалар талқылануға тиіс, әрі жабық және сапер күректерінің көмегімен жасалатын қанды "қадасудың" арқауы емес, қоғамдық татулықтың негізі болуға тиіс.

Үшіншіден, XX ғасырдың соңғы он жылдығында, Қазақстанның дамуы ұлтаралық шиеленіс сілкіністеріне сырғытындағы ешқандай да тақсыретті әрі тізгін бермес қажеттілік жоқ екенін көрсетіп берді. Босния мен Қарабақтың, Днепр өнірі мен Абхазияның, Тәжікстан мен Чешенстанның ашы тәжірибесі әлі кейінгін орнықтыратын негіз емес. Бірақ аса курделі өтпелі кезеңді бастаң кешіп отырған Қазақстанның да тәжірибесі бар ғой, алайда біз ұлттық қарым-қатынастарды реттеудің белгілі бір практикалық тәжірибесін жинақтай отырып, қоғамдағы тұрақтылықты сақтап қала алдық. Бүгінгі танда бізде өткеннің, қалтарыс-қатпары көп қанқұйлы өткеннің проблемаларына

байланысты мәселелерді шешуден, ғасырлар бойы қордаланып қалған ке-ленсіз таптаурыннан бастап, өзекті міндепті – осы заманғы Қазақстанның барлық ұлттық топтарының жаңа азаматтық сәйкестенуін шешуге ойыса-тын мүмкіндік бар. Саяси тұрақтылық та және экономикалық серпіліс пен мәдениеттің жай-күйі де біздің, міне, осы міндепті қалай шеше алатындығыны-мызға байланысты болады. Біздің балаларымыздың болашағы да соған байланысты болмақ.

#### **IV. ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ**

Әлеуметтік-экономикалық даму тақырыбына ойысқанда, біз реформа-ның Қазақстанның таяудағы 20-30 жылға арналған даму бағдарламасын жасау үшін нақты мүмкіндік туған кезеңіне аяқ басқанымызды бірден атап көрсеткім келеді. Менің тапсырмам бойынша түрлі елдердің ең тәжірибелі деген мамандарын тарту арқылы осы құжатты әзірлеу жұмысы қызу баста-лып та кетті. Бұл жұмыспен менің Жарлығыммен құрылған Стратегиялық жоспарлау жөніндегі агенттік шұғылдануда. Мен бұл жайында халықа кейін-рек егжей-тегжейлі айтатын боламын. Қазір бұл мәселеге қысқаша тоқтала кетейін.

Сіздер білесіздер, макроэкономикалық тұрақтылыққа қол жеткізу күні кешегі кезеңің басымдығы болды. Инфляция белең алған және экономикалық ырықтандыру ықпалы есендіреткен жағдайда қандай да бір тұрлаулы болжамдар жасау туралы сез қозғау мүмкін болмағаны әбден түсінкіті жәйт. Базалық көрсеткіштер тым солқылдақ еді, біз солардың негізінде қан-дай да бір нақты ұзақ мерзімдік жоспарлар жасай алмадық. Сондықтан бар-лық күш пен қаражат экономиканы тұрақтандыруға, оны құлдырау "қыста-лаңынан" шығаруға бағытталды.

Бізге толық үйлестікке қол жеткіздік деп айту өлі ертерек. Себебі, қол жеткен терең-тендік өлі тым әлжуаз. Алайда 1993 жылды ұлттық валютаны енгізу сәтінен басталған дәйекті реформалар, мен бұл жайында жоғарыда айтып өттім, сондай-ақ, макротұрақтылықтың батыл және мұлтіксіз жүргізіліп жатқан саясаты, еліміз "қайтып оралу нұктесінен" өтті, енді біз шаруашылық организмнің тұрақты дамуын және экономикалық көрсеткіштердің өсуін еселеумен мықтап шұғылдана аламыз деп пайымдауға мүмкіндік береді.

\* \* \*

Бүгінгі таңда біздің қолымызда не бар? Жеткілікті түрде тұрақтанып келе жатқан экономикамыз бар. Экономикалық құлдырау "процесін кері бұруға" мүмкіндік алдық – аздаған өсуге қол жеткіздік, ал оны келесі екі-үш жылдың ішінде 2-3 проценттің деңгейінде ұстап тұруды қөздел отырмыз.

Мемлекеттік шығыстар мен кірістердің қатаң саясаты бюджет тапшылығын бірнеше жыл бойы ІЖО-нің онтайлы 2-4 проценттің деңгейінде ұстап

түрүға мүмкіндік береді. Айта кеткен жөн, бюджет тапшылығының 3 процент деңгейі Батыс Еуропаның дамыған өлдері үшін ЕҚ-ға енудің шарты ретінде қабылданды.

Сыртқы берөшегінің деңгейі жағынан Қазақстан бұл жөніндегі көрсеткіштері байыпты өлдер қатарына жатады. Республиканың орасан зор экспорт өлеуетін ескергенде, ол тіпті жақсара түсуге тиіс. Мұның өзі өлдің жалпы кредиттік қабілетіне иғі ықпалын тигізбек.

Жан басына шаққанда шетелдік тікелей инвестицияларды тарту деңгейі жағынан Қазақстан Орталық және Шығыс Еуропа, сондай-ақ, ТМД өлдерінің алғашқы бестігіне сенімді түрде кіреді. Тұтас алғанда біздे макроэкономикалық көрсеткіштер қалыпты, әрине, қолымызда оларды жақсартудың үлкен өлеуметі де бар.

Тағы бір фактор – ұлттық нарықты дамытуға жәрдемдесетін құрылымдық реформалар сөреде кідіріп қалғанмен, біз өзгерістердің бара-бар журуін қамтамасыз ететін қарқын таба білдік. Біздің жоспарларымыз бойынша барлық реформалар таяудағы екі жылдың ішінде аяқталуға тиіс. Қазақстан экономикасының өкімгершіліктен нарықтыққа қарай ойысқан өткіншілік мәртебесі анағұрлым тұрақтана түседі. Бұған барлық жағдай бар.

Бірақ ең бастысы, біз қол жеткен экономикалық өрістермен бірге Қазақстанның қуатты өлеуеті де бар, мұның өзі болашаққа сеніммен қарауға және ең батыл деген жоспарлардың сөзсіз іске асатынына үміт артуға мүмкіндік береді.

Бұл өлеует неден құралады?

Біріншіден, біздің мемлекеттіміз мұнайдың, газдың, көмір мен уран кендерінің дүниежүзілік қорларын иеленушілер ішінде алдыңғылардың бірі болып отыр. Бұл салаларды дамыту және оларды тиімді басқару мәселесі мемлекеттік ерекше назар аударуды қажет етеді.

Дүниежүзілік қоғамдастықтың Қазақстанды XX ғасырдағы негізгі энергия көздерін берушілердің бірі деп білуі орынды. Біздің алдымызда келесі он-он бес жылдың бедерінде мұнайды ірі экспорттаушылардың бірі болу жөнінде нақты міндет тұр.

Басқа да көптеген пайдалы қазбалардың қолдағы қорлары көсіпорындардың қалыпты дамуын қамтамасыз етеді. Қазақстанда мыстың қоры әлемдік мыс қорының 10 процентін, қорғасынның – 19, мырыштың – 13, темірдің – 10, марганецтің – 25, хромит кендерінің 30 процентін құрайды. Барит пен вольфрамның анықталған қорлары да дүниежүзілік қордан асып түседі. Осының бәрі біздің металл өндіретін өлдердің арасында лайықты орынға шығуымызға мүмкіндік береді.

Республика қойнауында өндіретін минералдық шикізаттың өлеуметтік құндылығы 8,7 триллион АҚШ долларымен, соның ішінде барланған қорлар 3,3 триллион доллармен бағаланады, болжанған ресурстар 5,4 триллион доллар. Республика үшін минералды шикізат кешенінде қатты табиғи байлықтар жөнінен темір, марганец, хром, уран, полиметалдар, мыс, алтын –

басым бағыттар. Осы кешенді реформалашу тиісті зандар, сондай-ақ, жер қойнауын пайдалануды және жер қойнауын қорғауды басқару мен реттеу тұжырымдамасы негізінде жүргізіледі.

Екіншіден, Қазақстан орасан зор ауылшаруашылық жеріне ие. Қазірдің өзінде біз ауылшаруашылық өнімдерімен өзімізді толығымен қамтамасыз етіп, оның өндірілген көлемінің үштен біріне жуығын экспортқа шығарып отырмыз. Ал агроенеркесіп өндірістегі стратегиялық бағытқа келсек, ол Қазақстан ауылшаруашылық кешені және ең алдымен дәнді дақылдар өнімдерін Орталық Азия рыногына өткізу экспорттың үлесін осы деңгейде ұстап, үлгайта беруге бағытталуы керек. Бұл орайда таяу жылдары ҚХР мен Үндістанда тамақ өнімдерін тұтынудың ессе түсетіні жөніндегі болжам ес-керіліп отыр. Қазақстанның ауылшаруашылық өнімдерін негізгі және жақын жердегі өткізу рыногы қатарына Ресей де жатады. Бұл жерде экспортқа деген өлеуettің орасан зор екені әбден түсінікті.

Үшіншіден, республиканың дүниежүзілік сауда арналарынан қазіргі кезде жырақ жатқанына қарамастан, біздің транзит өлеуettімізді пайдаланушы салалар елдің болашақ дамуының қуатты қайнарын құрайтын болады. Бұл өлеуettің стратегиялық бағыттар қатарына енгізілуі бірнеше объективті жағдайларға байланысты туды. Олардың ең бастысы – шапшаң дамып келе жатқан Оңтүстік-Шығыс Азия, Қытай, Үндістан мен Ежелгі Құрлық елдерінің бұдан былайғы дүниежүзілік сауда алмасу барысында көлік шығындарын төмөндөту қажеттігі. Сонан соң таяу келешектегі Қазақстанның дүниежүзілік мұнай өндірудегі үлесінің артуына байланысты оның экспортты үшін жаңа көлік қуаттарының қажет болатыны да өте-мәте маңызды. Қазақстанның географиялық жағдайы мен құрлықтағы ұлан-ғайыр аумағы бізге бүгінгі таңда және келешекте кейбір басқа елдердің алдында табиғи артықшылық береді.

Сейтіп, Қазақстанның дамуының ұзақ мерзімді даму стратегиясының бірі көлік инфрақұрылымын дамыту болуы керек. Ол мұнай құбырлары, магистралдық даңғылдар, темір жолдар, айлақтар мен өзен терминалдары, өуежайлар құрылышы. Біз дамыған коммуникациялар жүйесін сала отырып, экспорттық өлеуettі едөүір арттырып қана қоймай, Қазақстан арқылы бұдан былайғы транзиттік тасымалдың дамуына да жол ашамыз.

Проблема мынада: коммуникациялық жобалар ете қымбатқа түседі және өзін-өзі ақтау мерзімі ұзаққа созылады. Басқа елдердің тәжірибесі нарық тетіктерін инфрақұрылымның дамуына ықпал етпейтінін көрсетіп отыр, демек, бұл жерде негізгі рөлді мемлекет өзіне алуы керек. Біз Ақмола мен Қарғандыдағы аса ірі өуежай, Трансазия темір жолындағы Достық стансасы, Каспийдегі Ақтау порты, Алматы – Ақмола автоданғылдары, біздің телекоммуникацияларымыз және т.б. құрылышы кезінде осылай істедік. Алдағы уақытта да солай істемекпіз.

Тегінде, өндірістік инфрақұрылым туралы сөз қозғағанда, Қазақстанға біздің экспорттық мүмкіндіктерімізді елеулі түрде арттыруға мүмкіндік бе-

ретін алғашқы ірі жоба жайында айтпасқа болмайды. 1999 жылға жоспарланған оны пайдалануға беру мүнайдың жыл сайынғы экспорттың 67 миллион тоннаға дейін арттыруға мүмкіндік береді. Алайда XXI ғасырдың басында-ак Қазақстанда мүнай өндіруді 100 миллион тоннаға, ал 2010-2015 жылдың бедерінде 170 миллион тоннаға дейін жеткізу жоспарланып отыр. Әрине, бұл кезде КҚҚ-нің қуаттары бізді қанағаттандыра алмайтыны аян. Мұның үстіне біз өз алдымызға мүнай экспорттауды 100 және одан да көп миллион тоннаға дейін арттыру міндеттің қойып отырмыз. Сондықтан қазірдің өзінде маршруттары Қара теңізге ғана емес, басқа бағыттарға да созылатын осындағы мүнай арналарының құрылышы туралы ойлануымыз керек. Сонымен бірге біз мүнай өнімдерін темір жол және теніз көлігімен тасымалдау көлемін арттыруды көзделеп отырмыз.

Төртіншіден, егер біз өз адамдарымыздың мүддесін көзделеп, қаржы жұмсамайтын болсақ, онда отандық экономиканы өркендешту жөніндегі барлық ұмтылышсыздыдан ештеңе шықпасы анық. Мен өткен жүйенің сирек артықшылықтарының бірі баршаның қолы жетерлік білім алу болғанын айттып өттім.

Білімді халқымыздың болуы, бұл орасан зор табысымыз, ондай жағдай Оңтүстік Кореяда да, Малайзияда да, Индонезияда да болған емес. Көптеген адамдар біздің орта біліміздің бәсекеге барынша қабілетті екенін айтады. Ал экономикалық құлдыраудың салдарынан алдымен жоғары және орта мектеп оқытушыларының, студенттердің зардап шеккені өкінішті-ақ. Мұндай мұрадан айырылып қалу күпірлік болар еді. Бұған біз жол бермейміз. Ол ол ма, біздің өсуімізге де қажет резерв бар, яғни ағылшын тілін, экономика және қаржы пәндерін, құқықты ақпараттаманы оқыту деңгейін арттыру керек.

Азия елдерінің экономикалық өсуіне ықпалын тигізген факторлардың бірі АҚШ-тың, Еуропаның дүниежүзілік ғылым мен оқу орталықтарына мындаған студенттерін окуға жіберуі болды. "Болашақ" бағдарламасы бойынша жол берілген белгілі бір іркілістерге қарамастан, біз алдағы уақытта да білім саласына мемлекеттік қолдау көрсетеміз, қазақстандықтардың қазір де, болашақта да қажетті білімі мен дағдыларын арттыруға жәрдемдесе береміз. Біздің студенттерімізді шетел университеттерінде оқытуды қаржыландыра отырып – Қытайдың, Кореяның, Жапонияның тәжірибесі соның айқын дәлелі – біз тек осылай ғана құрделі міндеттерді шешетін кадрлар даярлай алымыз. Ал енді отандық білім беруді дамытуға келсек, мұнда білімді компьютерлендіру бағдарламасы шешуші рөл атқарады. Бұл іске әлемдік жетекші оқу орталықтарына жақындастырылған өз білім беру құрылымдарының қалыптастыру қызмет ететін болады. Ондай жоғары мектеп көшбасшылары қазірдің өзінде бізде бар. Олар – Қазақстан менеджмент, экономика және болжуу институты, ұлттық мемлекеттік басқару жоғары мектебі және басқалары.

Бесіншіден, кез келген стратегияның табиғи және сіңірліген артықшылықты дамыта беруге құрылышының айтып өттім. Өлбетте, біздің стратеги-

ямыз да оны айналып ете алмайды. Алайда бүгінгі өлемдө біз мұнай, металл нәмесе ауылшаруашылық өнімдері экспортына тәуелді болып қалмауға тиіспіз, онда осы артықшылықтарымыздан айырыламыз. Бұл проблеманың шешімі – экспортты диверсификациялауда. Бұл жолы өлемдік конъюнктураның өзгөруі жағдайында шығасымызды тәмендетіп қана қоймай, сонымен бірге өнеркәсібіміздің одан өрі технологиялық дамуына жәрдемдеседі. Қазақстан уақыт ете көле өндөлмеген мұнай мен көнді экспортқа шығарумен бірге мұнай өнімдерін, химия мен машина жасау өнімдерін экспортқа шығарары сәзсіз. Әрине, технологиялық даму кезеңдерінен өшкім "көктеп" ете алған емес. Біз дә бұл жолмен жүрмейміз. Міндөт басқада – негізінен ұқсатушы салаларды, мұнай-химия, машина жасауда, жөніл өнеркәсіpte, құрылымдары индустрисында, тамақ өнімдері өндірісінде және тағы басқаларында қолда бар салаларды дамытып, жаңа салалар құрумөн сындарлы ұштастыруды. Осы міндөттердің бөрін біз қазірдің өзінде басымдықтар санатына қосып отырмыз.

\* \* \*

Әлбеттө, стратегияның құндылығы ойластырылуында емес, ойдағыдай жүзеге асырылуында. Ал біздің жағдайымызда белсенді түрде шетел инвестицияларын тарту мен инвесторларға саяси кепілдіктер бергенде ғана табысқа жетеміз. Өкінішке қарай, таяу болашақта ішкі ресурстарға арқа сүйөй алмаймыз. Көптеген мамандар халық екі миллиардқа жуық долларды "жамбасына басып" отыр деген пікірде болғанмен, сенімді қаржы жүйесін қалыптастырып, қазақстандықтардың сеніміне қайта ие болғанға дейін уақыт ететінін мен жақсы түсінемін. Әлбеттө қазірдің өзінде бұл қаражатты банктердө сақтау тиімді өкөнін адамдарға түсіндіру қажет. Қысқасы, өздері инвестор болсын, өлдің экономикасына жәрдемдессін, өзінің игілігіне қыzmёт етсін.

Әзіргө отандық өнеркәсіпті аяғынан тік тұрғызу үшін шетел инвестиляры көрек. Озық тәжірибе, жаңа технологиялар мен ноу-хау, басқару мен маркетинг дағдылары қажет.

Мініе, сондықтан да біз инвестициялық ахуалды жақсартуға көп күштің жүр жұмсал келеміз. Сол үшін Меминвестком құрылды. "Тікелей инвестиацияларды мемлекеттік қолдау туралы" Зан өзірленді. Біздің қазіргі міндөтіміз – капитал ағысын реттеудің дәйекті дә баршаға түсінікті ережелерін жасау. Инвесторлар үшін женілдіктер мен артықшылықтар берудің егжей-тегжейлі жүйесін өзірлеу, өлеуметтік және коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту. Басқаша айтқанда, өлемнің іскер топтараты үшін Қазақстан беделін арттыру көрек. Сөйтіп, біз қолында өлеулі ресурстары, озық технологиясы, өнім бөлудің ғаламдық арналары бар өлемнің аса ірі үлттаралық корпорацияларының капиталын тарта аламыз.

Бұл күндері Алматыда аса ірі инвестициялық басқосу етіп жатыр, оған аса ірі өлемдік компаниялардың басшылары қатысада. Кеше осы басқосу-

да өзім де сейледім, оған қатысуышылардың сөздерін де тыңдадым, өлімізге шетел капиталы келуін үлғайту жолдары туралы мұddeлі де келелі өңгіме қозғалғанына көзім жетті. Қептеген бизнесмендердің Қазақстанға көзін ашу керек, өлеуметіміздің мүмкіндігінен, даму көлешегінен хабардар ету керек. Басқосудың біздің әлемдік шаруашылық байланыстарына кірігуімізге құраты серпін береріне күмәнім жоқ.

Экономиканы инвестицияларға бейім қалыпта тұратында жағдайда ұстау үшін тыңғылтықты жұмыс істеу қажет. Демек экономикалық реформаларды жүзеге асырудың серпінді де қатаң ыргағы керек. Нарықтың өзінде де экономиканы "қыздыратын" бірталай уақыт керек екенін ескеру қажет. Сондықтан бүгінгі таңда нарықтық реформаларды көп ретте мемлекеттің өзі ынталандырып келеді. Мемлекеттің экономикаға бұлайша араласуына сын айтылатын кезі де сирек емес. Бірақ бұл араласудың өмірлік-әкімшілікпен салыстыруға келмейтінін үмітпайық. Біз реформалардың бағыты нарықтық құштерге астасуы үшін бәрін істеуге үмтүлудамыз. Мұндай шаралардан таңданарлық нәтиже алынуы мүмкін. Бұл ретте "Азия жолбарыстары" деп аталатындардың тәжірибесі үлгі аяларлық.

Ендігі жерде біз қысқа мерзім ішінде жекешелендіру арқылы жеке мәншік иелері табын қалыптастырып, ресурстарды барынша тиімді пайдалану үшін оны бөлу тетіктерін жолға қоюымыз, өлеуметтік-экономикалық дамуды заңдық және реттеуші негіздермен ұдайы "жетелеп" отыруымыз керек.

Әкімшілік жүйемізді сауықтыруымыз қажет. Шенеуніктөрдің далиған штаты қазірдің өзінде біздің даму жолымызыдағы елеулі тежегішке айналып отыр. Кейде тілті оғаштыққа ұрына бастадық. Мемлекеттік қызметшілер саны жағынан Қазақстан Батыс Еуропаның неғұрлым дамыған елдерімен бір қатарда тұр. Алайда біздің аппараттың жұмыс сапасы ешқандай сын көтермейді. Өздеріңіз білесіздер, европалық қалыптың ауылды өлі алыс.

Әлбетте, бюджеттегілердің осынау қалың қосынын онша бай емес мемлекет есебінен ұстау ауыр міндет. Демек, егер біз бір экономикалық өсуді жеделдетуге бекем бел байлаған екенбіз, онда мемлекеттік басқару органдары реформасын белсенді іске асыруымыз қажет. Бұл процесс осы жылдың наурызында басталды, біз онда министрліктер мен ведомстволар санының төң жартысын қысқарттық, аумақтық басқару органдарының құрылымы мен санын онтайландырдық, бес облыс пен ондаған ауданның басқару аппараттары қысқартылды. Нәтижесінде біз барынша іскер, икемді басқару органдарын сомдайтын боламыз. Тұтас үкіметтің және әр министрдің алдына нақты міндет қойдым, оны жүзеге асыру мерзімін белгіледім. Жаңа астанаға үйимшылдықпен, беріле істейтін, осы заманғы өлшемдермен пайымдай білетін кадрларды топтастыруды көздел отырмын.

Сонымен бірге бір миллион бюджетшілер туралы айтқанда, мемлекеттік қызметте тұратындардың бәрінің 70 проценті дәрігерлер мен мұғалімдер екенін естен шығармауға тиіспіз. Бір жағынан қызмет сапасын арттыру үшін, екінші жағынан, республикалық бюджеттен ауыр жүкті алу үшін біз білім беру

мен денсаулық сақтау жүйесін кең көлемде реформалауды жоспарлап отырмыз. Мұғалімдер мен дәрігерлерге түсетін салмақ, мектептер мен ауруханалар саны оңтайландырылуға, ел қажетіне сай болуға, ал қызметшілердің осы санатының еңбегіне тәленетін ақы әжептәуір жоғары болуға тиіс. Айтып еткенімдей, мемлекет алдағы уақытта да білім беруді тағдырдың тәлкеғіне тастамайтын болады, бірақ оны қолдау міндетті. Білім беру жүйесі гранттар мен шәкіртақылар арқылы жүзеге асырылады. Мен, жеке меншік мектептердің, бірақ лицензияланған, әрі мемлекеттік талаптарға сай келетін мектептердің, университеттердің, ауруханалардың көп болғанын қалаймын. Медициналық сақтандыру жүйесіне назар аударылатын болады.

\* \* \*

### **Құрметті Ассамблея делегаттары мен қонақтары!**

Соңғы жылдары біз реформалардың жасампаз кезеңінен өттік. Қазақстанның мемлекеттігін нығайту, әлемдік қауымдастыққа кірігу үшін көп іс тындырдық. Біздің алдымызда әрі жолы жаңа ауқымды міндеттер тұрды және тұратын болады. Бірақ өнді бүл жан қорғалau қындығы өмес, өсу қындықтары.

Қалай болғанда да біз көп этникалық мемлекеттің тоталитаризмнің ауыр мұрасына қарамастан, барлық ұлттар адамдарының сенімі мен татулығы, адам құқығына құрмет ахуалында, халықтың барлық топтарының, барлық ұлттар мен ұлыстар өкілдерінің әлеуметтік әріптестігі мен ынтымақтастығы жағдайында бейбіт жолмен дами алатынын және дамуы керектігін дәлелдей бердік.

Біздің еліміз алдағы уақытта да ілгерішіл ұлттық саясат жүргізетін, болашақ ұрпақтардың бейбіт өміріне, әр адамның еркін дамуына және барлық этностарымыздың арасындағы үйлесімге кепілдік беретін демократиялық мемлекеттің заңдары бойынша өмір сүреді. Осындай мемлекет орнатып, біз талай тауқыметті бастан кешкен, бірақ бірегей көп ұлтты Қазақстан халқын асырап-сақтаған, баулып-тұлеткен мейірімі мәңгі де дарқан қасиетті қазақ жерінің алдындағы, қазақстандықтардың ұрпағы алдындағы өз парызымызды орындайтын боламыз.

Назарларыңызға рахмет!

**ДОКЛАД  
ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН Н. А. НАЗАРБАЕВА  
НА IV СЕССИИ АССАМБЛЕИ НАРОДОВ КАЗАХСТАНА\***

---

**Акмола, 6 июня 1997 года**

**ИСТОРИЧЕСКАЯ ПАМЯТЬ, НАЦИОНАЛЬНОЕ СОГЛАСИЕ И  
ДЕМОКРАТИЧЕСКИЕ РЕФОРМЫ – ГРАЖДАНСКИЙ ВЫБОР  
НАРОДА КАЗАХСТАНА**

**Уважаемые делегаты и гости Ассамблеи!**

Рад возможности сердечно приветствовать вас на древней и вечно молодой земле Акмолы!

Пожалуй, впервые за всю ее историю здесь собрался столь авторитетный форум, участники которого представляют интересы всех наций, проживающих в нашей стране, а значит, и интересы всего народа многонационального Казахстана. Это обстоятельство убедительно свидетельствует о том, что новая столица становится реальным фактором общественно-политической жизни республики, в данном случае – своеобразным инструментом дальнейшей стабилизации межнациональных отношений.

Позвольте прежде всего поблагодарить вас за очень важную и своевременную инициативу, в соответствии с которой в Казахстане было заключено соглашение о сотрудничестве. Все партии, общественные объединения и национально-культурные центры, подписавшие этот документ, взяли на себя роль гарантов сохранения гражданского мира, а сама Ассамблея подтвердила свой статус авторитетного общественного института, играющего в казахстанском обществе исключительно позитивную роль.

Соглашение о сотрудничестве задает политическую тональность всего 1997 года, объявленного моим указом Годом общенационального согласия и памяти жертв политических репрессий. Особенно ярко это проявилось 31 мая, когда мы отметили День памяти жертв политических репрессий. Все казахстанцы были единодушны: мрачные страницы нашей истории не должны повториться.

Однако обсуждение самой идеи Года показало, что порой возникает непонимание необходимости осмыслить наше тоталитарное прошлое.

Между тем я глубоко убежден в том, что уроки истории надо осваивать постоянно, из поколения в поколение. Тем более – на переходном этапе общественного и экономического развития, который переживает сегодня наш Казахстан.

---

\*Назарбаев Н. А. "Избранные речи". Том III. 1995–1998 гг. – Астана: ИД "Сарыарка", 2009. – 582 с.

## I. УРОКИ ТОТАЛИТАРИЗМА

Один из величайших философов прошлого Иммануил Кант славился тем, что до того анализировал как положительные, так и отрицательные стороны любой мало-мальски значимой проблемы бытия. Как известно, на нашей Ассамблее сложилась хорошая традиция – предельно откровенно рассматривать сложнейшие вопросы политического, экономического и культурного развития Казахстана. Не будем нарушать этой традиции и сегодня.

Итак, по поводу Года памяти и согласия есть два взаимоисключающих мнения. Они сводятся к тому, что, во-первых, обращаясь к прошлому, мы можем начать поиски виновных, в том числе виновных наций; и во-вторых, что у нас за плечами славный путь, который нельзя рассматривать только с критической точки зрения. Хотел бы четко определиться по этим двум позициям.

Начнем с того, что нет ни одной нации, ни одного народа, которым тоталитаризм не причинил бы сокрушительного и, к сожалению, в чем-то непоправимого ущерба.

Если речь идет о том, чего не договаривают наши стыдливые оппоненты, а именно о роли русского народа в кровавых репрессиях, то одна из горьких истин XX века состоит в том, что именно русский народ, являясь самым многочисленным народом бывших империи и СССР, испытал самую большую этническую трагедию в своей тысячелетней истории. Равно как и казахский народ, потерявший едва ли не половину своей численности в прямой или косвенной форме. Не буду повторять данных о чудовищных по своим масштабам и варварских по своим формам размерах этнического геноцида переселенных народов. Проводя мероприятия этого года, мы должны четко расставить все акценты. И только тогда перед нами откроется вся историческая правда: ни один народ не является виновником этнического Апокалипсиса уходящего столетия. Это вина системы.

С другой стороны, нельзя вместе с водой выплескивать и ребенка. Было бы наивным закрывать глаза на те бесспорно позитивные моменты, которые были в недавней истории всех народов, в том числе и казахского. Неоспоримо, что за семь с лишним десятилетий – по существу, ничтожно малый отрезок времени – проведена грандиозная модернизация экономики и некогда патриархального образа жизни людей. А ведь этих успехов добились не инопланетяне, а мы с вами, наши отцы и деды. Пройденный путь – это наше общее прошлое с его победами и поражениями, радостями и трагедиями. А тот, кто придерживается другого мнения, пусть для себя уяснит: с его стороны было бы по-человечески непорядочно упрекать людей старшего поколения в исторической бессмысленности или ничтожности их дел и поступков.

Вы знаете, что я всегда был сторонником взвешенного подхода к истории. Эта наука не терпит ни фальши, ни перелицовки. Мы должны постоянно

но помнить о том, что искусство отделять зерна от плевел есть единственная гарантия от повторения прошлых ошибок. Поэтому нельзя допустить, чтобы Год памяти и согласия превратился в состязание по оплевыванию прошлого. Он имеет совсем иное содержание и содержит совсем иные уроки. Назвал бы их черными уроками тоталитаризма.

**Урок первый.** У всех нас есть нравственный долг перед жившими ранее поколениями. Судьбы миллионов и миллионов жертв политических репрессий никем не выдуманы. Это жестокая реальность – она отошла в прошлое, но менее жесткой от этого не стала. Казахская земля стала местом дислокации многочисленных концентрационных лагерей – одного из наиболее страшных изобретений тоталитаризма.

Осознали ли мы до конца, что задолго до концлагерей фашистской Германии на территории Казахстана, в том числе области, в которой мы с вами сейчас находимся, были уже проведены не менее масштабные и кровавые "чистки человеческого материала". Да, именно с таким цинизмом выразился один из столпов тоталитаризма господин Бухарин, который в "когорте вождей" спыл человеком чрезвычайно мягким.

В этом зале находятся и глубоко верующие люди, и атеисты. Свобода совести в демократическом государстве – это действительно вопрос сугубо индивидуальный.

Но есть общечеловеческие постулаты, которые воплощены в одном из мудрых памятников человеческой мысли. Один из них звучит так: "Живые знают, что умрут, а мертвые ничего не знают, и уже нет им воздаяния, потому что память о них предана забвению". Задача Года памяти и согласия заключается в том, чтобы эти скорбные строки стали напоминанием нам о нашем долге. Скорбя о безвинно уничтоженных, мы поступаем в полном соответствии и с человеческими законами, и со Святым Писанием.

